

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол ТІЛЕШОВ

БАС РЕДАКТОР

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ

Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Қайыржан РАХИМЖАНОВ

ШЫҢҒЫС ЕГЕМБЕРДИЕВ

Серік ЕРҒАЛИ

Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

Бабақұмар ХИНАЯТ (Мажарстан)

Тілек ҚАЙЫРДЫНҰЛЫ (Моңғолия)

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (Ресей, Орынбор)

Кадыйша АБДЫБЕКОВА (Қырғызстан)

Роза БАҚБЕРГЕНОВА (Түркия)

Серікбай ҮСЕНОВ (Өзбекстан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Аида МҰХАМЕТҚАЛИ

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2007 жылғы 23 шілдеде
№ 8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

«ТАРИХТАҒЫ ҚАҢАРМАН ТҮЛҒА»

Тұрғымбай Ақтолқын. Ермұхан Бекмаханұлы туғанына 110 жыл	4
درمۇحان بېكماخان ۇلى تۇعانسا 110 جىل	8
Алдабергенова Майра. Шындыққа негізделген тарих.....	11
Aldabergenova Maira. Şyndyqqa negizdelgen tarih.....	16
Ғалымның қасіреті	20

БІЛІМ ШЫҢЫ – ҒЫЛЫМ СЫРЫ

Әбсадық Алмасбек. Ахмет Байтұрсынұлының Қостанай өңіріндегі ұстаздық қызметі	25
Äbsadyq Almasbek. Ahmet Baitürsynūlynıñ qostanaı öñirindegı ūstazdyq qyztı	29
الماسبېك احمد ۇلى اېسادىق احمەت بايتۇرسىن ۇلىنىڭ قوستاناي وىغرىنىدەگى ۇستازلىق قىزمەتى	33
Әміреев Нұрлан. Оқытуда әдеби тілді қалыптастыру	38
Ämirėev Nŭrlan. Oqytuda ädebı tıldı qalyptastyru.....	43
Отандық ғалымдардың ізденістері өндіріске пайда әкеліп отыр	48
Үшқұдықта Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған тағылымды шаралар өтті	51
Мұхаметқали Аида. Жоғары оқу орнындағы қазақ тілінің коммуникативтік әлеуеті: мүмкіндіктер мен кедергілер	53
Mŭhametqali Aida. Joğary oqu ornyndağy qazaq tılınıñ komunikativтік äleueti: mŭmkindikter men kedergiler.....	57
Жошыбаева Мархабат. Бастауыш сыныпта оқушы ойын толық әрі сауатты жеткізе алуына жағдай жасау.....	61

ТІЛ САЯСАТЫ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Қалиев Байынқол. 15 томдық сөздікте жоқ сөздер	65
Qaliev Baiynqol. 15 tomdyq sözdıkte joq sözder	68
Ақшолақова Райгүл. Қазақ тілі және «soft power»	71
عازيزا رۇستەمبېك، مەملەكەتتىك تىلدە سويلەۋدى ۇلتتىق برەندكە اينالدىرايىق	76
Мадалхан Данабек. Ұлттық когнитивтік моделді қалыптастырудағы тілдің рөлі және жасанды интеллектпен өңдеу мәселелері	82
Madalhan Danabek. Ŭlttyq kognitivтік modeldı qalyptastyrudağy tıldıñ rölı jäne jasandy intelektpen öñdeu мәseleleri	88
Исенбай Мәдина. Қазақ сөздеріндегі дыбыс тіркесімінің бұзылуын автоматты түрде анықтайтын Qazemle бағдарламасы	93
İsenbai Mäđina. Qazaq sözderindegı dybys tırkesımınıñ bŭzyluyn avtomatty türde anyqtaıtyn Qazemle bağdarlamasy	96
Мейрамбекқызы Динара. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект: артықшылықтар мен қауіптер	99
Meirambekqyzy Dinara. Qazırgı bılım beru jüiesindegı jasandy intelekt: artyqşylyqtar men qaııpter	102

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мұхтархан Оразбай. Өлеңдері	105
Mŭhtarhan Orazbai. Öleñderi.....	110
Құрманбек Қасымқанұлы.	115
Юсуф Пилтан. Өлеңдері	121
İusuf Piltan. Öleñderi.....	125

АЛҒЫСӨЗ

Қадірлі оқырман!

Сіздердің назарларыңызға «Туған тіл» альманағының екінші санын ұсынып отырмыз. Бұл санда да өзекті де тағылымды, ұлт мүддесін арқау еткен мазмұнды материалдар топтастырылды. Оқырман назарына «Тарихтағы қаһарман тұлға», «Білім шыңы – ғылым сыры», «Тіл саясаты – тұрақтылық тірегі» және «Шетел қазақтарының шығармашылығы» атты айдарлар ұсынылады.

Тарих – тек өткен күндердің тізбегі емес, ол – ұлттың рухы мен жігерінің шежіресі. Сол шежіреде елдің ертеңі үшін басын бәйгеге тіккен, халқының үмітін арқалап, намысын жалау еткен ардақты тұлғалар бар. Олар қаһарман тұлғалар тек қару асынып, жауға шапқан батырлар ғана емес, рухани майданда да күрескен, сөз құдіретімен халқының еңсесін тіктеген, ойы мен ойыны ұлт болмысына айналған арда азаматтар. Бұлар – тарихи кезеңнің өзегінен өсіп шыққан, уақыт пен кеңістік атаулыны еңсеріп, халық жадында аңызға айналған алыптар. Осы «Тарихтағы қаһарман тұлға» айдары аясында көрнекті ғалым, қазақ тарихының біртуар тұлғасы Ермұхан Бекмаханұлының туғанына 110 жыл толуына орай жарияланған мақалалар топтамасы берілді.

Білім – адамзат өркениетінің іргетасы, ал ғылым – сол білімнің тереңіне бойлатар ақылдың айдыны. Білім – әріп танудан басталып, әлемді түсінуге ұласады. Білім арқылы адам өзін, қоғамды, табиғатты, тіпті жаратылыстың тылсым сырын тануға бет бұрады. Ғылым – сұрақ қоюдан басталып, ізденіспен жалғасатын, үздіксіз жаңаруға ұмтылған ақиқаттың жалауы. Ал білім сол ғылымға жетелер асқар бел, нұрлы жол. Осы екеуінің үндестігі адамды тек сауатты етіп қоймайды, оны парасат биігіне, кемелдік кеңістігіне көтереді. «Білім шыңы – ғылым сыры» айдары бойынша бірнеше мақалалар ұсынылған.

Тіл – кең ауқымды тақырып. Ол – ұлттың жаны, халықтың рухани коды. Ол – тарихтың да, мәдениеттің де, мемлекеттіліктің де өзегін құрайтын ең басты құндылық. Сол себепті тіл саясаты – кез келген елдің ішкі тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін стратегиялық тетік. Тіл саясаты – тек нормативтік құжаттар мен қаулылар ғана емес, бұл – елдің идеологиялық тұғырнамасы. Бұл саясаттың сәтті жүзеге асуы тілдің қоғамдық өмірдегі беделін арттырып қана қоймай, ұлттың өзін-өзі тануына, ұрпақтың тіл арқылы ой-санасын жаңғыртуына жол ашады. Альманахтың «Тіл саясаты – тұрақтылық тірегі» айдарында осы мазмұндағы мақалалар жинақталған.

«Шетел қазақтарының шығармашылығы» бөлімінде алыста жүріп, туған тіл мен ұлт рухын жырға қосып жүрген қандас ақындардың туындылары берілген. Қазақ руханиятының тамыры бір, бұтағы әлемнің түкпір-түкпіріне жайылған. Түрлі тарихи себептермен атамекенінен жырақ кеткен қазақтар өзге елдің топырағында ғұмыр кешсе де, жүрегіндегі ұлттық болмысын, сөз өнерін, тіл мен дәстүрді қасиетті мұрадай сақтап, ұрпағына аманат етіп келеді.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналып, таратылатындықтан бірқатар мақалалар латын әліпбиімен және төте жазумен берілген. Ұлт сөзінің қуаты мен рухын ұлықтайтын «Туған тіл» альманағының бұл саны көңілдеріңізден шығады деген сенімдеміз.

ЕРМҰХАН БЕКМАХАНҰЛЫ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ



Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов 1915 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Төре ауылында дүниеге келген. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылым академиясының корреспондент мүшесі.

Үш жүздің басын қосқан Абылай ханның жетінші ұрпағы. Абылай – Уәли – Тәуке – Жанпейіс – Жанбөбек – Беген – Бекмахан – Ермұхан. Шыңғыстың отыз екінші ұрпағы. Әкесі Бекмаханның Бәпіш деген әйелінен Дінше, Ермұхан және Қамияш деген үш баласы болған. Бекмахан мал бағып жүріп, өкпесіне суық тигізіп алады да, Ермұхан алты жасқа толмай жатып қайтыс болады. Осылайша Ермұханның анасы Бәпіш үш баламен тұрмыстың ауыр тауқыметін тартуға мәжбүр болады.

1925-1931 жылдар аралығында Баянауылдағы мектепте оқиды.

Ермұхан Бекмаханұлы 1937 жылы Ресейдің Воронеж қаласындағы педагогикалық институтын бітірген. Воронеж педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып жүрген Ермұхан 1936 жылы сол қалада айдауда жүрген Алаш қозғалысының қайраткерлері Халел Досмұхамедовпен және Мұхаметжан Тынышбайұлымен кездескен. Алаш зиялылары жас тарихшымен ой-пікірлер алмасып, болашақта үлкен ғалым болуына ықпал етеді.

Оқу бітірген соң Е.Бекмаханов Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында жұмыс істеді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Республиканың халық ағарту комиссариатының басқарма мүшесі болды. Сонымен қатар Алматының жоғары оқу орындарында дәріс оқыды. 1947-1966 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде өзі негізін қалаған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды.

1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Академик А.М.Панкратова бастаған ірі 16 тарихшының барлығы да оң бағасын берген. 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген бұл еңбегіне буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеді, Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты ақтады деп айып тақты.



1951 жылы «Правда» газетіндегі Ермұхан Бекмахановты қаралаған мақала жарық көріп, тарихшы университеттен қуылды және партия қатарынан шығарылды. 1952 жылы тұтқындалып, үш айға жуық тергелді. 1952 жылы желтоқсан айында Е.Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ лагеріне айдалды.

– 1952 жылдың 30 тамызында Ермұханды Новотроцкіге шығарып салдым. Кеткісі келмей, бірдеңе сезгендей, мазасыз күй кешіп еді. Айтқандай-ақ, 5 қыркүйекте оны тұтқындап, Алматыға әкелінті. Сол күні біздің үйде де тінту жүргізілді. Кешкі сағат 10-да жұмыстан келсем, үйдің есігі ашық тұр. Бір бейтаныс қазақ тінтуге құжат көрсетті. Ермұханға бірдеңе болғанын сездім. Ас-су беруге рұқсатты табаннан тозып жүріп бір ай дегенде әрең алдым, - деп еске алған еді Ермұханның жары Халима Бекмаханова естелігінде.

1954 жылғы жеке басқа табынушылық әшкереленген соң, жазықсыз сотталған қаншама зиялы адамдар түрмеден шығып жатты. Сол кезде атақты тарихшы А.М.Панкратова Хрущевке хат жазып, талантты тарихшының тағдырына араша түсуді сұрайды. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Панкратованың өтініші аяқсыз қалмай, 1954 жылғы 16 ақпанда Е.Бекмаханов толық ақталып шығады.



Бостандыққа шыққан соң, тарихшы ғылыми еңбектер жазуды қайтадан қолға алды. Бұрын жазып қойған (Ахметжан есімді шәкірті жасырып ұстаған, аманатын жеткізген) монографиясын «Қазақстанның Ресейге қосылуын» жарыққа шығарды. Бұл ғылыми атақтарын қайтарып алу үшін жазылған, яғни екінші рет қорғалған докторлық диссертациясы еді. «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегі 1957 жылы Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде жарық көрді. Ол өмірінде небәрі 3-ақ монография жазды. Тағы да көптеген құнды дүниелер беруге, білім-білігі де, қарым-қайраты да жетіп тұрғанымен, сол кездегі жүйе, сол жүйенің жандайшаптары оған мүлде мұрша бермеді. Ал оның қызы, академик Найля Бекмаханова – 10 монографияның авторы.

Ермұхан Бекмахановтың отбасы

Ермұхан Бекмахановтың алғашқы әйелі Әмина Зәріпқызы Губеева болды. Ол кісіден Найля, Нурия, Нәдия есімді қыздары бар.

Кейінгі қосағы Халима Адамбекқызынан үш бала көрген. Олар: Ерік, Серік және Қарлығаш есімді қызы.

Барлығы да жоғары білімді, өз істерінің мамандары.



Ермұхан Бекмаханов қызы Найлямен

Сібірде айдауда өткізген жылдары Ермұханның денсаулығына өз әсерін тигізбей қоймады. Өкпесіне суық тигізіп алған Ермұханның денсаулығы жыл сайын нашарлай берді. Дәрігерлер де Ермұханның жағдайының мүшкіл екенін түсініп, өмірінің соңғы күндері ең жақын адамдарынан басқа ешкімді палатаға кіргізбеген.

Алайда дәрігерлер Ермұханның әйелі Халима Адамбекқызының өтінішімен мамыр айының алғашқы күндерінің бірінде Бауыржан Момышұлына палатаға кіруге рұқсат еткен. Жағдайын сұрап келген Бауыржан Момышұлына Ермұхан: *“Бауке, ер адам үшін 50 жас деген түк емес қой. Армандарым мен жоспарларымда орындай алмай кетіп барамын. Кешіріңіз мені,”* - депті. Кейінірек Бауыржан Момышұлы өз естелігінде: *“Ол менен өзінің тарих бойынша жазып үлгермеген ғылыми еңбектері үшін шынайы кешірім сұрады,”* - деп жазады.

Сөйтіп 1966 жылдың 6 мамырында 51 жасында ауыр сырқаттан көз жұмды. Ғалыммен қоштасу рәсімі бір күннен кейін болады. Кандидаттық және докторлық диссертациясының тақырыбын Кенесарыға арнаған Ермұханның жаназасына ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Кенесарының ұрпағы Нәтай Әзімханұлы Кенесарин арнайы Ташкенттен келіп, қаралы жиында сөз сөйлеп, өзінің досын ақтық сапарға шығарып салады.

Материалды дайындаған

Тұрғымбай Ақтолқын

Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері



ЕРМУХАН БЕКМАХАН ҰЛЫ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

ермұхан бекмахан ұлы бекмаханов 1915 жылы 15 ақпанда пәлӯдар ӯблисы, байанаўыл аўданы, тӯре аўлысында дўниеге келген. қазак тарихшы еалым, тарих еилмдарының докторы, профессор, қазак ык с р еилым акадemiesның кӯрреспондент мўшесы.

тӯре рўнан шыққан, аблай ханның жетинши ұрыаы. аблай - ʁали - таўке - жанпейс - жанбоек - беген - бекмахан - ермұхан. шығесының ӯтз екинши тўқмы. ахсы бекмаханның ʁапыш деген айелнен динше, ермұхан жане қамйаш деген ʁш баласы болған. бекмахан мал баеып ʁжӯрып кпейснен сўтык тегзип алады да, ермұхан аты жасқа толмай жатып қайтыс болды. ӯслайша ермұханның аны ʁапыш ʁш баламен тўрмыстың аўыр таўқметтен тартыа ʁажбӯр болды.

1925 - 1931 жылдар аралысында байанаўылдаы мектепте ӯқиды.

ермұхан бекмахан ұлы 1937 жылы ресейдың ʁжӯрнеж қаласындаы педagogикалық институттен битерген. ʁжӯрнеж педagogикалық институтының тарих факультетинде ӯқып жӯрген ермұхан 1936 жылы сол қалада аیداуда жӯрген алаш қозғалысының белды мўшелеры халел досмұхамедовпен жане мұхамеджан тиншбайлымен кездескен. жоары ʁылымды, ӯтык ӯйлы алаш зыялылары жас тарихшмен ӯи-пыкырлер аласып, болашақта ʁлкен еалым болына ықпал етеды. ӯқу битерген соң е.бекмаханов қазак ык с р халық ағарту комиссарыатының жанндаы еилми зерттеу институтында жумс истеды. екнши дўниежӯзлик соес жылдары респубليكаның халық ағарту комиссарыатының басқарма мўшесы болды. сонмен қатар алаты ж ӯ о-ларында ʁдарс ӯқиды. 1947-1966 жылдары қазак мемлекеттик ʁниӯерситетинде ʁзы негзін қалаған қазакстан тарихы кафедрасын басқарды.

1946 жылы маскеуде тарих мамандыы бойынша «XIX еасырдың 20-40 жылдарындаы қазакстан» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. акадemies м.м. панкратов астаған ʁры 16 тарихшының барлыы да ʁқ баасын берген. 1947 жылы аматы ӯрыс тилинде жарық кӯрген бұл ʁбегенне бӯржӯазышыл-ʁлтшил идеологийаны дарыптеды, кенесары қасым ұлы бастаған қозғалысты ақтады деп айып тақты.

1951 жылы «пәда» газетиндегы е.бекмұхановты қаралаған мақала жарық кӯрып, тарихшы ʁниӯерситеттен қўылды жане партия қатарынан шығарылды. 1952 жылы тўтындлып, ʁш аыа жўтык тергелды. 1952 жылы желтоқсан аында е.

Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандықтан айрылып, гүлағ лагерине айдалды.

1952 жылдың 30 тамызында Ермұқанды нооотропитскиге шеарып салдым. Кеткисі Келмеи, бирдеге сезгендеи, мазасыз куи Кешип еди. айтқандаи-ақ, 5 қыркүйекте уни тұтқындап, аманға акелипті. сол куни Ёбзидың үйде де Ётінтұ жургизилди. Кешки саат 10-да жұмыстан Келсем, Ёбзидың есиги ашқ тұр. Ёбир бейтаныс қазак тінтүге құжат Корсетті. Ермұқанға бирдеге болғаннн сездим. ас-сұ беруге рұқсатты табаннан тозып Ёжурп Ёбир ай дегенде ардақ адым, - деп еске алған еди Ермұқанның жары аалима Бекмаханова естелігенде.

1954 жылғы жеке басқа табынушылық ашкереленген суақ жарықсыз сотталған қаншама зиялы адамдар түрмедең шеарып жатты. сол Кезде атакты тарихшы а.м. панкратова харушеуге хат жарып, талантты тарихшынның таадырына араша тусуды сұрайды. с с р о жоуары суөөти прейзидумның мушеси панкратованың утіннши аяқсыз қалмай, 1954 жылғы 16 ақпанда. Бекмаханова толқ ақталып шеады.

Бостандыққа шыққан суақ, тарихшы еилими еубеКтер жаруды қайтадан қолға ады. Бұрын жарып қойған (ахметжан есимди шаКирти жарып ұсталан, аманатн жеКизген) монуграфиясын «қазакстаннның ресейге қосылун» жарыққа шеарды. Бұл еилими аққарын қайтарып алу үшін жарылған, яағни еКінши рет қорғалан доктормлық диссертатсиясы еди. «қазакстаннның ресейге қосылуды» атты еубеКги 1957 жылы маскеудегі «наука» баспасынан 30 баспа табак Кольменде жарық Корды. ол мырынде не-бары 3-ақ монуграфия жарды. тағы да Коптеген қунды дүниелер беруге, Ёблым-белігі де, қарым-қайраты да жеТіп тұрғанмен, сол Кездегі жуеи, сол жуеинның жандайшаптары еан мүлде мұрша бермеди. ал онның қызы, акадеемик наилиа Бекмаханова - 10 монуграфияның аутуры.

отбасы

Ермұхан Бекмаханов аашқы айлы амина зарып қызы гуубейеа болды. ол Ксисден наилиа, нурия, анадия есимди қыздары бар. Кейінгі қосағы аалима адамбек қызынан уш бала Корген, олар ерик, серик жане қарлғаш есимди қызы. барлығы да жоуары Ёблымди, уозстербнның мамандары.

сыйырда айдауда өткізген жылдары ермұханның дәнсаулығына өз әсерін тигізбей қоймады. өкпесіне сұйық тигізіп аған ермұханның дәнсаулығы жыл сайын нашарлай берді. дәрәгерлер де ермұханның жандылығын мүшкүл екенін түсініп, өмірінің соңғы күндері ең жақын адамдарынан басқа ешкімді палатаға кіргізбеген.

алайда дәрәгерлер ермұханның айылы халыма адамбек қызының өтіншімен мамыр айының ағашы күндерінің бірінде бауырынан момыш ұлына палатаға кешіге рұқсат еткен. жандысын сұрап келген бауырынан момыш ұлы ермұхан: "бауке, ер адам үшін 50 жас деген тәк емес қой. армандарым мен жоспарларымды өріндай амай кетіп барамын. кешіріңіз мені" депті. кешінерек бауырынан момыш ұлы өз естелігінде: "өл менен өзінің тарих бойынша жазып үлгермеген ғылыми еңбектері үшін шынайы кешірім сұрады" деп жазды.

өсітіп 1966 жылдың 6 мамырында 51 жасында ауыр сырқаттан қоз жұмды. ғалыммен қоштасу әрасымы бір күннен кейін болды. канديدаттық және доктөрлік дысәертатсыасының тақырыбын кенесары арнаған ермұханның жаназасына ғалым, геолог-минеролог ғылымдарының доктөры, кенесарының ұрыаы ғатай әзімхан ұлы кенесарын арнайы ташкенттен келіп, қаралы жында өсөз сөйлеп, өзінің досын ақтық сапарға шеарып салды.

матерялды дайындаған
тұрғымбай ақтолқын





Майра Алдабергенова
«Тұран» университетінің оқытушысы

ШЫНДЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТАРИХ

Қазақ елінің тарихы туралы қазір көсіліп айта аламыз, жаза аламыз. Себебі қолда деректер мол, тарихшылар көп. Ал, Кеңес Одағының қылышынан қаны тамып тұрған кезінде кәдімгі тарих туралы, шындық туралы жазудың өзі қылмыс еді. Тарих – еліміздің қалыптасып, өсу жолын, тағдырын, ұлт үшін жанын қиған батырларын, көсемдерін жіпке тізгендей көрсететін құрал десек, оны алғаш академиялық қалыпқа түсіріп жазған ғалым туралы да білуіміз парыз. Ермұхан Бекмаханов қазақ тарихын жазған алғаш тарих ғылымдарының докторы. Тарихты жазу – көркем шығарма жазумен тең деуге келмес. Себебі көркем шығармада көркемдік тәсілдерді жиі қолданып, керек жерінде әсерлендіру үшін қиял-ғажайыпты қолдану шеберліктің белгісі болып саналса, ал тарих ғылымы ондай көркемдік тәсілдерден бойын аулақ ұстайды. Яғни, тарих тек шындыққа негізделуі тиіс. Ал, тарихты жазып қағаз бетіне түсірген

адам онда неліктен қылмыскер болуы тиіс? Ал, Ермұхан Бекмаханов қазақтың намысын оятқан, жігерін жаныған ұлт азаттық күресті ұйымдастырушы қазақтың соңғы ханы Кенесары туралы шындықты айнытпай жазамын деп жаза басып, жазмыш басы 25 жылға бас бостандығынан айырылған жазықсыз ғалым. Бұл не деген әділетсіздік?

Әрине, ол заманда орыстандыру, ұлтсыздандыру, дінсіздендіру саясаты күшейіп тұрған шақта, қазақтың намысын қозғап, Кенесары хан туралы ашық жазып, Мәскеудің қақ төрінде диссертациясын сәтті қорғау басқа сыймайтын ақиқат. Бұл бір жағынан ғалымнан батырлықты талап етсе, екінші жағынан отансүйгіштікті қажет етті. Қазір тәуелсіздігімізді жариялаған соң да, Кенесары ханның тарихи рөлі туралы көсіліп, сөз ететіндер көп емес-ау. Бір жағынан отаршылдық психологияның әсері ме екен?! Ал, Ермұхан Бекмаханов большевиктердің

көсемі Сталиннің тұсында-ақ, тіпті ашаршылық, конфискация, репрессия сияқты азаптардың соңы әлі суымай, арада он жылдың ар жақ бер жағы өткен уақытта тайсалмай, көп ойланбай аталмыш тақырыпты шебер жазып шығуы ерлікке пара-пар емес пе?

Бірақ тағдырын теперішке ұштастырып, денсаулығын ақсатқан жағдайлар да осы таңдауынан соң орын алған келеңсіздік. Яғни, «қолдан екі ұлттың арасын арандатып от салды, ұлтаралық дүрдараздықты қоздырды, большевиктік саясатқа қарсы қимыл-әрекет жасады» дегендей жалалардың астында қалды. Репрессияның құрбаны болған алаш арыстарының көрген азабының ар жақ, бер жағын бұл да әбден тартты, тағдыры таразыға түсті. Бірақ әділеттіліктің бәрібір ең соңында жеңіске жеңетініне сенген ғалым рухын биік ұстады. Тіпті қанды қысымның тырнағынан босап шыққан күннен соң да, қайтадан еңсесін тіктеп көтеріп, тіршілігін жасауға өзін-өзі қайрады.

Енді оқиғаның қалай болғанын тарихи фактілерді негізге ала отырып, қатарлай тізсек. Сонымен қазақ тарихын жазуды тұңғыш қолға алып, жазып шыққан тарих ғылымдарының докторы Ермұхан

Бекмаханов 1915 жылғы 15 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Отбасында бір қыз, екі ұлдан жалғыз өзі аман қалады. Әкесі қарапайым шаруа адамы. Бірақ 1930 жылы ата-анасы ашаршылықтан көз жұмады. Осылайша Ермұхан жастайынан тұл жетім атанып, туысқандарының үйін жағалап жүріп ержетеді. Бала күнінен білімқұмар болады. Тіпті ауыл мұғалімі оның жазу көркемдігін өзге шәкірттерге үлгі етеді. Домбыра, мандалинада еркін ойнайды. Воронеж қаласындағы Мемлекеттік институттың тарих факультетіне оқуға түседі. Онда Алаш арыстары Халел Досмұхамед, Мұхаметжан Тынышпаевтармен танысып, олардың ақыл-кеңесін алады. Осылайша, бойындағы ұлтжандылық қасиеті шындала түседі. Сондай-ақ, сол оқу орнында тағдырында үлкен рөл ойнаған танымал академиктерден дәріс алады. Мәселен, академик А.Панкратоваға шәкірт болады. Кейін А.Панкратованың жетекшілігімен бірнеше тарихшылармен бірігіп, «Қазақ ССР тарихы» атты еңбегін жазады. Нақтырақ айтсақ, академиктің тапсырмасымен Кенесары ханның ұлт азаттық көтерілісі туралы тақырыпты жеке тарау етіп жазады.



Оқуын ойдағыдай бітірген соң Е.Бекмаханов Қазақ КСР халық ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында қызмет істейді. Сұрапыл екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Республиканың халық ағарту комиссариатының басқарма бастығы болады. Сонымен қатар Алматы қаласының ЖОО-ларында дәріс оқиды. 1947-1966 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ашқан Қазақстан тарихы кафедрасын басқарады.

Тарих ғылымы саласы бойынша «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» тақырыбында 1946 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Себебі, оның қорғауына Қазақстаннан арнайы Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллиндер жерлестерін қолдау үшін ат терлетіп алыстан барады. Ал, аты аталған тұлғалардың ол кездегі беделі КСР Ғылым академиясының ғалымдары арасында тым биік еді. Сәтті қорғаған ғалымды құттықтаған Қаныш Сәтбаев қорғау кезінде отырған ғалымдарды, тағы таңдаулы академик достарын мейрамханаға шақырып, барлық шығынды өзі көтереді. Міне, осы мысалдан-ақ бұл тарихи сәттің салмағын салмақтауға әбден болады. Өйткені қазақтар арасында тарих ғылымының тұңғыш докторы пайда болған жеңісті кез еді. Алайда бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Кеңес Одағының құрығы ақыры оны көре алмай, жас өскіннің жолын қиып түсірді.

1947 жылы жазылған ғалымның еңбегіне буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеді, Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты ақтады деген жалған айып тағылды. Оның соңы қудалаудың үстіне қудалауға жалғасты. Бүтін бір адам тағдырының тас-талқанын шығарды. 1951 жылы

«Правда» газетіндегі Е.Бекмұхановты қаралаған мақала жарық көрді. Мақаланың авторлары: Х.Айдарова, Т.Шойынбаев, А.Якунин. Олардың таққан кінәсі – автор марксизм-ленинизм идеясынан ауытқыған, «Халық жауы» Әлихан Бөкейхановты дәріптеген. Ал, «Правдаға» сыни мақала жарияланды деген сөз ол кезде сұмдық маскара тұғын. Сонымен айыптаудың соңы соттатуға дейін ұласты. Тарихшы университеттен қуылды, партия қатарынан шығарылды, ғылыми атағынан айырылды. Қазақстанның оңтүстік шығыс өңіріндегі Шу ауылына мектеп мұғалімі болып жөнелтілді. Алайда, ғалым ол жерде сабағын беріп тыныш жатпады. Әуелгі әдетінше ғылыммен шұғылданды. Яғни 800 беттік «Қазақстанның Ресейге қосылуы» деген тақырыпта монография жазып, оны сол ауылдағы сенімді адамы Ахметке табыстады. Сол кездің өзінде іші бір жамандықты сезсе керек, әркез сақ жүрді. Сезімі алдамапты, 1952 жылы сол ауылда Е.Бекмаханов тұтқындалып, шамамен үш ай бойы тергеуге алынды. Желтоқсан айында оған 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Осыдан кейін тарихшылардың қазақ тарихын жазуға батылы бара бермеді. Себебі, алғаш тарих ғылымы докторының тағдырын қайталаудан қорықты. Тіпті тарих ғылымынан басқа қазақ әдебиетін зерттеп жүрген Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов сынды ғалымдар да сол салқындыққа ұрынып, түрмеге тоғытылды. Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев Мәскеуге барып, таныс ғалымдарын сағалап, қуғын-сүргіннен аман қалды. Тіпті Е.Бекмахановқа қарсы шыққан Бек Сүлейменов деген ғалым да сотталды. Кейбір деректерге қарағанда екеуі айдауда жүргенде кездесіп қалады. Е.Бекмахановтан жасаған опасыздығы үшін кешірім сұраған деседі. Өмір болған

соң түрлі жағдайлар болады да...

Кенесары туралы шындық басшылықтың шымбайына қатты тиді. Қазақтар бас көтеріп, тәуелсіздікке қарай қанат сермейді деген ойдан зәресі қалмады. Себебі Кенесары кезінде шынында да отаршылдық езгіге ұшыраған халықтың рухы серпіліп, бостандыққа ұмтылған еді. Оның ерлігі әлі де қазақ даласын кезіп, кез келген сәтте халықты қалың ұйқыдан оятуға өресі жететін. Ал, мұндай ерлік, бас көтеру большевиктік жүйенің көсеміне тиімсіз. «Баяғы жартас – сол жартас» болып, қалың көрпеге көміліп жата бергені тиімді. Ал, Е.Бекмаханов сыздауықтың дәл үстін басты. Алайда уақыт уытын кім ұстап тұрған. Заман өзгерді. Яғни, 1954 жылы Сталин қайтыс болды. Орнына Хрущев келді. Сол шақты пайдаланған академик А.Панкратова он шақты академиктің қолын қойдырып алып, мемлекет басшысының қабылдауына кіреді. Сондағы апарған қағазының мәні Е.Бекмахановтың жазықсыздығы туралы. Ақыры ұстазының тілегі орындалып, Е.Бекмаханов толықтай ақталып шығады. Осы кезде Шуда мектеп мұғалімі болып жүрген кезінде жазған 800 беттік монографиясын қайта редакциялап, екінші рет докторлығын қайта қорғайды. Бірақ айдаудың аты айдау, ғалымның рухы өлмегенмен, тәні жараланады. Яғни, өкпесі қабынып, туберкулезге шалдығады. Осылайша ғалым 1966 жылы 6 мамырда жалған фәнимен қоштасады.

Алайда түрмеден босап, әрі толықтай ақталып шыққан соң өзі құрған тарих кафедрасында абыройлы қызмет атқарады. 1964 жылы Қазақ КСР ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып бекітіледі.

Енді екінші монографиясы, яғни «Қазақстанның Ресейге қосылуының» мазмұны туралы айтсақ, онда бұл одақтың жақсы қырлары туралы жазылған. Осыдан

кейін болар бұл еңбек ешқандай теперішке ұрынбады. 1957 жылы Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде жарық көрді. Яғни, ғалымның өзі сенгендей әділеттілік салтанат құрып, толық ақталады. Денсаулығында кінәраты болса да, бұл ғалым үшін өз принципінің дұрыстығын дәлелдей түсті. Бұл монографиядан кейін де бірнеше монография жазуға білімі жететін еді. Бірақ қудалаудың денсаулыққа тигізген әсері көсілуге шамасын келтірмеді.

Е.Бекмаханов туралы тағы бір дерек айтсақ, ол тұңғыш қазақ тарихы оқулығын орта мектептерге ыңғайластырып, төрт рет жазған автор. Оның жазған оқулығы бір миллион тиражбен жарық көрген. Қазір үлкен буын Е.Бекмахановтың жазған оқулығынан тарихты оқығанын ұмыта қоймаған шығар.

Е.Бекмахановтың шығу тегі туралы тағы бір ақпаратпен бөлісейік. Ол ақсүйек тегінен шыққан. Яғни, Шыңғыс ханның отызыншы ұрпағы, Абылай ханның жетінші ұрпағы көрінеді.

Е.Бекмахановтың қызы академик Наилия Бекмаханова тарих ғылымы бойынша 40 монография жазған танымал ғалым. Қазір Мәскеуде тұрады. Е.Бекмахановтың кіндігінен тараған алты баласы да жоғары білімді, өз ісінің шебер мамандары атанған.

Тәуелсіздігімізді жариялаған соң атақты ғалым Е.Бекмаханов туралы айтылып та, жазылып та жүр. 2015 жылы өнегелі өмірді өрнектеген «Аманат» фильмі жарыққа шықты. Фильм режиссері және сценарий авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сатыбалды Нарымбетов. Басты рөлді актер Берік Айтжанов бейнеледі.

Е.Бекмахановтың қуғыннан көз ашпаған «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деп аталатын еңбегі тәуелсіз Қазақстанның ашық аспанының астында

ақталып, құны қайтарылды. 2015 жылы ғалымның аты қайта дәріптеліп, жастарға үлгі-өнеге болсын деген ниетпен есімі жаңғыртылды. Яғни, телеарналардағы бағдарламалардан ғалым туралы мәліметтерге орын берді. Өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Е.Бекмаханов атындағы аудитория ашылды және тарих саласының көптеген мәселелері айтылатын «Бекмаханов оқулары» 1993 жылдан бері өткізіледі.

Бүгінде жастардың көзі ашық. Олар төл тарихын емін-еркін көсіле зерделей

алады. Анық сөйлейді, ашық айтады. Е.Бекмахановтың басынан өткен өткелдер қандарын қыздырып, тарихты қопаруға қызығушылықтарын оятады. Ғалымның жолын қуып, тарихтың сорпасын сапырып, ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген танымал тарихшылар да баршылық. Бұл күнде ЖОО-ларда тарих факультеттері тағылым беріп жатыр. Жыл сайын мыңдаған студенттер тарих маманы болып түлеп ұшуда. Бұл да тарих ғылымдарының алғашқы докторы Ермұхан Бекмахановтың еңбегінің арқасы.





Maira Aldabergenova
«Tūran» universitetiniñ oqytusysy

ŞYNDYQQA NEGIZDELGEN TARIH

Qazaq eliniñ tarihy turaly qazır kösılıp aita alamyz, jaza alamyz. Sebebi qolda derekter mol, tarihşylar köp. Al, Keñes Odağynyñ qylyşynan qany tamyp tūrğan kezinde kädimgi tarih turaly, şyndyq turaly jazudyñ özi – qylmys edi. Tarih – elimızdın qalyptasyp, ösu jolyn, tağdyryn, ūlt ūşın janyñ qığan batyrlaryn, kösemderin jıpkе tızgendei körsetetin qūral desek, ony alğаш akademialyq qalypqa tūsırıp jazğan ğalym turaly da bılıımız paryz. Ermūhan Bekmahanov qazaq tarihyn jazğan alğаш tarih ğylymdarynyñ doktory. Tarihty jazu – körkem şyğarma jazumen teñ deuge kelmes. Sebebi körkem şyğarmada körkemdik täsılderdi jıı qoldanyp, kerek jerinde äserlendiru ūşın qial-ğajaipty qoldanu şeberliktiñ belgısı bolyp sanalsa, al tarih ğylymy ondai körkemdik täsılderden boıyn aulaq ūstaidy. İağni, tarih tek şyndyqqa negızdelui tiis. Al, tarihty jazyp qağazğa betine tūsırgen adam onda nelikten qylmysker boluy tiis? Al, Ermūhan Bekmahanov qazaqtyñ namysyn oiatqan, jigerin janyğan ūlt azattyq kürestı ūiymdastyruşy qazaqtyñ

soñğy hany Kenesary turaly şyndyqty ainytpai jazamyn dep jaza basyp, jazmyş basy 25 jylğa bas bostandyğynan aiyrılğan jazyqsyz ğalym. Bül ne degen ädiletsizdik?

Ärine ol zamanda orystandyru, ūltsyzdandyru, dınsızdendiru saiasaty küseiip tūrğan шақта, qazaqtyñ namysyn qozğap, Kenesary han turaly ашыq jazyp, Mäskeudiñ haq törinde disertiasyn sätti qorğau basqa syimaityn aqiqat. Bül bır jağynan ğalymnan batyrlyqty talap etse, екінші jağynan otansüigiştıktı qajet etti. Qazır täuelsızdıgımızdı jarialağan soñ da, Kenesary hannıñ tarihi röli turaly kösılıp, söz etetinder köp emes-au. Bır jağynan otarşyldyq psihologianyñ äseri me eken?! Al, Ermūhan Bekmahanov bölşevikterdiñ kösemı Stalinniñ tūsında-aq, tıptı ашаршыlyq, конфисkasia, represia siaqty азaptardyñ soñy әli suymai, arada on jyldyñ ar jaq ber jağy ötken uaqytta taisalmai, köp oilanbai atalmyş taqyrypty şeber jazyp şyğuy erlikke para-par emes pe?

Bıraq tağdyryn teperiške ūştastyryp, densaulыğyn aqsatqan jağdailar da osy

tañdauynan soñ oryn alğan keleñsizdik. Iағni, «qoldan ekı ūlttyñ arasyn arandatyp ot saldy, ūltaralyq dūrdarazdyqty qozdyrdy, bōlşeviktik saiasatqa qarsy qimyl-äreket jasady» degendei jalalardyñ astynda qaldy. Represianyñ qūrbany bolğan alaş arystarynyñ körgen azabyynyñ ar jaq, ber jağyn bұл da

äbden tartty, tağdyry tarazyğa tüsti. Biraq ädilettiliktiñ bärıbır eñ soñynda jeñiske jeñetinine sengen ğalym ruhyn biik ūstady. Tıptı qandy qysymnyñ tyrnağynan bosap şyqqan künnen soñ da, qaitadan eñsesin tıktep köterip tırşılıgın jasauğa özın-özi qairady.



Endı oqiğanyñ qalai bolğanyñ tarihi faktılerdı negızge ala otyryp qatarlai tızsek. Sonymen, qazaq tarihyñ jazudy tūñğyş qolğa alyp, jazyp şyqqan tarih ğylymdarynyñ doktory Ermūhan Bekmahanov 1915 jylğy 15 aqpana Pavlodar oblysy Baianauyl audanynda tuğan. Otbasynda bır qyz, ekı ūldan jalğyz özi aman qalady. Äkesi qarapaiym şarua adamy. Biraq 1930 jyly ata-anasy ašarşylyqtan köz jūmady. Osylaişa Ermūhan jastaiynan tūl jetim atanyp, tuysqandarynyñ üiñ jağalap jūrip erjetedı. Bala küñinen bilimqūmar bolady. Tıptı auyl mūğalımy onyñ jazu körkemdigin özge şäkirtterge ūlgı etedi. Dombyra, mandalinada erkın oinaidy. Voronej qalasyndağy Memlekettik instituttyñ tarih fakültetine oquğa tüsedı. Onda Alaş arystary Haleb Dosmağambetov, Mūhametjan Tynyşpaevtarmen tanysyp, olardyñ aqyl-keñesin alady. Osylaişa, boiynдағы ūltjandylyq qasietı şyñdala tüsedı. Sondai-aq, sol oqu ornynda tağdyrynda ūlken

röl oinağan tanyml akademikterden dāris alady. Māselen akademik A.Pankratovağa şäkirt bolady. Keiın A.Pankratovanyñ jetekşiligimen birneşe tarihşylarmen bırıgıp «Qazaq SSR tarihy» atty eñbegin jazady. Naqtyraq aitsaq, akademiktıñ tapsyrmasymen Kenesary hannıñ ūlt azattyq köterilisi turaly taqyrypty jeke tarau etip jazady.

Oquyn oidаğyдай bıtırғыn soñ E.Bekmahanov Qazaq KSR halyq aғartu komisariatynyñ janyndağy ğylymi zertteu institutynda qyzmet isteidi. Sūrapyl ekinşı dūniejūzılık soğys jylдары Respublikanyñ halyq aғartu komisariatynyñ basqarma bastyğy bolady. Sonymen qatar Almaty qalasynyñ JOO-larynda dāris oqidy. 1947-1966 jylдар aralyğynda Qazaq memlekettik universitetinde özi aşqan Qazaqstan tarihy kafedrasyn basqarady.

1946 jyly Māskeude tarih ğylymy boiynşa «XIX ğasyrdyñ 20-40 jylдарындағы Qazaqstan» atty doktorlyq disertasiyasyn

sätti qorǵap syǵady. Sebebi onyń qorǵauyna Qazaqstannan arnaiy Qanyş Sätbaev, Bauyrjan Momysuly, Mälik Ğabdulinder jerlesterin qoldau usın at terletip alystan barady. Al, aty atalǵan tülǵalardyń ol kezdegı bedeli KSR Ğylym akademiasynyń ǵalymdary arasynda tym biik edi. Sätti qorǵaǵan ǵalymdy quttyqtaǵan Qanyş Sätbaev qorǵau kezinde otyrǵan ǵalymdardy, taǵy tańdauly akademik dostaryn meiramhanaǵa shaqyryp, barlyq syǵyndy ózi köteredi. Mine, osy mysaldan-aq bül tarihi sättiń salmaǵyn salmaqtauǵa äbden bolady. Öitkeni, qazaqtar arasynda tarih ǵylymynyń tūñǵys doktory paida bolǵan jeńisti kez edi. Alaida, bül quanyş ūzaqqa sozylmady. Keñes Odaǵynyń qūryǵy aqyry ony köre almai, jas öskinniń jolyn qıyp túsirdi.

1947 jyly jazylǵan ǵalymnyń eńbegine burjuaziasyl-ültsyl ideologiany dăriptedi, Kenesary Qasymuly bastaǵan qozǵalysty aqtady degen jalǵan aiyp taǵyldy. Onyń sońy qudalaudyń üstine qudalauǵa jalǵasty. Bütün bir adam taǵdyrynyń tas-talqanyn syǵardy. 1951 jyly «Pravda» gazetindegi E.Bekmūhanovty qaralaǵan maqala jaryq kördi. Maqalanyń avtorlary: H.Aidarova, T.Şoiynbaev, A.İakunin. Olardyń taqqan kınası avtor marksizm-leninizm ideiasynan auytqyǵan, «Halyq jauy» Älihan Bökeihanovty dăriptegen. Al, «Pravdaǵa» syni maqala jarialandy degen söz ol kezde sūmdyq masqara tūǵyn. Sonymen aiypatudyń sońy sottatuǵa deim ūlasty. Tarihşy universitetten quylly, partia qatarynan syǵaryldy, ǵylymi ataǵynan aiuryldy. Qazaqstannyń oñtüstik syǵys oñırindegi Şu auylyna mektep mūǵalımı bolyp jönetildi. Alaida, ǵalym ol jerde sabaǵyn berip tynys jatpady. Äuelgi ädetinşe ǵylymmen şūǵyldandy. İaǵni 800 bettik «Qazaqstannyń Reseige qosyluy» degen taqyrypta monografia jazyp, ony sol auyldaǵy senımdı adamy Ahmetke tabystady. Sol kezdiń özinde ısı bir jamandyqty sezse kerek, ärkez saq jürdi. Sezimi aldampaty, 1952 jyly

sol auylda E.Bekmahanovty tütqyndap, üş ai tönireginde tergedi. 1952 jylǵy jeltoqsanda E.Bekmahanov 25 jylǵa bas bostandyǵynan aiuryldy.

Osydan keiın tarihşylardyń qazaq tarihyn jazuǵa batyly bara bermedi. Sebebi, alǵaş tarih ǵylymy doktorynyń taǵdyryn qaitalaudan qoryqty. Tipti tarih ǵylymynan basqa qazaq ädebietin zerttep jürgen Qajym Jūmaliev, Esmaǵambet Ysmaiylov syndy ǵalymdar da sol salqyndyqqa ūrynyp türmege toǵytyldy. Mūhtar Äuezov pen Qanyş Sätbaev Mäskeuge baryp, tanys ǵalymdaryn saǵalap quǵyn-sürginnen aman qaldy. Tipti, E.Bekmahanovqa qarsy syqqan Bek Süleimenov degen ǵalym da sottaldy. Keibir derekterge qaraǵanda, ekeui aidauda jürgende kezdesip qalady. E.Bekmahanovtan jasaǵan opasyzdyǵy usın keşirim sūraǵan desedi. Ömir bolǵan soń tūrlı jaǵdailar bolady da...

Kenesary turaly şyndyq bassylyqtyń şambaiyna qatty tidı. Qazaqtar bas köterip, täuelsizdikke qarai qanat sermeidi degen oidan zäresı qalmady. Sebebi Kenesary kezinde şynynda da otarşyldyq ezgıge ūşyraǵan halyqtyń ruhy serpılıp, bostandyqqa ūmtylǵan edi. Onyń erligi äli de qazaq dalasyn kezip, kez-kelgen sätte halyqty qalyń ūiqydan oiatuǵa öresı jetetin. Al, mündai erlik, bas köteru bölşeviktik jüienıń kösemine tiimsız. «Baiaǵy jartas – sol jartas» bolyp qalyń körpege kömılıp jata bergeni tiımdı. Al, E.Bekmahanov syzdauyqtyń däl üstin basty. Alaida uaqyt uytyn kım ūstap tūrǵan. Zaman özgerdi. İaǵni, 1954 jyly Stalin qaitys boldy. Ornyna Hruşev keldi. Sol shaqty paidalanǵan akademik A.Pankratova on shaqty akademiktıń qolyn qoidyryp alyp memleket bassysynyń qabyldauyna kiredi. Sondaǵy aparǵan qaǵazynyń mānı E.Bekmahanovtyń jazyqsyzdyǵy turaly. Aqyry ūstazynyń tilegi oryndalyp E.Bekmahanov tolyqtai aqtalyp syǵady. Osy kezde Şuda mektep mūǵalımı bolyp jürgen kezinde jazǵan 800 bettik

monografiyasyn qaita redaksialap ekinshi ret doktorlygyn qaita qorǵaidy. Biraq aidaudyń aty aidau, ǵalymnyń ruhy ólmegenmen, tǵan jaralanady. Iaǵni, ókpesi qabynyp, tuberkulezge şaldyǵady. Osylaişa ǵalym 1966 jyly 6 mamyrda jalǵan fǵanimen qoştasady.

Alaida türmeden bosap, ǵarı tolyqtai aqtalyp şyqqan soń ózi qūrǵan tarih kafedrasyn da abyroily qyzmet atqarady. 1964 jyly Qazaq KSR ǵylym akademiasynyń korespondent mǵşesi bolyp bekıtileı.

Endı ekinshi monografiasy, iaǵni «Qazaqstannyń Reseige qosyluynyń» mazmuny turaly aitsaq, onda bıl odaqtyń jaqsy qyrlary turaly jazylǵan. Osydan keın bolar bıl eńbek eşqandai teperiske úrynady. 1957 jyly Mǵskeudeǵı «Nauka» baspasynan 30 baspa tabaq kóleminde jaryq kórdı. Iaǵni, ǵalymnyń ózi sengendei ádılettılık saltanat qūrıp, tolyq aqtalady. Densaulyǵynda kınǵraty bolsa da, bıl ǵalym úşın óz prinsipınıń dūrystyǵyn dáleldei tústı. Bıl monografiadan keın de birneşe monografia jazuǵa bıımı jetetin edı. Biraq qudalaudyń densaulyqqa tigızgen áseri kósiluge şamasyn keltirmedi.

E.Bekmahanov turaly taǵy bır derek aitsaq, ol tūńǵys qazaq tarihy oqulyǵyn orta mektepterge yńǵılastyryp tórt ret jazǵan avtor. Onyń jazǵan oqulyǵy bır million tirajben jaryq kórgen. Qazır úlken buyn E.Bekmahanovtyń jazǵan oqulyǵynan tarihty oqyǵanyn úmyta qoımaǵan şyǵar.

E.Bekmahanovtyń şyǵu tegi turaly taǵy bır aqparatpen bóhseıik. Ol aqsúiek teginen şyqqan. Iaǵni, Şyńǵys hannyń otyzynşy úrpaǵy, Abylai hannyń jetinshi úrpaǵy kórinedi.

E.Bekmahanovtyń qyzy akademik Nailǵ Bekmahanova tarih ǵylymy boıynşa 40

monografia jazǵan tanymal ǵalym. Qazır Mǵskeude túrady. E.Bekmahanovtyń kındıǵinen taraǵan alty balasy da joǵary bıımdı, óz ısynıń şeber mamandary atanǵan.

Tǵuelsızdıǵymızdı jarıalaǵan soń ataqty ǵalym E.Bekmahanov turaly aitylyp ta, jazylyp ta júre. 2015 jyly ónegeli ómirıdi órnektegen «Amanat» filmi jaryqqa şyqty. Film rejiseri jáne senari avtory – Qazaqstannyń eńbek sıńırgen qairatkeri, QR Memlekettik syilyǵynyń laureaty Satybaldy Narymbetov. Bastı röldı akter Berik Aıtjanov beineledi.

E.Bekmahanovtyń quǵynnan kóz aşpaǵan «HIH ǵasyrdyń 20-40 jyldaryndaǵy Qazaqstan» dep atalatyn eńbegi tǵuelsız Qazaqstannyń aşyq aspanynyń astynda aqtalyp, qūny qaitaryldy. 2015 jyly ǵalymnyń aty qaita dǵrıptelip, jastarǵa úlǵı-ónege bolsyn degen nietpen esımı jańǵyrtıldy. Iaǵni, telearnalardaǵy baǵdarlamalardan ǵalym turaly mǵlımetterge oryn berdi. Ózi túrǵan úıge eskertkış taqta ornatyldy. Äl-Farabi atyndaǵy QazUU-da E.Bekmahanov atyndaǵy auditoria aşyldy jáne tarih salasynyń kóptegen mǵseleleri aitylatyn «Bekmahanov oqulary» 1993 jyldan beri ótkıziledı.

Búıinde jastardyń kózi aşyq. Olar töl tarihyń emın-erkin kósilze zerdelei alady. Anyq sóileidi, aşyq aitady. E.Bekmahanovtyń basynan ótken ótkelder qandaryn qyzdyryp, tarihty qoparuǵa qyzyǵuşılyqtaryn oıatady. ǵalymnyń jolyn quyp tarihtyń sorpasyn sapıryp, ystyǵyna küıip, suyǵyna tońyp júrgen tanymal tarihşylar da barşylyq. Bıl künde JOO-larda tarih fakúltetteri taǵylym berip jatyr. Jyl saıyn myńdaǵan studentter tarih mamany bolyp túlep úşuda. Bıl da tarih ǵylymdarynyń alǵaşqy doktory Ermahan Bekmahanovtyń eńbeginiń arqasy.

ҒАЛЫМНЫҢ ҚАСІРЕТІ

Сонау 1947 жылы Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы тұңғыш тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты іргелі еңбегі жарық көрді. Онда Кенесары ханның басшылығымен болған азаттық қозғалысының тарихы егжей-тегжейлі баяндалған. Автор халық көсемінің жеке бас тұлғасына да объективті баға берді. Бұл ретте Кенесарының ұлы Ахмет Кенесариннің «Кенесары және Садық» атты еңбегі де құнды дереккөз саналады. Ең бастысы, осы еңбекке дейін де, одан кейін де Қазақстанның тарих ғылымында Кенесары ханның сүйегінің тағдырына және осы қозғалыстың мән-мағынасына қатысты жаңа деректерге негізделген бірде-бір ғылыми зерттеу шыққан емес. Міне, сондықтан біз «Кенесарыны өлтірушілер оның басын Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа берді ме және ол Эрмитажда сақталды ма?» деген сұрақтың шын жауабын Е.Бекмаханов пен Ахмет Кенесариннің еңбектеріндегі осы қайғылы уақиға туралы мәліметтерге мұқият талдау жасағанда ғана біле аламыз. Мен жазбамды екі бөлікке бөліп қарастыруды жөн көрдім: ең әуелі – ұлы тарихшының бастан кешкен азабы, екінші бөлікте – Кенесары ханның өлімінің егжей-тегжейін зерттеуге тырыстым.

Ермұхан Бекмаханов ғылымға екпіндеп кірді: ресейлік жоғары оқу орнын, Мәскеудегі партия мектебін бітірген ол жауапты партиялық және академиялық қызметтерде отырды. Соғыс жылдары Алматыға көрнекті ғалым-тарихшылардың эвакуациялануы, оларды Бекмахановтың «қадағалауы», аралас-құралас болуы шынайы достыққа және «Қазақ КСР-

нің тарихын» (1943 ж.) жазуда өзара ынтымақтастыққа ұласты. Ол 27 жасында кандидаттық, ал 30 жасында (1946 ж.) докторлық диссертациясын қорғады, бір жылдан соң монографиясын жариялады. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң «Қырғи қабақ соғыс» басталды, ол идеологиялық соғыстың күрт шиеленісуімен есте қалды. ВКП(б) ОК-нің «Татария, Башкирия, Белоруссия және Украина партия ұйымдарының саяси және идеологиялық жұмысы туралы», сондай-ақ «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы (1946 ж.) қаулылары елдегі ұлтшылдық пен космополитизмге қарсы кең көлемді науқанның басталуына әкеп соқты. Бұл, әрине, Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулыларында (1947 ж., қаңтар) ҚазКСР ҒА Әдебиет және тіл институтының жұмысындағы «өрескел саяси қателіктер» айыпталды. Әдебиетшілер Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев және басқалар қатаң сынға ұшырады. Жас тарихшы Е.Бекмаханов аталмыш қаулының әсерімен белгілі ғалым, археолог, этнограф, фольклортанушы, тарихшы Ә.Марғұланды сойып салды, бірақ ол өзінің де көп ұзамай сын мен қуғын нысанына айналатынын білмеді. 1943 жылы жарық көрген «Қазақ КСР тарихы» кітабындағы Кенесары қозғалысы туралы тарау Бекмахановқа тиесілі еді, оны ғылыми қауымдастық пен жалпы жұртшылық қазақ халқының тарихы мен оның мемлекеттілігі туралы алғашқы және сәтті зерттеу деп жылы қабылдады. Алайда ол да сын мен міннен тыс қалмады. 1947 жылдың наурызында, Қазақстан КП ОК пленумы өз қаулысында бұл кітапты «Ресейге қарсы ұлттық көтерілістер асыра

дәріптеледі, орысқа қарсы» деп бағалады. ҚазКСР ҒА Тарих институтындағы кітап талқысы оны айыптауға арналды. 1947 жылдың екінші жартысынан бастап сын садағына Е.Бекмахановтың монографиясы ілікті. 1948 жылы ақпан айында КСРО ҒА Тарих институтында өткен пікірталас еліміздің көрнекті ғалымдары Бекмахановтың еңбегін бұрынғыша жоғары бағалайтынын көрсетті. Бірақ қаскөйлер (Айдарова, Шойынбаев және т.б.) тыншымады. Олар ҚазКСР ҒА Тарих институтында тағы бір пікірталастың өтуіне себепші болды (1948 ж., шілде). Пікірталас бес күнге созылды және тым шиеленісті ахуалда өтті: «шешендер» қарапайым этикалық және ғылыми нормалармен санаспай, кітап пен оның авторына қатты шүйлікті. Шойынбаев, Айдарова, Аманжолов, Ақынжанов, Шахматов, Сүлейменов, Толыбеков, Жизневский, Нұрқанов, Тұрсынбаев, Покровский кітап пен оның авторын айыптады. И.Будовниц, Х.Әділгереев, А.Нүсіпбеков, Б.Аспандияров, Е.Дильмухамедов, А.Жиренчин, Т.Күлтөлеев турасын айтты. Қатысушылардың көбі Т.Елеуовтың сөзіне таңғалды: Тарих институтының ғылыми хатшысы, парторг болып істейтін одан авторды әшкерелеуші сөз, партия ұстанымын қолдауды күткені анық. Алайда ол өзінің адал адам екенін көрсетті.

Пікірталас барысында қайшылық туғызған негізгі сұрақтар мынадай еді:

1. Патшалық Ресейдің және Ортаазиялық хандықтардың қазақ жеріне бір уақытта баса-көктеп кіруі қазақ халқының барлық тобының қарсылығын туғыза алды ма?

2. Халықтың осы он жылдық қарулы көтерілісін автор айтқандай ұлт-азаттық деп атауға бола ма?

3. Осы қозғалысты басқарған

Кенесарының орталықтандырылған мемлекет құруы мүмкін бе?

4. Кенесары құрған монархиялық мемлекетті реакциялық деп атауға негіз бар ма? Бірінші сұрақ бойынша Толыбеков пен Аманжоловты және екінші сұрақ бойынша оларға қосылған Шойынбаевты қоспағанда, барлық сөйлеушілер кітап авторының пікірімен түбегейлі келісті. Үшінші және төртінші сұрақтар бойынша Елеуов автордың пікірін қолдап қана қоймай, оның пайдасына дәлелді дәйектер келтірді.

Сыншыларға қатысты Елеуов: «Бекмаханов жолдастың құнды ғылыми еңбегін қаралауға тырысатын жолдастар оны ғана емес, ең алдымен Қазақстанның тарихын, оның ішінде Кенесары сұлтан бастаған 1837-1847 жылдардағы ең ірі ұлт-азаттық қозғалысының тарихын қаралауға тырысып отыр» деп қорытты. Қазақстан тарихының ең күрделі кезеңдерінің бірі туралы тақырыпқа арналған мұндай ауқымды еңбек мүлде кемшіліксіз болуы мүмкін еместігін айта келе, ол кейбір фольклорлық деректерге сыни көзқарастың кемшіндігін, Кенесарының қырғыз халқына қатысты саясаты мен іс-әрекетін жазуда біржақтылық бар екенін атап көрсетті. Кенесары Қоқан езгісіне қарсы бірлесіп күрес жүргізуді қырғыз халқына емес, өз билігін сақтау үшін Қоқан ханына арқа сүйеген және оған қызмет еткен манаптарға ұсынғанын, манаптар Кенесарыны қолдамағанын, Кенесарының шын мәнінде қырғыз халқының қолынан емес, манаптардың, Қоқан хандығы мен орыс билігінің бірлескен қолынан мерт болғанын жазады (Бекмаханов Е.. Собр. соч. в 7 т. Том 6. Стенограмма. Павлодар, 2005. Сс. 281-294).

Пікірталас соңында Е.Бекмаханов өзі сөйлеп: «Іске қатысы жоқ жеке бас мүдделерін былай қоя тұрып, ең алдымен,

менің еңбегіме шынайы сын айтқан, кейбір кемшіліктерді көрсетіп берген жолдастарға алғыс айтқым келеді. Мен Құлтөлеев, Нүсіпбеков, Әділгереев, Медведев, Елеуов және басқа жолдастардың ескертпелерін ризашылықпен қабылдаймын. Төрт бірдей пікірталастан кейін Кенесары көтерілісі қазақ халқының жаппай ұлт-азаттық көтерілісі екеніне еш күмән қалмады. Жолдастық сын мен ескертулер Қазақстан тарихының екінші басылымында ескерілетін болады» деді. Кенесарының Қырғызстандағы күресі туралы айта келе, автор өзінің Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз халқының арасындағы қатынастарды жете білмегенін мойындайды, Т.Елеуовке Кенесарының түпнұсқа хаты үшін алғыс айтады және оның ой-пікірлері назар аударуға тұратынын білдіреді. «Бұл хатта бағыныштылық туралы талаптар жоқ және басып алуға шақырмайды» (Сонда. 307-б.). Осылайша, «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» кітабы туралы пікірталас кінәлаумен емес, Кенесары көтерілісін жаппай ұлт-азаттық қозғалыс ретінде мойындаумен аяқталды. Оппоненттер көтеріліске реакциялық қозғалыс деп берген бағаларын өткізе алмады. Шынында да, партия басшылығы бар күшін салғанына қарамастан, олар діттегеніне неге жете алмады деген сұрақ туады. Бұның жауабы елдегі Сталин орнатқан саяси режимнің қатыгез, бейдемократиялық бола тұра, өзін социализммен шендестіріп, ұлыдержавалық шовинизмді айыптаушы етіп көрсететініне келіп тіреледі. Бұл жөнінде «ВКП(б) тарихының қысқаша курсына» – партияның басты идеологиялық құралында былай делінеді: «Патшалық Ресей халықтардың түрмесі болды. Онда орыс емес ұлттар еш құқықсыз болды, қорлық пен жәбір-запа көрді.

Патша үкіметі орыс тұрғындарға ұлттық

облыстардағы жергілікті халықтарға төменгі нәсіл ретінде қарауды үйретті, оларды ресми түрде «бұратаналар» деп атады, оларға өшпенділікпен қарады. Патшалық үкімет ұлттық мәдениеттің кез келген көрінісін тұншықтыруға ұмтылды, күштеп «орыстандыру» саясатын жүргізді. Царизм орыс емес ұлттардың азаптаушысы, жендеті болды» (Сонда, 4-б.). Пікірталас марксизм-ленинизмді жақтаушылар мен оның қарсыластарының арасында жүрмегенін ұмытпауымыз керек, барлығы да сол Маркс-Ленин теориясына, партия құжаттарына сүйенген өзара даудамай. Бекмахановтың оппоненттері интеллектуалдық, теориялық және ғылыми жағынан оның шаңына ілесе алмады, оның еңбегін елдің көрнекті тарихшылары бірауыздан мойындады. Демек, олар маркстік ұстаным тұрғысынан жазылған еңбекке қарсы өзге аргументтер келтіре алмады. Ал партиялық басшылыққа келетін болсақ, ол Кеңес халықтарының фашистерге қарсы Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісінен кейін 1937 жылғы сияқты ғалымды жайдан-жай «халық жауы», ал кітапты – «Кеңес өкіметіне қарсы» деп айыптауға бата алмады. Сонымен пікірталас біткен сияқты еді. Олай емес екен. Келесі жылы екі томдық «Қазақ КСР-і тарихы» кітабының екінші басылымы жарыққа шықты: I-том төңкеріске дейінгі, II-ТОМ Кеңестік кезеңге арналды.

«Сыншылар» бұл басылымнан да (1-том) «буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылық» тауып алды. 1950 жылдардың басында «Большевик» журналында Әзербайжан КП ОК бірінші хатшысы М.Багировтың мақаласы шықты, онда партия прогрессивтік деп таныған Солтүстік Кавказ халықтарының Шамиль бастаған қозғалысы реакциялық деп жарияланды. Бұл саяси бағаға

Бекмахановтың кітабын қаралаушылар бір серпіліп қалды. 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газеті Айдарова, Шойынбаев пен Якунин қол қойған «Қазақстан тарихын маркстік-лениндік тұрғыдан баяндау» атты мақала жариялады. Мақала авторлары күллі бұрмалаушылықтар мен қателіктердің бастауы Е.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы деп, Кенесары қозғалысының бағасы туралы мәселеге айқындық беруге, оны тарих ғылымының маркстік-лениндік «рухымен» шешуге шақырды.

Партияның орталық органының тапсырыс мақаласында қандай «рух» туралы сөз болып отырғанын аңдау қиын емес. Қазақстан КП ОК басшылығы Бекмахановтың «Правдадағы» сынды мойындап, тәубеге келуіне ықпал етуге тырысты. Алайда ғалым өз шындығынан бас тартпады, өзіне тән аңғырттық пен әділеттілікке сенді. Бірақ оның саяси жазасын берген жиын қоғамдық-саяси талқылаумен бұркемеленді. Сөйтіп, тарих институтының жабық партия жиналысында Бекмахановтың кітабын талқылау екі күнге созылды (1951 ж. наурыз). Талқылаудың қалай жүргенін зілді сөздерге қарап-ақ білуге болады: ұлтшыл, ғалым емес, фальсификатор, т.с.с. Бұл кезде Шойынбаев жай оғындай жарқырап, мансап биігіне зу етіп шыға келген еді: «Правдада» мақаласы жарияланғаннан кейін оны институттың сектор меңгерушісі, кейін директордың ғылым жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Жиналыс автордың партиялығы туралы мәселе көтеріп, оны ғылыми дәрежелері мен атағынан айыру, кітапты қолданыстан шығару туралы шешім қабылдады (Бекмаханов Е. Шығармалар. Том 6. Стенограмма. Павлодар, 2005). Бұл «ұсыныстар» дереу

іске асырылғанын айтудың да қажеті жоқ. Бекмаханов жұмыссыз қалды. Алматыдағы 11 ЖОО-ның, 20 техникумның, орта мектептің біреуі де оны жұмысқа алмады. Бес адамнан тұратын отбасы қуғынға ұшыраған ғалымның жас жұбайы Халима Адамбекқызының болмашы жалақысына қарап қалды. Жағдай моральдық қудалаумен одан сайын ушықты: дұшпандары табалады, достары теріс айналды, ғалымды қаралау үшін студенттердің, жұмысшылардың талай жиналысы өткізілді, аспиранттары ғылыми жетекшісінен бас тартты.

Тек қана бір қазақ Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әмір Қанапин тәуекелге барып, Бекмахановты шалғайдағы Нарынқол ауданының мектебіне жұмысқа орналастырды. 1952 жылы 5 қыркүйекте Бекмаханов тұтқындалды және желтоқсанның басында екі күнге созылған сот болды. Ғалымның тағдыры алдын ала шешіліп қойғанды. Мемлекеттік айыптаушы тергеу кезінде Бекмахановтың саяси қателіктерін мойындағанын мәлімдеді. Куәгер болған Нұрқанов, Шойынбаев, Шахматов, Елеуов (!?) Бекмахановқа жала жапты. Тергеу кезінде Айдарова, Сүлейменов, Толыбеков, бұған дейін 25 жыл түрмеге кесілген әдебиетші Е.Ысмайылов Бекмахановқа қарсы куәлік берді. Өзінің соңғы сөзінде Е.Бекмаханов соғыс жылдары Қазақстан КП ОК-нің қазақстандық жауынгерлерге үндеуінде Кенесары мен Наурызбай халық батырлары деп жарияланғанын, ал соғыстан кейін патриоттық қарқын желге ұшқанын айтты. Сөйтіп, Кенесары Қасымов аяқ астынан нағыз жауға айналды. «Міне, сондықтан мен бүгін саяси қылмыскер ретінде сотталушылар орындығында отырмын» деді ол. «Әлбетте, ғылыми тұрғыдан Кенесары Қасымов қозғалысына баға беруде мен асыра сілтедім, оны

мойындаймын...». Бәрі бекер еді. Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясы 1952 жылы 4 желтоқсанда «Ермұхан Бекмахановты буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны насихаттағаны, орыс халқына қарсы күрескен бай-феодалдар мен реакцияшыл хан-сұлтандарды дәріптегені үшін 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне қамауға үкім шығарды. Үкім үзілді-кесілді, кассациялық тәртіппен шағымдануға жатпайды» (Медеу Сәрсек. Бекмаханов. Москва-Астана. 2010. 343-355 бб.). Әділеттік үшін айтарымыз, «Правдадағы» мақаладан кейін Бекмаханов өзінің монографиясы жайындағы ғылыми пікірталас саяси реңк алғанын және іс насырға шапқанын сезгені анық. М.Сәрсекенің сөзінше, 1953 жылы Петропавловск түрмесінен Н.С.Хрущевке жазған өтінішінде ол былай дейді: «Мен 1951 жылы ақпанда ВКП(б) ОК-не және Қазақстан КП ОК-не хат жолдап, «Правда» мақаласын басынан аяғына дейін дұрыс деп санайтынымды және Кенесары Қасымов көтерілісін бағалауда антимарксистік қателік жібергенімді мойындаймын...» (Сонда, 304-б.). Сталин өлген соң, Н.С.Хрущевке тікелей шыққан академик А.М.Панкратованың үздіксіз күш-жігерінің арқасында ол қамаудан босатылды.

Е.Б.Бекмахановқа қарсы тергеу ісі қысқартылды (КСРО ІІМ-нің 1954 ж. 16 ақпандағы қаулысы). Ол толығымен ақталса да, партиялығы қалпына келтірілмеді, ғылыми атақтары мен дәрежелерін қайтармады. Дұшпандары лас істерін тоқтатпады, ол жұмысқа орналаса алмады. Алайда Қазақстан КП ОК І-хатшысы, әйгілі Белоруссиядағы

партизан қозғалысының жетекшісі П.К.Пономаренконың жеке нұсқауымен оны ҚазҰУ-дың аға оқытушысы етіп қабылдады. 1958 жылдың басында КСРО ҒА Тарих институтында екінші рет жаңа тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Оған профессор атағын қайтарады, партияға қайта қабылданады, өз кафедрасын қайта басқарады. 1962 жылы ҚазКСР ҒА мүше-корреспонденті болып сайланды, бірқатар кітаптар, оқулықтар шығарды, аспиранттарға жетекші болды. 1966 жылы Ермұхан Бекмаханұлы қатты сырқаттанады – қуғын-сүргін, лагерьдегі өмір мен жанкешті жұмыс текке кеткен жоқ. 1966 жылы 6 мамырда қазақ халқының көрнекті ұлдарының бірі Ермұхан Бекмахановтың жүрегі соғуын тоқтатты. Ол бар болғаны 50 жаста еді... Е.Б.Бекмаханов «ісі» бойынша шығарылған үкімнің қатыгездігі, ең алдымен, елдегі сталиндік диктаторлық режим орнатқан саяси ахуалға байланысты. Расында, 1940-50 жылдары КСРО-да ұлыдержавалық шовинизмді жаңғыртқысы келетін саяси ұстаным үстемдік алды. Кеңес билігінің бұл саясаты біздің еліміз үшін қайғылы 1930 жылдардан, сталинизмнің толық жеңісінен басталды.

Мен Ермұхан Бекмаханұлын көргенім үшін өзімді бақытты санаймын, оның дәрістерін тыңдадым, факультеттегі іс-шараларда бірге болдым. Оның тікелей шәкірті болдым дей алмаймын, себебі мамандану басталатын II-курста мен жалпы тарих кафедрасын таңдадым және менің ұстаздарым ерлі-зайыпты доценттер Я.Д.Серовайский мен Л.С.Фришман – МГУ түлектері, сонда кандидаттық диссертацияларын қорғаған тарихшылар.

Дереккөз: anatili.kazgazeta.kz



*Алмасбек Ахметұлы Әбсадық
филология ғылымдарының докторы,
профессор, фольклоршы, әдебиеттанушы*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ахмет Байтұрсынұлының Торғай облысы Қостанай уезінің ауылдық мектептеріндегі және уезд орталығы Қостанай қаласындағы мұғалімдік қызметі – оның ағартушылық ғұмырнамасында өте аз зерттелген кезеңдердің бірі. Ағартушының аталған өлкеге нақты қай жылдары қызмет жасауға келгендігі және қай жылы «Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып» (М. Әуезов), Омбы қаласына қоныс аударғаны ғылыми ортаға және жұртшылыққа соңғы жылдарға дейін беймәлім болып келді.

Шамамен, 1897-98 жылдары облыстық білім саласының әкімшілігі Ақтөбе уезі Бестамақ болысының Арынғазиев ауылдық мектебінің мұғалімі А.Байтұрсынұлын Қостанай уезі Аманқарағай болысының Әуликөл ауылының маңына орналасқан переселендерінің «Семиозерное» поселениесі жанынан ашылған болыстық мектепке ауыстырады.

XX ғасырдың соңына қарай патша үкіметі ауылдарында орысша білім беретін мектептер ашуды қазақ қолға ала бастады. Алайда орысша білім беретін ауыл мектептерін ашу әкімшілікке оңайға соқпайды. Жергілікті тұрғындар мектептердің ашылуына қарсылық білдіреді. Қарсы қарекеттердің негізгі мазмұны «орыс мектептерін ашу арқылы үкімет қазақ балаларын шоқындырады, солдатқа алады» деген үрейге құрылған еді. Үлкен қиындықпен ашылған ауылдық мектептерге жетекшілік жасайтын болыстық мектепке облыстың оқу-ағарту саласының басшылары тәжірибелі әрі өңірге белгілі мұғалімді іздеуге мәжбүр болады. Әкімшіліктің таңдауы Арынғазиев ауылдық мектебінің мұғалімі, Әуликөл өңіріне таныс А.Байтұрсынұлына түскен сынды.

Әуликөлден соң ағартушы Қостанай уезінің Меңдіқара болысындағы Орынбаев (Урунбаев) мектебінде мұғалімдік қызмет

атқарады. Бұл ақпаратты біздер 1901 жылы шыққан «Адрес календарь Тургайской области» атты анықтамалығындағы ақпараттан көре аламыз. 1901 жылға арналған, демек өткен 1900 жылдың статистикалық мәліметтерінен құралған тарихи құжатта ағартушының Қостанай уезі Меңдіқара болысының №4 аулында орналасқан Орынбаев (Урунбаев) мектебінде мұғалім болып қызмет атқарғаны тіркелген.

Меңдіқара болысындағы «Орынбаев мектебі» қай жылы ашылды, ол не себептен «Орынбаев мектебі» деп аталғаны туралы деректер жоқтың қасы. Тарихи деректерге сүйене отырып, аталған мектеп 1896 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі жылдары пайда болған деп пайымдауға болады. Ал Педагогикалық сынып – 1897 жылдан бастап Қостанай қаласында ауыл мектептеріне мұғалім дайындаған оқу орны.

Меңдіқарада орыс-қазақ мектептерінің әкімшілік болыстық жүйесі болмағандықтан, Орынбаев ауылдық мектебі уезд орталығындағы Қостанай

педагогикалық сыныбына тікелей бағынды. Педагогикалық сынып Троицкіден уездің жаңа орталығы Қостанай қаласына инспектор Ы.Алтынсариннің басшылығымен 1884 жылы көшірілген уездік екі сыныптық орыс-қазақ мектебінің жанынан ашылады. Қазіргі таңда ол мектеп Ы.Алтынсарин атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты.

Орынбаев мектебінде, Ахмет Байтұрсынұлына дейін, Орск мұғалімдер мектебінің ең алғаш бітіруші түлектердің қатарында болған Қазыкерей Абдулфайызұлы Шотаев (Чутаев) ұстаздық етеді. Тағдырдың жазуымен, 1900 жылы ол 38 жасында мезгілсіз қайтыс болады. Бұл мәліметке автор 2022 жылы Орынбаев мектебі қазіргі Меңдіқара ауданының қай жерінде орналасқанын, ел арасында ол мектеп туралы қандай мәліметтер бар екенін зерттеу мақсатында жүргізілген «Ұстаз жолы: Орынбаев мектебі, Қостанай педагогикалық сыныбы» атты ғылыми экспедициясының жұмысы барысында қол жеткізді (1-сурет).



Сурет 1. Экспедиция баннері

Экспедиция қазіргі Қаратал ауылынан 7 шақырымдық қашықтықта орналасқан

«Ұялысай» деген жердегі аға сұлтан Шотай Бақтыгерейұлының ұрпақтары

жерленген әулеттік қорымды зерттеп, Қазыкерей Шотаевтың бейітіне қойылған құлпытастағы жазудың мәтінін оқыды. Араб әрпімен жазылған эпитафиялық жазуда мынадай ақпарат таңбаланған: «1900 жыл апрелдің 11 күнінде сейсенбі күні сұлтан Қазыкерей Абулфайызоғлы ибн Шотай правитель 38 жасында опат болды».

Олай болса, тарихи құжат пен эпитафиядағы мәліметтерді ескере отырып, облыстық білім саласының басшылары А.Байтұрсынұлын 1900 жылы 38 жасында мезгілсіз қайтыс болған Қ.Шотаевтың орнына Орынбаев ауылдық мектебіне мұғалімдік қызметке жіберілген деп сенімді түрде айтуға болады.

Меңдіқара болысының Орынбаев ауылдық мектебі Қостанай педагогикалық сыныбына бағынатындықтан, А.Байтұрсынұлы сол сыныпта да сабақ берді. Сынып жұмысының басты бағыты уездік мектептерді тамамдаған түлектерді оқуға қабылдап, оларды 1 жылдық жеделдетілген бағдарлама негізінде ауыл мектептерінің мұғалімдігіне дайындауға бағытталды. 1894-1895 жылдары аталмыш болыстық мектепке сол маңдағы Ханымжол, Көктал, Атақан, Байтума сынды 4 ауылдық мектептер бекітілген еді.

А.Байтұрсынұлының Қостанай педагогикалық сыныбындағы мұғалімдік қызметі оған карьералық өсуге жол ашумен қатар өз білімін жетілдіруге және әдеби шығармашылықпен айналысуға жол ашты. Оның өз сөзімен айтсақ: «С 1901 г. свободные от учительских занятий часы, стал употребить на свое самообразование и литературную работу».

Мұндағы «стал употребить ... литературную работу» деген жолдарының астарында, біздіңше, ағартушының көп жыл қиындықпен 1909 жылы Петерборда жарияланған «Қырық

мысал» аудармасының сұлбасы тұр деп ойлаймыз. Себебі аталмыш аударма 1903 жылы Омбыда баспаға дайын болады. Ал Омбыға А.Байтұрсынұлы 1902 жылдың мамыр айында қызмет бабымен ауысып келеді. Бұл оқиғаның тарихы мынадай еді: 1902 жылы Торғай облысы ауылдық мектептерінің инспекторы лауазымын Қостанай қаласында атқарып жүрген А.Алекторовты Ресей империясының Оқу-ағарту министрлігі Ақмола және Семей облыстарының халық мектептері директорының қызметіне бекітеді. Ол директордың іс жүргізуші лауазымына А.Байтұрсынұлын тартады.

Қорыта келгенде, Қостанай уезіндегі түрлі деңгейдегі ауылдық мектепте қызмет жасай жүріп, А.Байтұрсынұлы ұстаздық кәсіби шеберлігін шыңдады, өздігінен ізденіп, білімін кеңейтті, әдеби шығармашылықпен айналысып, қаламын ұштады. Қостанайда жинақтаған тәжірибе мен еңбекқорлық сынды қасиеттер және оның аудармашылық таланты оны А.Алекторовпен бірге Ақмола және Семей облыстарының ауыл мектептерінің жұмысын жолға қою үшін ашылған дирекцияның құрамында кішігірім мемлекеттік қызметкер болып қызмет атқаруға жол ашты.

Сөз соңында Ұлт ұстазының Қостанай қаласында 1900-1902 жылдары қызмет еткен Педагогикалық сыныптың бұдан кейінгі тағдыры қалайша қалыптасқанына тоқтала кетпекпіз. 1907 жылы Педагогикалық сыныптың 10 жылдығына орай оның мәртебесі өзгеріп, 1908 жылдың оқу жылынан бастап 2 жылдық «Қостанай педагогикалық курсы» деп аталады. 1915 жылдың анықтамалық деректерінде курстың оқытушылар құрамы кеңейіп, олардың саны 10 оқытушыға дейін жеткен.

Кеңес үкіметі тұсында, яғни 1921 жылы Педагогикалық курстың оқытушылары

едәуір санға өседі. Мұны Қазақстан орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттардан байқай аламыз. Онда Қостанай педагогикалық курсының 70 шәкірті мен 17 ұстазына былғары аяқ киім беру тізімі хатталған құжат бар. Педкурстың шәкірттері мен ұстаздарына сол қиын-қыстау заманда жылы былғары аяқ киіммен қамтамасыз ету мәселесі Қазақ АССР автономиясының атқарушы билігінің (Совнарком) шешімінсіз жүзеге аспайтыны анық. Ал Совнаркомда 1920-1921 жылдары халық ағарту комиссары (Наркомпрос) лауазымын Ахмет Байтұрсынұлы атқарады. Олай болса, теориялық тұрғыдан қарағанда, оның Қостанай педагогикалық курсына қандай да бір ықпалы болған деп тұжырым жасауға болады.

1922 жылы, тарихшы, өлкетанушы ғалым Д.Легкийдің жазуынша, Кеңестік үкіметтің педагогикалық курстарды

педтехникумға айналдыру туралы нұсқауы шығып, 1923 жылдың 1 қыркүйегінде аталған курс Қостанай педагогикалық техникумы болып қайта құрылады. 1937 жылы Кеңес Одағындағы барлық педтехникумдар «педучилище» деген атауға ие болып, Қостанай педтехникумы «Қостанай қазақ педагогикалық училищесі» деп аталады. 1939 жылы аталған училищенің базасында Қостанай мұғалімдер институты құрылады. Қазіргі таңда сол Мұғалімдер институтының заңды мұрагері – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Түйіндей келгенде, Ұлт ұстазының табаны тиген Қостанай педагогикалық сыныбы – қазіргі таңда ағартушының есімін иеленген өңірлік жоғары оқу орны. Бұл көріністі тарихи сабақтастық, ақиқаттың орнауы деген ұғымдарға нақты мысал деп тануға әбден болады.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19676971)





*Almasbek Ahmetuly Absadyq
filologia ғылымдарының докторы,
професор, фолклоршы, әдебиеттанушы*

AHMET BAITÜRSYNÜLYNYŇ QOSTANAI ÖŇIRINDEGI ÜSTAZDYQ QYZMETI

Ahmet Baitürsynülynyň Torğai oblysy Qostanai ueziniň auyldyq mektepterindegi jäne uezd ortalygy Qostanai qalasyndaғы мүғалымдық qyzmeti – onyň aғartuшыlyq ġūmyrnamasynnda öte az zerttelgen kezeñderdiň biri. Aғartuшыnyň atalğan ölkege naqty qai jyldary qyzmet jasaуға kelgendigi jäne qai jyly «Aqmola, Semei školdaryn basqaryp türğan Alektorovpen habarlasyp» (M. Äuezov), Omby qalasyna qonys audarğany ġylymi ortaға jäne жүrtшыlyqqa soңgy jyldarğa dein beimälim bolyp keldi.

Şamamen, 1897-98 jyldary oblystyq bilim salasynyň äkimşiligi Aqtöbe uezі Bestamaq bolysynyň Arynğaziev auyldyq mektebiniň мүғалımı A. Baitürsynülyn Qostanai uezі Amanqarağai bolysynyň Äulieköl auylynyň mañyna ornasqan pereselenderiniň «Semiozerno» poseleniesi janyнан aşylğan bolystyq mektepke auystyrady.

XX ġasyrdyň soñyna qarai patşa ükimeti auyldarynda orysşa bilim beretin mektepter aşudy qazaq qolğa ala bastady. Alaida orysşa

bilim beretin auyly mektepterin aşu äkimşilikke oñaiğa soqpaidy. Jergılıktı türğyndar mektepterdiň aşyluyna qarsylyq bildiredi. Qarsy qarakeketterdiň negizgi mazmūny «orys mektepterin aşu arqyly ükimet qazaq balalaryn şoqyndyrady, soldatqa alady» degen üreige qūrylğan edi. Ülken qiyndyqpen aşylğan auyldyq mektepterге jetekşilik jasaityn bolystyq mektepke oblystyň oqu-ağartu salasynyň basşylary täjiribelі äri öñirge belgili мүғалымdı ızdeuge мәjbür bolady. Äkimşiliktiñ tañdauy Arynğaziev auyldyq mektebiniň мүғалımı, Äulieköl öñirine tanys A. Baitürsynülyna түскen syndy.

Äuliekölden soñ aғartuшы Qostanai ueziniň Meñdiqara bolysyndaғы Orynbaev (Urunbaev) mektebinde мүғалымдық qyzmet atqarady. Bül aqparatty bizder 1901 jyly şyqqan «Adres kalendär Turgaiskoi oblasti» atty anyqtamalyğyndaғы aqparattan köre alamyz. 1901 jylğa arналған, demek ötken 1900 jyldyň statistikalyq мәlimetterinen qūralğan tarihi qūjatta aғaruшыnyň Qostanai

uezі Meñdıqara bolysynyñ №4 aulynda ornalasqan Orynbaev (Urunbaev) mektebinde jāne Qostanai pedagogikalyq synybynda mūğalım bolyp qyzmet atqarǵany tırkelgen.

Meñdıqara bolysyndaǵy «Orynbaev mektebi» qai jyly aşıldy, ol ne sebepten «Orynbaev mektebi» dep atalǵany turaly derekter joqtyñ qasy. Tarihi derekterge süiene otyryp, atalǵan mektep 1896 jyldyñ 1 qañtarynan keingı jyldary paida bolǵan dep paiymdaǵa bolady. Al Pedagogikalyq synyp – 1897 jyldan bastap Qostanai qalasynda auyl mektepterine mūğalım daiyndaǵan oqu orny.

Meñdıqarada orys-qazaq mektepteriniñ äkimshilik bolystyq jüiesi bolmaǵandyqtan, Orynbaev auyldyq mektebi uezd ortalyǵyndaǵy Qostanai pedagogikalyq synybyna tikelei baǵyndy. Pedagogikalyq synyp Troiskıden uezdıñ jaña ortalyǵy Qostanai qalasyna inspektor Y. Altynsarinniñ

basşylyǵymen 1884 jyly köşirilgen uezdık eki synyptyq orys-qazaq mektebiniñ janyнан ашылady. Qazırgı tañda ol mektep Y. Altynsarın atyndaǵy oblystyq mamandandyrylǵan mektep-gimnazia-internaty.

Orynbaev mektebinde, A. Baitürsynūlyna deim, Orsk mūğalımder mektebiniñ eñ alǵash bitiruşı tülekterdiñ qatarynda bolǵan Qazykerei Abdulfaizyūly Şotaev (Chutaev) ūstazdyq etedi. Taǵdyrdyñ jazuyymen, 1900 jyly ol 38 jasynda mezgılsız qaitys bolady. Būl mālmetke avtor 2022 jyly Orynbaev mektebi qazırgı Meñdıqara audanynyñ qai jerinde ornalasqanyn, el arasynda ol mektep turaly qandai mālmetter bar ekenin zertteu maqsatynda жүргizilgen «Ūstaz joly: Orynbaev mektebi, Qostanai pedagogikalyq synyby» atty ğylymi ekspediasynyñ jūmysy barysynda qol jetkızdı (1 suret).



Suret 1. Ekspedisia baneri

Ekspedisia qazırgı Qaratal auylınan 7 шаqyrymdyq qasıyqtyqta ornalasqan «Ūialysai» degen jerdeǵı aǵa sūltan Şotai Baqykereiūlynyñ ūrpaqtary jerlengen әulettik qorymdy zerttep, Qazykerei Şotaevtyñ beiti-ne qoiylǵan qūlpytastaǵy jazudyñ mātının oqydy. Arab әrpimen jazylǵan epitafialyq jazuda mynadai aqparat tañbalanǵan: «1900

jyl apreldiñ 11 küninde seisenbi künı sūltan Qazykerei Abulfaiyzoǵly ibn Şotai pravitel 38 jasynda opat boldy».

Olai bolsa, tarihi qūjat pen epitafiadaǵy mālmetterdi eskere otyryp, oblystyq bilim salasynyñ basşylary A. Baitürsynūlyn 1900 jyly 38 jasynda mezgılsız qaitys bolǵan Q. Şotaevtyñ ornyna Orynbaev auyldyq

mektebine mūǵalımdık qyzmetke jiberilgen dep senımdı türde aituǵa bolady.

Meñdıqara bolysynyñ Orynbaev auylдық mektebi Qostanai pedagogikalyq synybına baǵynatyndyqtan, A. Baitürsynūly sol synypta da sabaq berdi. Synyp jūmysynyñ basty baǵyty uezdik mektepterdı tamamdaǵan tülekterdi oquǵa qabyldap, olardy 1 jyldyq jedeltetilgen baǵdarlama negızinde auyl mektepteriniñ mūǵalımdıǵına daiyndauǵa baǵyttaldy. 1894-1895 jyldary atalmyş bolystyq mektepke sol mañdaǵy Hanymjol, Köktal, Ataqa, Baituma syndy 4 auylдық mektepter bekıtilgen edi.

A. Baitürsynūlynyñ Qostanai pedagogikalyq synyptaǵy mūǵalımdık qyzmeti oǵan kareralyq ösuge jol aśumen qatar öz bılımin jetildiruge jäne ädebi şyǵarmaşylyqpen ainalysuǵa jol aśty. Onyñ öz sözimen aitsaq: «S 1901 g. svobodnye ot uchitelskih zanäti chasy, stal upotrebit na svoe samoobrazovanie i literaturnuiu rabotu».

Mūndaǵy «stal upotrebit ... literaturnuiu rabotu» degen joldarynyñ astarynda, bızdınşe, aǵartuşynyñ köp jyl qiyndyqpen 1909 jyly Peterborda jarialanǵan «Qyryq mysal» audarmasynyñ sūlbasy tür dep oilaimyz. Sebebi atalmyş audarma 1903 jyly Ombyda baspaǵa daiyn bolady. Al Ombyǵa A. Baitürsynūly 1902 jyldyñ mamyr ayında qyzmet babymen auysyp keledi. Bül oqıǵanyñ tarihy mynadai edi: 1902 jyly Torǵai oblysy auylдық mektepteriniñ inspektory lauazymyn Qostanai qalasynda atqaryp jürgen A. Alektorovty Resei imperiasynyñ Oqu-aǵartu ministrlıǵy Aqmola jäne Semei oblystarynyñ halyq mektepteri direktorynyñ qyzmetine bekıtedi. Ol direktordyñ isjürgizuşı (deloproizvoditel) lauazymyna A. Baitürsynūlyn tartady.

Qoryta kelgende, Qostanai uezindegi türli deñgeidegi auylдық mektepte qyzmet jasai jürıp A. Baitürsynūly ūstazdyq kāsibi şeberligin şyñdady, özdiginen ızdenip, bılımin keñeitti, ädebi şyǵarmaşylyqpen

ainalysyp, qalamyn ūštady. Qostanaida jinaqtaǵan täjiribe men eñbekqorlyq syndy qasietter jäne onyñ audarmaşylyq talanty ony A. Alektorovpen birge Aqmola jäne Semei oblystarynyñ auyl mektepteriniñ jūmysyn jolǵa qoiu ūşın aşylǵan direksianyñ qūramynda kısıgırım memlekettik qyzmetker bolyp qyzmet atqaruǵa jol aśty.

Söz soñynda Ūlt ūstazynyñ Qostanai qalasynda 1900-1902 jyldary qyzmet etken Pedagogikalyq synyptyñ būdan keiingi taǵdyry qalaişa qalyptasqanyna toqtala ketpekpız. 1907 jyly Pedagogikalyq synyptyñ 10 jyldyǵyna orai onyñ mārtebesi özgerip, 1908 jyldyñ oqu jylynan bastap 2 jyldyq «Qostanai pedagogikalyq kursy» dep atalady. 1915 jyldyñ anyqtamalyq derekterinde kurstyñ oqytuşylar qūramy keñeiip, olardyñ sany 10 oqytuşyǵa deim jetken.

Keñes ūkimeti tūsynda, iaǵni 1921 jyly Pedagogikalyq kurstyñ oqytuşylary eduir sanǵa ösedı. Mūny Qazaqstan ortalyq memlekettik arhiviniñ mūraǵatynda saqtalǵan qūjattardan baiqai alamyz. Onda Qostanai pedagogikalyq kursynyñ 70 şakırtı men 17 ūstazyna bylǵary aiaq kiim beru tızımı hattalǵan qūjat bar. Pedkurstyñ şakırtterı men ūstazdaryna sol qiyn-qystau zamanda jyly bylǵary aiaq kiimmen qamtamasyz etu māseseı Qazaq ASSR avtonomiasynyñ atqaruşy biliginıñ (Sovnarkom) şeşimısız jüzege aspaityny anyq. Al Sovnorkomda 1920-1921 jyldary halyq aǵartu komisary (Narkompros) lauazymyn Ahmet Baitürsynūly atqarady. Olai bolsa, teorialyq tūrǵydan qaraǵanda, onyñ Qostanai pedagogikalyq kursyna qandai da bir yqpaly bolǵan dep tūjyrym jasauǵa bolady.

1922 jyly, tarihşy, ölketanuşy ğalym D. Legkidin jazuyńşa, Keñestik ūkimettiñ pedagogikalyq kurstardy pedtehnikumǵa ainaldyru turaly nūsqauy şyǵyp, 1923 jyldyñ 1 qyrküeginde atalǵan kurs Qostanai pedagogikalyq tehnikumy bolyp qaita

qūrylady. 1937 jyly Keñes odaǵyndaǵy barlyq pedtechnikumdar «peduchilişe» degen атауға ie bolyp, Qostanai pedtechnikumy «Qostanai qazaq pedagogikalyq uchilişesi» dep atalady. 1939 jyly atalǵan uchilişesiniń bazasynda Qostanai mūǵalımdar instituty qūrylady. Qazırgı tańda sol Mūǵalımdar institutynyń zańdy mūragerı – A.Baitūrsynūly atyndaǵy

Qostanai öñirlik universiteti.

Tüindei kelgende, Ūlt ūstazynyń tabany tigen Qostanai pedagogikalyq synyby – qazırgı tańda aǵartuşynyń esimin ielengen öñirlik joǵary oqu orny. Bұл körinisti tarihi sabaqtastyq, aqiqattyń ornauy degen ūǵymdarǵa naqty mysal dep tanuǵa äbden bolady.

Maqala 2023-2025 jyldarǵa arnalǵan ǵylymi jáne (nemese) ǵylymi-tehnikalyq jobalar boıynsha granttyq qarjylandyru aiasynda jazylady. Zertteudi Qazaqstan Respublikasy Ğylym jáne joǵary bilim ministrліginiń Ğylym komiteti qarjylandyrdy (AR19676971)



الماسبەك احمەت ۇلى ايسادىق

احمەت بايتۇرسىن ۇلىنىڭ قوستاناي ۋىلايەتلىك قىزمەتلىك

احمەت بايتۇرسىن ۇلىنىڭ تورعاي ۋىلايىتى قوستاناي ۋىلايىتىنىڭ ۋىلايىتى مەكتەپتەرىندەگى جانە ۋەزىرەرتالىق قوستاناي قالاسىنداعى مۇئەللىملىك قىزمەتلىرى - ونىڭ اعارتۇشلىق عۇمرناماسىدا وتە از زەرتتەلگەن كەزەڭدەردىڭ بىرى. اعارتۇشنىڭ اتالغان ولكەگە ناقتى قاي جىلدارى قىزمەت جاساۋعا كەلگەندىگى جانە قاي جىلى «اقمولا، سەمەي شىكولدارىن باسقارپ تۇرغان الەكتوروۋپەن حابارلاسپ» (م. اۋەزوۋ)، ومبى قالاسىنا قونىس اۋدارعانى عىلمىي ورتاغا جانە جۇرتشىلىققا سۇڭغى جىلدارغا دەيىن بەيماالىم بولپ كەلدى.

شامامەن، 1897-98 جىلدارى ۋىلايىتىق بىلىم سالاسىنىڭ اكىمشىلىگى اقبوبە ۋەزىرەستاماق بولسىنىڭ ارىنغازىيەۋ ۋىلايىتىق مەكتەبىنىڭ مۇئەللىمى ا. بايتۇرسىن ۇلىن قوستاناي ۋەزىرەامانقارعاي بولسىنىڭ ۋىلايەتلىك ۋىلايىتىنىڭ ماڭىنا ورنالاسقان پەرەسەلەندەرىنىڭ «سەمىيوزەرنوۋ» پوسەلەنيەسى جانىنان اشىلعان بولسىنىق مەكتەپكە اۋستىرادى.

XX عاسىردىڭ سۇڭىنا قاراي پاتشا ۇكىمەتلى ۋىلايىتىدا ورسشا بىلىم بەرەتىن مەكتەپتەر اشۇدى قازاق قولعا الا باستادى. الايدا ورسشا بىلىم بەرەتىن اۋىل مەكتەپتەرىن اشۇ اكىمشىلىككە ۇڭايىعا سوقپايدى. جەرگىلىكتى تۇرعىندار مەكتەپتەردىڭ اشىلۇىنا قارسىلىق بىلدەردى. قارسى قارەكەتتەردىڭ نەگىزگى مازمۇنى «ورس مەكتەپتەرىن اشۇ ارقىلى ۇكىمەت قازاق بالالارىن شوقىندىرادى، سولداقتا الادى» دەگەن ۇرەيگە قۇرىلعان ەدى. ۇلكەن قىيىندىقپەن اشىلعان ۋىلايىتىق مەكتەپتەرگە جەتەكشىلىك جاسايتىن بولسىنىق مەكتەپكە ۋىلايىتىق ۇقۇم-اعارتۇ سالاسىنىڭ باششىلارى تاجىريبەلى ءارى ۇڭىرگە بەلگىلى مۇئەللىمدى نەزەۋگە ءماجبۇر بولادى. اكىمشىلىكتىڭ تاڭداۋى ارىنغازىيەۋ ۋىلايىتىق مەكتەبىنىڭ مۇئەللىمى، ۋىلايەتلىك ۇڭىرىنە تانىس ا. بايتۇرسىن ۇلىنا تۇسكەن سىندى.

ۋىلايەتلىك سولك اعارتۇشى قوستاناي ۋىلايىتىنىڭ مەڭدىعارا بولسىنىداعى ورنىبايەۋ (ۋرۇنبايەۋ) مەكتەبىندە مۇئەللىملىك قىزمەت اتقارادى. بۇل اقپاراتتى بىزدەر 1901 جىلى شىققان «ادرس كالىەندار تۇرگايىسكوي ۋىلايىتى» اتتى انىقتامالىعىنداعى اقپاراتتان كۆرە الامىز. 1901 جىلعا ارىنالعان، دەمەك وتكەن 1900 جىلدىڭ ستاتىستىكىالىق مالىمەتتەرىنەن قۇرىلعان تارىخىي قۇجاتتا اعارۇشنىڭ قوستاناي ۋەزىرەمەڭدىقارا بولسىنىڭ №4 ۋىلايىتىدا ورنالاسقان ورنىبايەۋ (ۋرۇنبايەۋ) مەكتەبىندە جانە قوستاناي پەداگوگىكىالىق سىنىبىندا مۇئەللىم بولپ قىزمەت اتقارغانى تىركەلگەن.

мәғдигар болысинадаы «орынаыәә мәктебі» қай жылы ашылды, ол не себептен «орынаыәә мәктебі» деп аталғаны туралы деректер жоқтың қасы. тарихи деректерге сүйене отырып, аталған мәктеп 1896 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі жылдары пайда болған деп пайымадауға болды. ал педдагогикалық санып 1897 жылдан бастап қостанай қаласында әуіл мәктептерине мұғалым дайындаған оқу орны.

мәғдигарда орыс-қазак мәктептеринің акмшлык болыстық жүйесі болмағандықтан, орынаыәә әуілдық мәктебі әезд орталығындаы қостанай педдагогикалық саныпна тикелі бағынды. педдагогикалық санып тропитскіден әздің жаңа орталығы қостанай қаласына ынсепетор ы.атнысарының басылығымен 1884 жылы кошылған әздің әкі саныптық орыс-қазак мәктебинің жаннан ашлады. қазіргі таңда ол мәктеп ы.атнысарын атындаы ылыстық мамандандырылған мәктеп-гимназия-ынтернаты.

орынаыәә мәктебинде, а. байтурсын ұлына дейін, орыс мұғалымдер мәктебинің әк еаш әбтұрұшы тәлектердің қатарында болған қазікереи абдұлағыз ұлы шотайәә (чұтаәә) ұстыздық етеді. тاعدердің жарұмын, 1900 жылы ол 38 жасында мезгілсыз қайтыс болды. бұл малметке әттор 2022 жылы орынаыәә мәктебі қазіргі мәғдигар әуанының қай жеринде орналасқанын, әл арасында ол мәктеп туралы қандай малметтер бар әкенін зерттеу мақсатында жүргзілген «ұстыз жолы: орынаыәә мәктебі, қостанай педдагогикалық саныбы» атты еилми әкспедтсиясының жұмысы барысында қол жеткізді (1 сұрет).



Сүрөт 1. ەкспедитсия бaннeры

ەкспедитсия қазыргы қаратал аўлынан 7 шақырымдық қашықтықта орналасқан «Уялысай» ەдеген жердегі аға сўлтaн шотай бақтыкерей ұлының ұрпақтары жерленген аўлеттік қорымды зерттеп, қазыкерей шотайеўтың бейитине қойылған қўлыптастағы жазўдык ғаатынын қыды. араб арымен жазылған ەпитафиялық жазўда мынадай ақпарат тағыбалған: «1900 жыл апырелдиң 11 кўнinde сەйсеңби кўны сўлтaн қазыкерей аўлағыз ылы иын шотай арайытел 38 жасында ыпат болды».

улай болса, тарихи қўжат пен ەпитафиядағы малметтерди ەскере ытырып, ылыстық ылым саласының басышлары а. байтырсын ұлын 1900 жылы 38 жасында мезгилсын қайтыс болған қ. шотайеўтың ырына ырынабайеў аўлыдық мектебине мўалымдик қызметке жберилген деп сەнымди тўрде айтўға болады. мегдибара болысының ырынабайеў аўлыдық мектеби қостанай ыдагогикалық сныбына бағатындықтан, а. байтырсын ұлы сол сныпта да сабақ берди. снып жўмысының басты бағаты ۆездик мектептерди тамамдаған тўлектерди ықўға қабылдап, ыларди 1 жылдық жеделтестилген бағдарлама негизинде аўыл мектептериниң мўалымдыгине дайындаўға бағатылды. 1894-1895 жылдары аталмыш болыстық мектепке сол мағдағы ханмжол, коктал, атакан, байтўма сныди 4 аўлыдық мектептер бекитилген ەди.

а. байтырсын ұлының қостанай ыдагогикалық сныптағы мўалымдик қызметы ыған караралық ысўке ыол ашўмен қатар ۆз ылымын жетилдирўке жане ыдеби шығармашылықпен айналысўға ыол асты. ының ۆз сөзимен айтсақ: «с

كوميسسارى (ناركومپروس) لاۋازىمىن احمەت بايتۇرسىن ۇلى اتقارادى. ولاي بولسا، تەورىيالىق تۇرعىدان قاراعاندا، ونىڭ قوستاناي پەداگوگيكالىق كۇرسىنا قانداي دا ءىرنىقپالى بولغان دەپ تۇجىرىم جاساۋعا بولادى.

1922 جىلى، تارىخشى، ولكەتانۋشى عالم د. لەگكيدىڭ جازۋىنشا، كەڭەستىك ۇكىمەتتىڭ پەداگوگيكالىق كۇرستاردى پەدەتەحنىكۋىمعا اينالدىرۋ تۋرالى نۇسقاۋى شىعپ، 1923 جىلدىڭ 1 قىركۇيەگىندە اتالغان كۇرس قوستاناي پەداگوگيكالىق تەحنىكۋى بولپ قايتا قۇرىلادى. 1937 جىلى كەڭەس وداعىنداى بارلىق پەدەتەحنىكۋىمدار «پەدۇچىلىشە» دەگەن اتاۋعا يە بولپ، قوستاناي پەدەتەحنىكۋى «قوستاناي قازاق پەداگوگيكالىق ۇچىلىشەسى» دەپ اتالادى. 1939 جىلى اتالغان ۇچىلىشەسىنىڭ بازاسىندا قوستاناي مۇعالىمدەر ينستىتۇتى قۇرىلادى. قازىرگى تاڭداسول مۇعالىمدەر ينستىتۇتىنىڭ زاڭدى مۇراگەرى - ا. بايتۇرسىن ۇلى اتىنداى قوستاناي ۇڭىرلىك ۇنيۋەرسىتەتى.

تۇيىندەي كەلگەندە، ۇلت ۇستازىنىڭ تابانى تىگەن قوستاناي پەداگوگيكالىق سىنىبى - قازىرگى تاڭدا اعارتۇشنىڭ ەسىمىن يەلەنگەن ۇڭىرلىك جوعارى وقۇ ورنى. بۇل كورنىستى تارىخى ساباقتاستىق، اقيقاتنىڭ ورنى دەگەن ۇعىمدارعا ناقتى مىسال دەپ تانۋعا ابدەن بولادى.





Нұрлан Әденұлы Әміреев

*К.Сагадиев атындағы Халықаралық бизнес
университетінің аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

ОҚЫТУДА ӘДЕБИ ТІЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тіл білімі тарапынан алғанда «әдеби тіл» деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет-журналдардың тілін де – қысқасы, жазба тілді айтамыз. Міне, осы пікірлес ғалымдар белгілі бір тілді әдеби деп тану үшін жазудың болуы шарт, яғни хатқа түскен нұсқалары өте аз немесе жоқ жерде әдеби тіл де жоқ дегенді кесіп айтады. «Әдеби тіл» термині «жазба тіл» дегеннің баламасы ретінде ұсынылады. М.Балақаев: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды», – деп жазды [1, 8].

Әдеби тілдің ең басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл – бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты,

яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуы тиіс. Бұл – екінші шарт. Әр нәрсенің, әр құбылыстың мән-мағынасы, табиғаты салыстыру арқылы, өзге нәрселердің, өзге құбылыстарға қарама-қарсы қою арқылы таныла түседі. Әдеби тілді тану үшін оған қарама – қарсы қойылатын басты құбылыс – ауызекі сөйлеу тілі. Бұл – тілді әдеби деп тануға қажет үшінші шарт. Әдеби тіл – қоғамның қолдану практикасында сыннан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл – төртінші ерекшелігі.

Дүние жүзі тарихына үңілсек, көптеген халықтардың білім беру жүйесіндегі ғылым атаулы тілді зерттеуден бастаған. Тілдің, тіл саясатының биік ұғымы, барлық мәні оның қолдануында. Тіл мәдениетінің деңгейі, оның зерттелуі қоғамдық қызметі арқылы көрінеді. Тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл

халық үшін бірдей және адамдар білген құбылыстардың алуан түрін түгел қамтиды. «Тіл – қоғамдық құбылыс» деген тезисті ұсынбағанмен, тілдің қоғам өмірімен байланыстылығы, қоғамдағы орны, рөлі деген мәселелермен ХІХ ғасырдағы В.Гумбольдт еңбектері, кейініректе туған лингвистикалық мектептердің тілдің әлеуметтік сипатына ерекше мән берілуіне түрткі болды. Бұл мәселеге Н.Я.Марр да ерекше мән берді. Жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы және мәдениетімен тығыз байланыста қарау В.Фон Гумбольдт, И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады.

Қазақ зиялылары: А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, А.Жапбаров, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, А.Ысқақов, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдар өз еңбектерінде «әдеби тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады. Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан [2, 141-142].

Оқушылардың әдеби тілде жазуын дамытудың лингводидактикалық негізі туралы Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Ш.Х.Сарыбаев, М.С.Лапатухин, К.Д.Ушинский, Ф.И.Буслаев, И.И.Срезневский еңбектеріне сараптама жасай отырып, балалардың жазбаша тілін дамытудың зерттелу жайын, мазмұнын, жүйесін қарастырдық. Аталған авторлардың еңбектері оқушылардың жазбаша тілін дамыту жолдарын қарастырғанмен де, бұл еңбектердегі сөз болатын көптеген әдістерді өзге тілді студенттердің әдеби тілде жазуын дамытуда да елеп, екшеп пайдалануға болады.

Балалардың жазбаша тілін дамыту, өз ойын дұрыс, жүйелі жеткізе білуі мен жазбаша сауатты және мәдениетті болуының маңыздылығы жөнінде алғаш пікір білдірген – Ы.Алтынсарин: «Екі тілде жеңіл шығармалар жазуға жаттығу, күрделі ісқағаздарын жүргізу, олардан көшірмелер жасауға үйретуді» міндеттеді.

Тіл дамыту мәселелері А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдің теориялық мәселелерін меңгертумен байланысты терең қарастырылған. А.Байтұрсынұлы оқушылардың жазбаша тілін дамытуда жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды пайдалану оқушылардың сөздік қорларын толықтыратындығын ескеріп, сынау және дағдыландыру жұмыстарының жүйесін ұсынған [3, 289]. Оқушылармен жүргізілетін бұл жұмыстарды өзге тілді дәрісханалардағы студенттермен жүргізілетін жұмыстарда олардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту үшін қолданудың тиімділігі зор.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарын жазған әдіскер ғалым – Т.Шонанұлы. Әдіскер ғалымның қазақ тілін өзге ұлттарға оқытуға арналған «Самоучитель киргизского для русских» деп аталатын алғашқы оқулығында 92 сабақта 172 жаттығу берілген. Автор қазақ тілін практикалық жолмен меңгертуде жазба жұмыстарына ерекше көңіл бөлген. Орфографиялық дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесін ұсынған.

Қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістемесін арнайы қарастырған әдіскер ғалым М.С.Лапатухин қазақша сөйлеу тіліне үйретуде фонетикалық, грамматикалық минимумдарды меңгертумен қатар аударма жұмысы мен ісқағаздарын жазуға үйрету мәселелеріне ерекше тоқталды. Ғалым

орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың аралас (комбинированный), аударма және тура немесе көрсетпе (натуралды) әдістері оқушылардың жазбаша тілін дамытуға негізделе жүргізілетіндігін қарастырды.

Қазақ тілін орыс тілді дәрісханаларда оқыту әдістемесін тұңғыш ғылыми негізде зерттеген ғалым Ш.Х.Сарыбаев «Жаздырып үйретудің әдістері» еңбегінде «Программамен жазу», «Дұрыс жазуға үйретудегі қазіргі кедергілер», «Дұрыс жазып үйренуге де жағдай керек», «Дұрыс жазуға көру сезімі арқылы әсер ету», «Көшіртіп жаздыру», «Дұрыс жазу құлаққа әсер ететін болсын» т.б. көшіртіп жазудың 10 түрін жеке-жеке қарастырады. Сонымен қатар хат жаздыру мен оның мәні, баяндама, тезис жазуға жаттықтыру мәселелері қарастырылған [4,17-24].

С.Рахметова «Бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамыту методикасы» (1969) атты кандидаттық диссертациясында зерттеу жұмысымызға қатысты әдістемелік пікірлер, нұсқаулардың толық қамтылғандығы байқалды [5]. Ғалым докторлық диссертациясында (1997) бастауыш сынып оқушыларының ауызша, жазбаша тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жасады. Аталған еңбектердегі диктант түрлерін өзге тілді студенттермен сабақ үдерісінде жиі пайдаланып жүрміз.

Т.Әбдікәрімова «Бастауыш класта текспен жұмыс істеу арқылы тіл дамыту» атты зерттеуінде мәтінмен жасалатын жұмыс түрлерін талдап, тіл дамыту мәселесімен байланыста қарастырған. Ғалымның: «Мәтіндегі айтылған ойдан әркім өзіне қажетін ала білу, оны басқалардың да бағалап, талқылауына мүмкіндік туғызу қажет» деген қағида тілді үйренушілердің жазбаша тілін жаттығулар жүйесі арқылы дамыту негізінде алынған [6,58]. Жаттығу жұмыстарының негізінде

студенттердің қатысымдық іскерліктерін: мәтінді түсініп оқу, оқығанын өз сөзімен айта, жаза білу, мәтін мазмұнына сәйкес өз көзқарасын білдіре алу, мәтін мазмұны бойынша ой қорытындысын жасай білуге дағдыландыруға болады.

Білім алушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда ұсынылатын жазба жұмыстары қатысымдық күзиреттілікті жетілдіру мақсатын іске асырады. Бұл мәселе жөнінде Ф.Ш.Оразбаева: «Қарым-қатынас жасаудың өзі бірлескен шығармашылықтың, бірлесе ойлаудың, әріптестіктің сабағы, әлдекімнің ырқына берілмей, ойын еркін айта алатын және айтуға тиіс еркіндік сабағы. Өйткені мұнда позиция айқын: білім беру арқылы қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас арқылы білім беру керек»,—дейді [7.38].

Жазу – таңбалардың белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болуы арқылы адамдардың жазбаша қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Сондықтан Ф.Абдразахова: «Жазылым әрекетінде тіл үйренуші сөйлемнің мәніне, мағынасына, формасына көңіл аударып, оны оймен пайымдауы арқылы өз санасынан өткізіп, қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуы нәтижесінде жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асырады», —деп көрсетеді [8, 4].

Өзге тілді студенттердің әдеби тілде жазуын дамытудың психологиялық негізі белгілі психологтар: Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, Н.И.Жинкин, А.С.Лурия, Д.Б.Эльконин, В.А.Фледов, Б.Г.Ананьев, В.А.Артемов, Е.С.Истрина, Л.Н.Кадочкин, Л.К.Назаровалардың психикалық функциялардың дамуындағы зерттеулері басшылыққа алынды. Жазбаша сөйлеу тілін дамытудың психологиялық ерекшеліктерін қарастыруда қазақ психологтары Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Т.Тәжібаев, С.Рахметова,

Ж.Намазбаева т.б. зерттеулеріне сүйендік.

Әдеби тілде жазуды дамытуда қабылдау үдерісінің орны ерекше. Психологтар қабылдаудың көру, сезу және есту түрлеріне тоқтала отырып, жазбаша сөйлеу тілін дамытуда көру және есту үдерістерін ерекше атап көрсетеді. Жазба жұмыстарын меңгертудің алғашқы кезеңінде орындалатын жаттығу жұмыстары көру үдерісіне бағытталады, тіл үйренушілерді оқулықтан немесе тақтадан қатесіз көшіріп жазуға дағдыландырады. Екінші кезеңінде диктант жұмысының өзі көру диктантынан басталады, содан соң сатылай күрделенеді. Үшінші кезеңде мазмұндама, шығарма түрлері алдын ала сұрыпталған материалдар бойынша жеңілден күрделіге ұстанымы негізінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысының педагогикалық негізін қарастырып, өзге тілді студенттердің әдеби тілде жазуын дамытудың әдістемесін анықтауда Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, С.Қалиев, Ж.А.Қараев, М.М.Жанпейісова, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ю.К.Бабанский, Ш.А.Амонашвили, В.П.Беспалько, А.М.Аббасов, В.В.Арахин сияқты белгілі педагог ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Дидактиканың ғылымилық ұстанымы бойынша тіл үйренушілердің әдеби тілде жазуын дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстары тілдік минимумды дағдылы қолдана білуіне байланысты. Қазақ тіл білімінің теориялары олардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуға негіз болады. Жазба жұмыстарын орындауда қалыптасатын орфографиялық дағды тіл білімінің орфография саласымен бірлікте қарастырылады. Оқытудың ғылымилық ұстанымымен бірлікте іске асырылатын ұстаным – саналылық пен белсенділік ұстанымы.

Жүйелілік ұстанымы. Білім алушылардың әдеби тілде жазу әрекетін дамыту –үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстың нәтижесі. Бастауыш деңгейден жетілдіруші деңгейге жеткен студенттердің тілдік білім деңгейі анықталып, жүргізілетін жазба жұмыстарының жүйесі жасалынады. Білім алушылардың әдеби тілде жазуын дамытуда мәтінмен жұмыс істеу жүйесі төмендегідей сатылардан тұрады: а) жазылатын шығарма жұмыстарының тақырыптарын сұрыптау; ә) тақырып мазмұнына қатысты сөздер мен сөйлемдерді тандап, сұрыптау арқылы мәтін құрастыру; б) жазылған мәтінді тексеріп, одан әрі жетілдіру сияқты жүйесі орындалады. Жүйелілік ұстанымы грамматикалық материалды сұрыптау ұстанымымен байланысты болғандықтан, студенттердің қазақ тілінде әдеби тілде жазуын дамытуда негізгі ұстанымдардың бірі ретінде қарастырылады.

Грамматикалық материалды сұрыптау ұстанымы мәселелері А.Н.Ким, Н.З.Бакеева, А.П.Васильченко, Т.Н.Казесалу, В.И.Баранников т.б. еңбектерінде зерттеліп, аталған ғалымдар орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесінің негізін жасады. Грамматикалық материалды сұрыптауда сөйлеу модельдерінің қолдану жүйелілігіне, бір типтілігіне, қажеттілігіне көңіл бөлінеді. Диктант мәтіндері оқу бағдарламасындағы модуль тақырыптарына сәйкестендіріле сұрыпталуы тиіс. Бұл ұстаным негізінде сұрыпталған диктант мәтіндері өтілген грамматикалық материалмен байланысты болады. Оқу бағдарламасында грамматикалық тақырыптар жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге ұстанымын ұстанса, жазба жұмыстардың мәтінін сұрыптауда да осы ұстаным негізге алынды.

Сапалылық ұстанымы. Білім алушылардың әдеби тілде жазуын дамытуда тілдік материалдарды меңгертуде негізге алынатын ұстанымның түрі – сапалылық ұстанымы. Сапалы түрде жазу дегенде, студенттің ойы, оны жеткізу сапасы екі түрлі болуы мүмкін. Біріншісі, білім алушы жазу үстінде өзінің ойын басқа біреуге түсінікті болу үшін тиісті дыбыстар, буындар, сөз бен сөйлемдер тандап, қолдануға тырысады. Олар жазба жұмыстарын орындауда емле мәселелеріне мән бере бермейді. Мәтін тақырыбына байланысты жазба жұмыстарын орындауда сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс жазғанымен, айтылатын ой анық, дәл, мазмұнды деңгейде болмайды. Жүйелі, үзіліссіз жүргізілген диктанттың нәтижесінде студенттер орфографиялық, пунктуациялық ережелерге сай дұрыс жазуға дағдыланады. Орфографиялық, пунктуациялық дағдылар сапалы меңгертілгенде ғана мазмұндама, шығарма жұмыстарын орындай бастайды және оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша өз көзқарастарын көркем тілде жеткізуге ұмтылады.

Кешенді ұстаным. Орыс тілді студенттердің әдеби тілде жазу әрекеттерін дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстары кешенді түрде ұйымдастырылғанда нәтижелі жүргізіледі. Әр топта жазба жұмыстарының нәтижелері сарапқа салынып, көрсеткіштері беріліп отырды. Өзге тілді студенттердің әдеби тілде жазу дағдыларын дамытуда қолданылатын жазба жұмыстарының кешенді жүйесі: жаттығу жұмыстарының жүйесі, диктант және оның түрлері, мазмұндама, шығарма, айтылған пікірге өз көзқарастарын жеткізу жұмыстарын саралап қолдану қажет.

Жазбаша сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жазба жұмыстарының түрлері қатысымдық бағытты ұстанады. Қатысым

білім алушылардың тікелей қарым-қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделеді. Тіл үйренушілердің әдеби тілде жазуын дамытуда сөйлеу әрекетінің түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) кезектесіп, әрі жүйелі түрде жүргізіледі. Сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым түрлерін саналы меңгерген студент жоғары деңгейдегі ауызша, жазбаша тілдесімде сөздік қоры толығып, әдеби тілде жазу әрекеті дамитындығы анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М.Балақаев. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 186-б.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 119 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы, 1998. – 362-б.
4. Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1956. – 99 б.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Рауан, 1991.- 184 б.
6. Т.Әбдікәрімова «Бастауыш класта текспен жұмыс істеу арқылы тіл дамыту» – Алматы, 2009, 81 б.
7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, – Алматы, 2000. – 208 б.
8. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты. – Алматы, 2003, 29 б.



Nūrlan Ädenūly Ämireev

*K.Sağadiev atyndaǵy Halyqaralyq biznes
universitetiniń aǵa oqytuǵysy,
pedagogika ǵylymdarynyń magistri*

ОQYTUDA ÄDEBİ TILDI QALYPTASTYRU

Tıl bılımnı tarapynan alǵanda «ädebi tıl» dep tek körkem ädebiet emes, ǵylymi zertteulerdiń, saiasi traktattardyń, gazet-jurnaldardyń tılın de – qysqasy, jazba tıldı aitamyz. Mine, osy pikirles ǵalymdar belgili bır tıldı ädebi dep tanu üşin jazudyń boluy şart, iaǵni hatqa tüsken nūsqalary öte az nemese joq jerde ädebi tıl de joq degendi kesip aitady. «Ädebi tıl» terminı «jazba tıl» degenniń balamasy retinde üsynylady. M.Balaqaev: «Ädebi tıl – jazba tıl. Jazba ädebiet arqyly tıl bailyqtary, onyń qūrylysy symbatty qalypqa tüsip, ekşeledi. Jazuy bolmaǵan halyqtyń tılı ädebi tıl дәrejesine köterile almaidy»,—dep jazdy [1, 8].

Ädebi tıldıń eń basty belgisi – onyń öñdelgen, sūryptalǵan, normalanǵan tıl boluy, bül – bır. Qyzmeti jaǵynan sol halyqtyń ómirinde üiymdastyruşy, qoǵam müşeleriniń basyn qosuşy sipaty, iaǵni jalpyǵa ortaqtyq qasietı boluy tiis. Bül – екінші şart. Är närсениń, әr qūbylystyń män-

maǵynasy, tabiǵaty salystyru arqyly, özge närселерdiń, өзge qūbylystarǵa qarama-qarsy qoiu arqyly tanyla түседi. Ädebi tıldı tanu üşin oǵan qarama – qarsy qoiylatyn basty qūbylys – auyzekı söyleu tılı. Bül – tıldı ädebi dep tanuǵa qajet üşinşi şart. Ädebi tıl – qoǵamnyń qoldanu praktikasynda synnan ötkен, normalaryn qoǵam sanasy dūrys dep qabyldaǵan және ol normalar barşa ülgilerge ortaқ boluy şart. Bül – төртінші ерекшелігі.

Dūnie jūzı tarihyna üñilsek, köptegen halyqtardyń bılım beru jüiesindeǵı ǵylym атаулы tıldı zertteuden bastaǵan. Tıldıń, tıl saiasatynyń biik üǵymy, барлық мәні onyń qoldanuında. Tıl мәдениетiniń деңгейі, onyń zerttelуі qoǵamdyq qyzmeti arqyly көрінеді. Tıl – qoǵam ömiriniń obektivti qūbylysy, ol бүкіл halyq üşin birdei және адамдар білген qūbylystardyń aluan түрін түgel qamtidy. «Tıl – qoǵamdyq qūbylys» degen tezisti üsynбағанмен, tıldıń qoǵam ömirімен байланыстылығы, qoǵamдаǵы орны, ролі degen

mәselelermen HИH ғasyrдағы V.Gumböldt еңбектері, кейініректе туған lingvistikalyq mektepterdiñ tıldıñ әleumettik sipatyna erekşe mән berілуine түrtki boldy. Bұл мәselege N.İa. Marr da erekşe mән berdi. Jalpy tıldı halyqtyñ jan dүniesimen, oi-sanasy men, tarihy және мәdenietimen tyғyz bailanysta qarau V.Fon Gumböldt, İ.Gerder, G.Paül, V.Vundt, G.Şteintäl, E.Sepir, B.Uorf, A.Potebnä t.b. ғalymdardyñ esimderimen bailanystyrlady.

Qazaq zialylary: A.Baitүrsynүly, M.Jүmabaev, M.Balaqaeв, K.Ahanov, T.Qordabaev, Y.Mamanov, N.Uäliev, R.Syzdyqova, A.Japbarov, Ä.Bolғанbaev, S.İsaev, A.Ysqaqov, R.Ämırov, Q.Jүbanov t.b. ғalymdar өз еңбектерінде «әдеbi tıl» үğymynyñ san qyrly jaғyna toqtalady. Tıl tabıғatynyñ qyr-syrına tereñ jan-jaqty üñілу – ғalym A.Baitүrsynүlynan bastau alyp, Q.Jүbanov zertteulerimen өз jalғasyn tapqan [2, 141-142].

Oquşylardyñ әdebi tilde jazuyñ damytudyñ lingvodidaktikalyq negızı turaly Y.Altynsarin, A.Baitүrsynүly, T.Şonanүly, Ş.H.Sarybaev, M.S.Lapatuhin, K.D.Uşinski, F.İ.Buslaev, İ.İ.Sreznevski еңбектеріне saraptama jasai otyryp, balalardyñ jazbaşa tılın damytudyñ zerttelu jaiyn, mazmұnyñ, jüiesin qarastyrdyq. Atalған avtorlardyñ еңбектері oquşylar-dyñ jazbaşa tılın damytu joldaryñ qarastyрғанmen de, bұл еңбектердегі söz bolatyn köptegen әдістерді өзge tıldı studentterdiñ әdebi tilde jazuyñ damytuda da elep, екшеp paidalanuға bolady.

Balalardyñ jazbaşa tılın damytu, өз oıyn dұrys, jüielі jetkize bılı Balalardyñ jazbaşa tılın damytu, өз oıyn dұrys, jüielі jetkize bılı men jazbaşa sauatty және мәdenietti boluynyñ mañызdylyғы jöninde alғаш pıkrı bıldırgeñ – Y.Altynsarin: «Ekı tilde jeñıl şyғarmalar jazuға jattyғu, күrdeli ыsqaғazdaryñ жүrgizu, olardan köşirmeler jasauға üiretudi» mindettedi.

Tıl damytu мәseleleri A.Baitүrsynүly

eңбектерінде tıldıñ teorıalyq мәsele-lerin meñgertumen bailanysty tereñ qarastyryлған. A.Baitүrsynүly oqu-şylardyñ jazbaşa tılın damytuda jañyltpaştar, maqal-mätelder men jүmbaqtardy paidalanu oquşylardyñ sözdik qorlaryñ tolyqtyratyndyğyn eskerip, synau және dağdylandyru jümystarynyñ jüiesin üsynған [3, 289]. Oquşylarmen жүrgizeletin bұл jümystardy өзge tıldı dārıshanalardaғы studenttermen жүrgiziletin jümystarda olardyñ sözdik qoryñ, tıl bailyğyn damytu üşin qoldanudyñ tiimdiligi zor.

Qazaq tılın oqytu әдіstemesinde orys mektepterine arналған qazaq tılı oqulyqtary men oqu qūraldaryñ jazған әдіsker ғalym – T.Şonanүly. Әдіsker ғalymnyñ qazaq tılın өзge ұлттарға oqytuға arналған «Samouchitel kirgizskogo dlä ruskih» dep atalatyn alғашqy oqulyğynda 92 sabaqta 172 jattyғu berilgen. Avtor qazaq tılın praktikalyq jolmen meñgertude jazba jümystaryna erekşe көñil bölgen. Orfografıalyq dağdy qalyptastyruға arналған jattyғular jüiesin üsynған.

Qazaq tılın basqa ұлттарға oqytu әдіstemesin arнайы qarastyрған әдіsker ғalym M.S.Lapatuhin qazaqşa söyleu tiline üiretude fonetika-lyq, gramatikalyq minimumdardy meñgertumen qatar audarma jümısy men ыsqaғazdaryñ jazuға üiretu мәselelerine erekşe toqtaldy. Ғalym orys mektepterinde qazaq tılın oqytudyñ aralas (kombinirovannyi), audarma және tura nemese körsetpe (naturaldy) әдістерi oquşylardyñ jazbaşa tılın damytuға negızdele жүrgiziletindigin qarastyrdy .

Qazaq tılın orys tıldı dārıshanalarda oqytu әдіstemesin tūñғыş ғылыми negızde zerttegen ғalym Ş.H.Sarybaev «Jaz-dyryp üiretudiñ әдістерi» еңбегінде «Programamen jazı», «Dұrys jazuға üiretudeгі qazırғы kedergiler», «Dұrys jazyp üirenuge de jaғдай kerek», «Dұrys jazuға көru sezimi arqyly әser etu», «Kөşirtip jazdyru», «Dұrys jazı qūlaqqı әser etetin bolsyn» t.b. көşirtip jazudyñ 10

türin jeke-jeke qarastyrady. Sonymen qatar hat jazdyru men onyñ mǎnı, baıandama, tezis jazuǵa jattyqtyru máseleleri qarastyrylǵan [4,17-24].

S.Rahmetova «Bastauyş synyp oquşylarynyñ jazı tılın damytu metodikasy» (1969) atty kandidattyq disertasiyasında zertteu jūmysy-myzǵa qatysty ádistemelik pikirler, nūsqaulardyñ tolyq qamtylǵandyǵy baıqaldy [5]. Ğalym doktorlyq disertasiyasında (1997) bastauyş synyp oquşylarynyñ auyzsa, jazbaşa tılın damytudyñ ğylymi-ádistemelik negızderin jasady. Atalǵan eñbekterdegi diktant türlerin özge tıldı studenttermen sabaq úderisinde jıı paidalanyp júrmız.

T.Ábdıkárimova «Bastauyş klasta tekspen jūmys isteı arqyly tıl damytu» atty zertteuinde mátinmen jasalatyn jūmys türlerin taldap, tıl damytu máselesimen bailynda qarastyrǵan. Ğalymnyñ: «Mátindegi aitylǵan oıdan árkim ózine qajetın ala bılu, ony bas-qalardyñ da baǵalap, talqylauyna mümkindik tuǵyzu qajet» degen qaǵıda tıldı úirenuşilerdiñ jazbaşa tılın jattyǵular júiesi arqyly damytu negızinde alynǵan [6,58]. Jattyǵu jūmystarynyñ negızinde studentterdiñ qatysymdyq iskerliklerin: mátinді túsınp oqu, oqyǵanyn óz sózimen aita, jaza bılu, mátin mazmūnyna saıkes óz kózqarasyn bıldire alu, mátin mazmūny boıynsa oi qorytyndysyn jasai bıluǵe daǵdylandyruǵa bolady.

Bılım aluşıylardyñ jazbaşa söi-leu tılın damytuda úsynylatyn jazba jūmystary qatysymdyq qūzırettılıktı jetıldıru maqsatyn iske asyrady. Bıl másele jóninde F.Ş.Orazbaeva: «Qarym-qatynas jasaudyñ ózi birlesken syǵarmaşylyqtyñ, birlese oilaudyñ, áriptestiktıñ sabaǵy, áldekımnıñ yrqyna berılmei, oıyn erkin aita alatyn jáne aituǵa tiis erkindik sabaǵy. Öitkeni mūnda pozisia aiqyn: bılim beru arqyly qarym-qatynas jasau jáne qarym-qatynas arqyly bılim beru kerek»,—deıdi [7.38].

Jazu – tañbalardyñ belgili bir fonemalyq,

maǵynalyq qasietke ie boluy arqyly adamdardyñ jazbaşa qarym-qatynasyn qamtamasyz etedi. Sondyqtan F.Abdrazahova: «Jazylym áreketinde tıl úirenuşı söylemnıñ mǎnine, maǵynasyna, formasyna kōñıl audaryp, ony oimen paıymdaı arqyly óz sanasynan ötkızıp, qaǵaz betine túsken materialdyñ túsınıktı, júieli boluy nátjesinde jazbaşa tıldık qatynasty júzege asyrady»,—dep kōrsetedi [8, 4].

Özge tıldı studentterdiñ ádebi tilde jazuyın damytudyñ psihologialyq negızı belgili psihologtar: L.S.Vygotski, P.İa.Gálperin, N.İ.Jinkin, A.S.Luria, D.B.Elkonin, V.A.Fledov, B.G.Ananov, V.A.Artemov, E.S.İstrina, L.N.Kadochkin, L.K.Nazarovalardyñ psihikalyq funksialardyñ damuyndaǵy zertteuleri bassylyqqa alyndy. Jazbaşa söyleu tılın damytudyñ psihologialyq erekşeliklerin qarastyruda qazaq psihologtary J.Aimaıytov, M.Mūqanov, Q.Jaryqbaev, T.Tájıbaev, S.Rahmetova, J.Namazbaeva t.b. zertteulerine süiendik.

Ádebi tilde jazudy damytuda qabyldau úderisiniñ orny erekşe. Psihologtar qabyldaıdyñ kōru, sezu jáne estu türlerine toqtala otyryp, jazbaşa söyleu tılın damytuda kōru jáne estu úderisterin erekşe atap kōrsetedi. Jazba jūmysta-ryn meñgertudiñ alǵaşqy kezeñinde oryndalatyn jattyǵu jūmystary kōru úderisine baǵyttalady, tıl úirenuşilerdi oqulyqtan nemese taqtadan qatesız kōşırıp jazuǵa daǵdylandyrady. Ekınşı kezeñinde diktant jūmysynyñ ózi kōru diktantynan bastalady, sodan soñ satylai kūrdelenedi. Üşinşı kezeñde mazmūndama, syǵarma türleri aldın ala sūryptalǵan materialdar boıynsa jeñilden kūrdelige ústanymy negızinde júrgızıldı.

Zertteu jūmysynyñ pedagogikalyq negızın qarastyryp, özge tıldı studentterdiñ ádebi tilde jazuyın damytudyñ ádistemesin anyqtauda Y.Altınsarin, M.Jūmabaev, J.Qoianbaev, R.Qoianbaev, S.Qaliev, J.A.Qaraev,

M.M.Janpeiissova, İa.A.Komenski, K.D.Uşinski, İu.K.Babanski, Ş.A.Amonaşvili, V.P.Bespälko, A.M.Abbasov, V.V.Arahin siaqty belgılı pedagog ğalymdardyñ eñbekterinde köri-nis tapqan.

Didaktikanyñ ğylymilyq űstanymy boıynşa tıl űirenuşilerdiñ ädebi tilde jazuyın damytuda jürgiziletin jazba jümystary tıldık minimumdy dağdyly qoldana biluine bailyanysty. Qazaq tıl biliminiñ teorialary olardyñ jazbaşa söyleu tılın damytuğa negiz bolady. Jazba jümystaryn oryndauda qalyptasatyn orfografialyq dağdy tıl biliminiñ orfografia salasymen birlikte qarastyrylady. Oqytudyñ ğylymilyq űstanymymen birlikte iske asyrylatyn űstanym – sanalylyq pen belsendilik űstanymy.

Jüielilik űstanymy. Bilim aluşy-lardyñ ädebi tilde jazuy äreketin damytu –üzdiqsiz, jüielı türde jürgiziletin jümystyñ nätiyesi. Bastauyş deñgeiden jetildiruşı deñgeige jetken studentterdiñ tıldık bilim deñgeiı anyqtalyp, jür-giziletin jazba jümystarynyñ jüiesı jasalynady. Bilim aluşylardyñ ädebi tilde jazuyın damytuda mätin-men jümys isteı jüiesı tömendegidei satylardan türady: a) jazylatyn şyğarma jümystarynyñ taqyryptaryn süryptau; ä) taqyryp mazmünyna qatysty sözder men söylemderdi tañdap, süryptau arqyly mätin qurastyru; b) jazylğan mätindi tekserip, odan äri jetildiru siaqty jüiesı oryndalady. Jüielilik űstanymy gramatikalyq materialdy süryptau űstanymymen bailyanysty bolğandyqtan, studentterdiñ qazaq tilinde ädebi tilde jazuyın damytuda negizgi űstanymdardyñ biri retinde qarastyrylady.

Gramatikalyq materialdy süryp-tau űstanymy мәseleleri A.N.Kim, N.Z.Bakeeva, A.P.Vasilchenko, T.N.Kazesalu, V.İ.Barannikov t.b. eñbekterinde zerttelip, atalğan ğalymdar orys tılın özge űlt ökilderine űiretu ädistemesiniñ negizin jasady. Gramatikalyq materialdy süryptauda söyleu modelderiniñ qoldanu jüielililigine, bir tiptililigine, qajettiligine köñil bölinedi. Diktant

mätinderi oqu bağdarlamasyndağy modul taqyryptaryna säikestendirile süryptaluy tiis. Bül űstanym negizinde süryptalğan diktant mätinderi ötilgen gramatikalyq materialmen bailyanysty bolady. Oqu bağdarlamasynda gramatikalyq taqyryptar jeñilden qıynğa, belgiliden belgisizge űstanymyn űstansa, jazba jümystardyñ mätinin süryptauda da osy űstanym negizge alyndy.

Sapalylyq űstanymy. Bilim aluşy-lardyñ ädebi tilde jazuyın damytuda tıldık materialdardy meñgertude negizge alynatyn űstanymnyñ türı – sapalylyq űstanymy. Sapaly türde jazuy degende, studenttiñ oiy, ony jetkizu sapasy eki türli boluy mümkin. Birinşisi, bilim aluşy jazuy üstinde özininiñ oiyın basqa bireuge tüsiniktı boluy űşin tiisti dybystar, buyndar, söz ben söylemder tañdap, qoldanuğa tyrysady. Olar jazba jümystaryn oryndauda emle мәselelerine män bere bermeidi. Mätin taqyrybyna bailyanysty jazba jümystaryn oryndauda sözder men söz tirkesterin dürıs jazğanymen, aitylatyn oi anyq, дәl, mazmündy deñgeide bolmaidy. Jüielı, üzilissiz jürgizilgen diktanttyñ nätiyesinde studentter orfografialyq, punktuasialyq erejelerge sai dürıs jazuyğa dağdylanady. Orfografialyq, punktuasialyq dağdylar sapaly meñgertilgende ğana mazmündama, şyğarma jümystaryn oryndai bastaidy және oqylğan nemese tyñdalğan mätin boıynşa öz közqarastaryn körkem tilde jetkizuge űmtylady.

Keşendi űstanym. Orys tıldı studentterdiñ ädebi tilde jazuy äreketterin damytuda jürgiziletin jazba jümystary keşendi türde űiymdastyrylğanda nätijelı jürgiziledi. Är topta jazba jümystarynyñ nätiyeleri sarapqa salynyp, körsetkişteri berilip otyrды. Özge tıldı studentterdiñ ädebi tilde jazuy dağdylaryn damytuda qoldanylatyn jazba jümystarynyñ keşendi jüiesı: jattyğuy jümystarynyñ jüiesı, diktant және onyñ türleri, mazmündama, şyğarma, aitylğan pikirge өз közqarastaryn

jetkizu jūmystaryn saralap qoldanu qajet.

Jazbaşa söileu tılın damytuğa bağyt-talğan jazba jūmystarynyñ türleri qatysymdyq bağytty ūstanady. Qatysym bılım aluşıylardyñ tıkelei qarym-qatynasyna, pikirlesuıne, söilesuıne negizdeledi. Tıl üirenuşılderdiñ ädebi tilde jazuyın damytuda söileu äreketiniñ

türleri (oqylym, jazylym, tyñdalym, aitylym, tildesım) kezektesip, äri jüielı türde жүrgıziledi. Söileu äreketiniñ tyñdalym, aitylym, oqylym, jazylym türlerin sanaly meñgergen student joğary deñgeidegi auyzşa, jazbaşa tildesimde sözdik qory tolyğyp, ädebi tilde jazıu äreketi damityndyğy anyqtaldy.

Paidalanylğan ädebietter:

1. Balaqaeв M. Qazaq tılıniñ mädenietiniñ mäseleleri / M.Balaqaeв. – Almaty: Qazaqstan, 1965. – 186-b.
2. Uälieв N. Söz mädenietı. – Almaty: Mektep, 1984. – 119 b.
3. Baitürsynuly A. Tıl tağlymy. – Almaty, 1998. – 362-b.
4. Sarybaev Ş. Qazaq tılıniñ metodikasynyñ keibir mäseleleri. – Almaty, 1956. – 99 b.
5. Rahmetova S. Qazaq tılın oqytu metodikasy. – Almaty: Rauan, 1991.- 184 b.

6. T.Äbdıkärımovа «Bastauyş klasta tekspen jūmys isteı arqyly tıl damytu» – Almaty, 2009, 81 b.
7. Orazbaeva F. Tildik qatynas: teoriasy jäne ädistemesi, – Almaty, 2000. – 208 b.
8. Abdrazahova F.J. Qazaq tılın şeteldik studentterge jazylym äreketi arqyly üiretu ädistemesi (joğary oqu oryndarynyñ filologia fakültetine arnalğan): ped.ğyl.kand. avtoreferaty. – Almaty, 2003, 29 b.



ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ІЗДЕНІСТЕРІ ӨНДІРІСКЕ ПАЙДА ӘКЕЛІП ОТЫР



Ғылым қызметкерлерінің күні – еліміздегі ғылыми қауымдастықтың кәсіби мерекесі. Бұл күн көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күніне орай белгіленген. Мереке аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, соның бірі ретінде Алматы қаласында отандық ғылымның дамуына, зерттеулердегі жаңашылдықтарға және ұлттық экономиканың өркендеуіне зор үлес қосқан Қ.И.Сәтбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою дәстүрге айналған.



Еліміздің жерасты байлығын барлап, оны ел игілігіне айналдырған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылымды өндіріспен ұштастыруды өсиет еткен еді. Қазір ғылым өндіріске бет бұрды. Нақтырақ айтқанда, ғылым саласы қолданбалы форматқа көшірілуде. Қаржыландыру артып, заманауи зертханалар іске қосылды. Енді ғылыми ізденістер экономиканы күшейтіп, өнеркәсіпті жаңа технологиялық деңгейге көтереді деген үміт

бар. Бұл бағытта Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті зерттеушілерінің ғылыми жаңалықтары қазірдің өзінде өндіріске қыруар пайда әкеліп отыр.



Саясат Нұрбек, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі:

- 450 млрд теңгедей үлес қоса алатын жобалар айқындалды. Яғни, 1 млрд долларға жақындап қалдық. Бір мысал, «Қазақмыс» корпорациясымен біздің Сәтбаев университетінің кен байыту және металлургия институты «селен» деген сирек металды тазарту жаңа әдестемесін шығарды. Соның арқасында селеннің тазартылған құны 15 есе өсті. Тұңғыш партия осы жылдың басында экспортқа шығарылды. «Қазақмыс» компаниясы 2 млрд жуық таза кіріс тауып отыр. Ғылым күні аясында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде бірнеше жаңа зертханалар ашылып, олардың алғашқы зерттеу нәтижелері таныстырылды. «Нанотехнологиялар және наноматериалдар» зертханасында ғалымдар ауыл шаруашылығы қалдықтары – күнбағыс қауызы, күріш қауызы, соя қалдығы, мақта қалдығынан химия өндірісіне, медицина саласына,



ауыл шаруашылығына және экология саласына қажетті функционалды материалдар дайындайды. Сана Қабдырахманова, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің жетекші ғылыми қызметкері, профессор:

- Мысалы, қуаңшылық кезеңінде жаңбырдың суын өзінің бойына жинап алады да, қажет кезінде береді. Сондай материал бар. Екіншісі, жеміс-жидектің сыртын қаптайды. Жеуге жарамды пленкалар алынды. Сонымен қатар Қазақстан бокситтерінің ылғалдылығын бойына сіңіріп алатын сіңіргіш сорбенттер алынды. Бұның барлығының ерекшелігі ол табиғи материал, отандық өнім, импортқа тәуелсіз өнім шығару болып табылады. Қолданбалы зерттеулердің нәтижесін көрген өндіріс, ірі корпорациялар ғылымға сенім арта бастады.



Жаңа Салық кодексіне маңызды ынталандырушы тетік енгізілді. «Егер қабылданса, жекеменшік компаниялар инновацияларға инвестиция салып, жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарымен бірлескен ғылыми өндірістерді құруға, зертханалар ашуға қаржы құятын болса, олар 200%-ке дейін салықтық шегерімдер ала алады», – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек. Бұл да ғылымның дамуына жол ашпақ.

Дереккөз: <https://24.kz/kz/byz-turaly>

Авторлары: Гүлжан Көленқызы, Валентин Лобанов



ҮШҚҰДЫҚТА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАЛАР ӨТТІ



Ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Үшқұдық ауданында бірқатар мәдени-көпшілік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Қазақ халқының ұлы ойшылының өмірі мен шығармашылығын ұлықтауға бағытталған бұл бастамалар ел арасында кең қолдауға ие болды.

Мыңбұлақ ауылындағы жалпы білім беретін мектеп базасында өткен танымдық іс-шараға аудан көлеміндегі қазақ мектептерінің оқушылары белсене қатысты. Шараны мектеп директоры Ерлан Қонарбаевтың бастамасымен ұжым бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараның шымылдығы «Абай – дана, Абай – дара» атты жыр бәйгесімен ашылды. Бұл байқауда оқушылар Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқып, ақын шығармашылығына деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. №1, 2, 4, 11 және 12 мектептерінен келген оқушылардың өнері қазылар тарапынан жоғары бағаланды.

Жыр бәйгесінің жеңімпаздары:

- I орын – №11 мектептің 9-сынып оқушысы Өсєрова Балжан
- II орын – №11 мектептен Айтбаєва Ақерке және №12 мектептен Бєкмұратова Балым
- III орын – №11 мектептен Кеңєсбаєв Нұршат және №12 мектептен Бєкмұратова Гүлниса.

Бұдан бөлек, жастарды өнерге баулу мақсатында ұйымдастырылған «Бала дауысы» атты ән байқауы да көрермендердің көңілінен шықты. Байқауға аудан мектептерінен келген 8 жас өнерпаз қатысып, Абай мұрасына арналған әндерді шырқап, өз дарынын паш етті.



Ән байқауының жүлдегерлері:

- I орын – Құлқұдық ауылы №1 мектептің 6-сынып оқушысы Ғаниев Нұрладин;
- II орын – №11 мектептен Өсербаева Балжан мен Ақмұрзаев Нұргелді;
- III орын – №2 мектептен Жарымбетова Іңкәр және №11 мектептен Құлманов Нұрбала.



Сайыс соңында жеңімпаздар мен қатысушылар естелік сыйлықтар және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Абайдың ұлағатты мұрасы – ұлт руханиятының темірқазығы. Осындай игі шаралар жас ұрпақтың ақын шығармашылығына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге жол ашады.

*Автор: Райхан Қадырова, Гүлдана Төреханқызы
Өзбекстан Республикасы*



Аида Аяпбергенқызы Мұхаметқали
«Тұран» университетінің аға оқытушысы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ӘЛЕУЕТІ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі функционалды сауаттылық пен коммуникативтік құзыреттілікке басымдық беруде. Осы орайда қазақ тілінің білім беру процесіндегі орны мен рөліне, әсіресе студенттердің кәсіби дискурста қазақ тілін еркін әрі дәл пайдалана алу қабілетіне қатысты мәселелер күн тәртібінен түспей келеді. Бұл мақалада жоғары оқу орнындағы қазақ тілінің коммуникативтік әлеуетін арттырудың мүмкіндіктері мен кедергілері сараланып, нақты факторлар мен шешу жолдары қарастырылады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырумен қатар, олардың тілдік және коммуникативтік қабілеттерін дамыту — маңызды басымдықтардың бірі. Бұл тұрғыда мемлекеттік тіл — қазақ тілінің әлеуеті ерекше. Қазақ тілін жоғары оқу орындарында тек пән ретінде ғана емес, болашақ мамандардың кәсіби, әлеуметтік және мәдени өмірінде маңызды қатысымдық құрал ретінде қалыптастыру

— білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатына айналуы тиіс.

Қазақ тілінің жоғары оқу орнындағы коммуникативтік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін бірнеше негізгі фактор бар. Ең алдымен, тілдік саясат пен заңнамалық базаға назар аударған жөн. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңы, сондай-ақ білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мемлекеттік тілдің мәртебесін нақты айқындайды. Бұл қазақ тілінің жоғары білім беру жүйесіндегі қолдану аясын кеңейтуге құқықтық негіз қалайды.

Екінші жағынан, заманауи цифрлық ресурстар мен оқыту платформаларының дамуы қазақ тілін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге жол ашты. Мысалы, Quizlet, Wordwall, Kahoot, LearningApps сияқты интерактивті құралдар арқылы студенттердің тілдік материалды меңгеруі жеңілдей түсіп, оларды белсенді қатысуға ынталандырады. Мұндай платформаларда студент тек білім алушы ғана емес,

сонымен қатар тілдік тәжірибе жүргізуші белсенді тұлға ретінде танылады.

Үшіншіден, қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту тәжірибесі де кеңейіп келеді. Яғни, студенттің мамандығына сәйкес бейінделген тілдік курстар –

заң, экономика, педагогика, медицина секілді салаларда қазақ тілін нақты кәсіби дискурста меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл студенттің тілді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануына жол ашып, қатысымдық дағдыларды жүйелі



дамытуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы шешендік өнер мен риторикалық шеберлікке бағытталған үйірмелер, дебат клубтары, эссе және баяндама байқаулары – студенттердің сөйлеу мәдениетін, ойды жүйелі жеткізе білу қабілетін жетілдіруге ықпал ететін маңызды құралдар. Бұл бағыттағы жұмыстар тілді тек жазбаша емес, ауызша қатысымда да тиімді пайдалануға үйретеді.

Алайда қазақ тілінің қатысымдық әлеуетін толық іске асыру жолында

бірқатар кедергілер де бар. Соның бірі – студенттердің ішкі мотивациясының төмендігі. Қазақ тілі пәні көбіне тек формалды түрде оқытылып, студент тарапынан тек «міндетті» пән ретінде қабылданады. Мұндай көзқарас тілдің өмірлік қажетті құрал ретіндегі маңызын төмендетіп жібереді.

Екінші кедергі – көптілді білім беру жағдайындағы қазақ тілінің қолданылу аясының шектелуі. Көптеген техникалық және халықаралық бағдарламаларда ағылшын және орыс тілдерінің үстемдігі

байқалады. Мұндай ахуалда қазақ тілінде сөйлесуге деген қажеттілік азайып, студент тілдік практикадан тыс қалады.

Үшіншіден, кей жағдайда қазақ тілі пәнін жүргізетін оқытушылардың әдістемелік дайындық деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін. Коммуникативтік оқыту әдістемесі оқытушыдан креативтілік пен заманауи технологияларды тиімді пайдалана білу қабілетін талап етеді. Алайда дәстүрлі грамматикалық тәсілдерге сүйенетін оқыту моделі студенттің белсенді қатысуын тежейді.

Соңғы мәселе – оқу құралдары мен әдістемелік материалдардың сапасына байланысты. Қазіргі студенттің ойлау жүйесіне, тілдік деңгейіне және қызығушылығына сай келмейтін ауыр құрылымды мәтіндер мен жаттығулар тілді меңгеруді күрделендіреді. Бұл мәселені шешу үшін студенттік аудиторияға бағытталған, өмірмен байланысты, мазмұны жағынан тартымды, тілі жеңіл әрі қазіргі коммуникативтік жағдаяттарды ескеретін материалдар қажет.

Осы аталған мүмкіндіктер мен кедергілерді ескере отырып, қазақ тілінің жоғары оқу орнындағы қатысымдық әлеуетін дамытудың кешенді жүйесі қажет. Бұл жүйе студенттің мотивациясын арттыру, оқытушының кәсіби шеберлігін жетілдіру, оқу материалдарын жаңарту және қазақ тілін қоғамдық-саяси, кәсіби салаларда белсенді қолдануды қолдау бағыттарында жүзеге асуы тиіс.

Жоғары оқу орнындағы қазақ тілінің коммуникативтік әлеуеті – білім беру кеңістігіндегі тілдік саясат пен нақты тәжірибенің түйіскен тұсы. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қатысымдық қызметін кеңейту – тек тіл мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қазақ тілін тек грамматикалық білім деңгейінде емес, шынайы қарым-қатынас құралы ретінде

меңгеру – студенттің тұлғалық қалыптасуы мен кәсіби жетілуінің маңызды бөлігі.

Мақалада қарастырылғандай, жоғары оқу орындарында қазақ тілінің қатысымдық әлеуетін арттыруға құқықтық, әдістемелік және технологиялық мүмкіндіктер жеткілікті. Цифрлық құралдар, мамандыққа бейімделген курстар, шешендік дағдыларды дамытуға арналған алаңдар – мұның бәрі тілдің өміршендігін қамтамасыз ете алады. Алайда осы әлеуетті толық жүзеге асыру үшін студенттердің ішкі уәжін арттыру, оқытушылардың әдістемелік даярлығын жетілдіру, тілдік орта қалыптастыру және мазмұндық оқу құралдарын жаңарту секілді маңызды мәселелер шешімін табуы қажет.

Қазақ тілінің жоғары білім жүйесіндегі орны мен рөлін нақтылау – бұл тек білім беру мәселесі ғана емес, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту жолындағы стратегиялық бағыт. Сондықтан бұл саладағы әрбір бастама – болашақтың тілдік бейнесін қалыптастыруға қосылған үлес деп бағалануы тиіс.

Ұсыныстар

Кәсіби бағдарланған қазақ тілі курстарын кеңейту. Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына әр мамандыққа бейімделген қазақ тілі пәндерін енгізу қажет. Мысалы, заң, медицина, IT, педагогика салаларына арналған терминологиялық және жағдаяттық сөйлесімге негізделген курстар студенттің болашақ қызметтік қарым-қатынасына бағытталуы тиіс.

Коммуникативтік әдістерге негізделген оқыту жүйесін жетілдіру. Оқытушылар қатысымдық, интерактивті, жобалық әдістерді кеңінен қолдануы қажет. Оқу үрдісінде диалог, дебат, пікірталас, рөлдік ойындар, TED форматындағы баяндамалар сияқты белсенді әдістерді енгізу тілдік

дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру. Қазақ тілі оқытушылары үшін семинар-лар, шеберлік сабақтары, тренингтер өткізіліп, жаңартылған әдістемелер мен цифрлық құралдарды тиімді қолдану жолдары үйретілуі тиіс. Бұл оқу сапасын арттырып қана қоймай, тілдің заманауи талаптарға сай оқытылуына жол ашады.

Тілдік орта қалыптастыруға бағытталған алаңдар ашу. Университеттерде шешендік өнер клубтары, сөйлеу мәдениетін дамытатын үйірмелер, шығармашылық байқаулар, «Оратор күні», «Тіл апталығы» сияқты жобалар тұрақты ұйымдастырылуы тиіс. Бұл студенттердің тілге деген қызығушылығын арттырып, белсенді қолдануына серпін береді.

Қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту. Студенттерге арналған заманауи, кәсіби, өмірмен байланысты оқу құралдарын, подкасттар мен бейнесабақтарды көбейту қажет. Оқу материалдары тартымды, мазмұнды және қатысымдық жағдаяттарға негізделуі тиіс.

Білім беру жүйесінде қазақ тілінің мәртебесін нақтылау. Мемлекеттік тілдің жоғары оқу орнын-дағы қолданылуын жүйелі мониторингтен өткізіп, оны нақты өлшемдермен бағалау ұсынылады. Университеттердің ішкі тәртіп ережелерінде, ғылыми жұмыстар мен ресми құжат айналымында қазақ тілінің басым қолданысына бағытталған шаралар енгізілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтпаева, А. И., & Сыздықова, Р. (2021). *Қазақ тілі және сөйлеу мәдениеті*. Алматы: Қазақ университеті.
2. Жанпейісова, М. М. (2020). *Интерактивті оқыту әдістері және олардың тіл үйретудегі рөлі*. Қазақ гуманитарлық білім журналы, 3(45), 25–32.
3. Қалиев, Ғ. (2019). Жоғары оқу орнындағы қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. *Қазақ тілі мен әдебиеті*, 6(156), 48–54.
4. Назарбаева, Д. Н. (2018). *Қазіргі заманғы көптілділік және қазақ тілі: Мәселелер мен шешімдер*. Астана: Ұлттық аударма бюросы.
5. Cummins, J. (2000). *Language, Power and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire*. Clevedon: Multilingual Matters.
6. Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
7. OECD. (2019). *The Future of Education and Skills 2030*. Retrieved from <https://www.oecd.org/education/2030/>
8. Мұхамбетжанова, С. Ә., & Төлегенова, Ш. А. (2022). Цифрлық білім беру ресурстары арқылы қазақ тілін оқыту. *Білім беру жүйесіндегі инновациялар*, 2(10), 34–39.
9. Ермекова, А. Ж. (2023). Қазақ тілінің қатысымдық қызметін дамытудағы шешендік өнердің рөлі. *ҚР ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы*, 1(399), 15–22.
10. UNESCO. (2018). *Global Education Monitoring Report: Migration, Displacement and Education*. Paris: UNESCO Publishing.



Aida Aiapbergenqyzy Mūhametqali
«Tūran» universitetiniñ aǵa oqytusysy

JOǴARY OQU ORNYNDAǴY QAZAQ TILINIŇ KOMUNIKATIVTİK ÄLEUETI: MÜMKINDIKTER MEN KEDERGILER

XXI ǵasyrdaǵy bılım beru jüiesi funktsionaldy sauattylyq pen komunikativтік qūzyrettılıkke basymdyq berude. Osy oraida qazaq tiliniñ bılım beru prosesindeǵı orny men röline, äsirese studentterdiñ käsibi diskursta qazaq tilin erkin äri däl paidalana alu qabiletime qatysty мәseleler kün tärtibinen tüspei keledi. Bül maqalada joǵary oqu ornyndaǵy qazaq tiliniñ komunikativтік äleuetin arttyrudynñ мүmkındikterı men kedergileri saralanyp, naqty faktorlar men şeşu joldary qarastyrylady.

Qazırgı tañda joǵary oqu oryndarynda bılım aluşılyardyñ käsibi qūzyrettılıǵın qalyptastyrumen qatar, olardyñ tıldık jäne komunikativтік qabiletterin damytu – mañyzdy basymdyqtardyñ bırı. Bül türǵyda memlekettik til – qazaq tiliniñ äleueti erekşe. Qazaq tilin joǵary oqu oryndarynda tek pän retinde ǵana emes, bolaşaq mamandardyñ käsibi, äleumettik jäne мәdeni ömirinde mañyzdy qatysymdyq qūral retinde qalyptastyru – bılım beru jüiesiniñ strategialyq maqsatyna ainaluy tiis.


Qazaq tiliniñ joǵary oqu ornyndaǵy

komunikativтік äleuetin arttyruǵa мүmkındık beretin birneşe negızgı faktor bar. Eñ aldymen, tıldık saiasat pen zañnamalyq bazaǵa nazar audarǵan jön. «Tıl turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ zañy, sonдай-aq bılım beru salasyndaǵy normativтік qūjattar memlekettik tıldıñ мәrtebesin naqty aiqyndaidy. Bül qazaq tiliniñ joǵary bılım beru jüiesindeǵı qoldanu aiasyn keñeituge qūyqytyq negız qalaidy.


Ekınşı jaǵynan, zamanauı sifrlyq resurstar men oqytu platformalarynyñ damuy qazaq tilin oqytuda jaña ädis-täsilderdi engızuge jol aştı. Mysaly, Quizlet, Wordwall, Kahoot, LearningApps siaqty interaktivtı qūraldar arqyly studentterdiñ tıldık materialdy meñgeruı jeñildei tüsip, olardy belsendi qatysuǵa yntalandyrady. Mündai platformalarda student tek bılım aluşı ǵana emes, sonymen qatar tıldık täjiribe жүrgizuşı belsendi tülǵa retinde tanylady. Üşinşiden, qazaq tilin käsibi baǵytta oqytu täjiribesı de keñeiip keledi. İaǵni, studenttiñ mamandyǵyna säikes beindelgen tıldık kurstar – zañ, ekonomika, pedagogika, medisina sekildi salalarda qazaq tilin naqty käsibi diskursta

meңgeruge мүmkındık beredı. Bұл тásıl studentтің тıldı naqty ömırlık jaғdaiattarda qoldanuyna jol aşıp, qatysymdyq daғdylardy

jüieli damytudy qamtamasyz etedı. Sonymen qatar, joғary oqu oryndaryndaғы şeşendık öner men ritorikalyq шеberlıkke baғyttalған



Wordwall



üiırmeler, debat klubtary, ese jäne baıandama baıqaulary – studentterdıń söyleu mädenietın, oıdy jüieli jetkize bılı qabiletın jetildiruge yqpал etetin maңызdy quraldar. Bұл baғyttaғы jümystar тıldı tek jazbaşa emes, auyzша qatysymda da tiımdı paidalanuға üiretedı.

Alaida qazaq tılıń qatysymdyq äleuetın tolyq iske asyru jolynda birqatar kedergiler de bar. Sonyń bırı – studentterdıń ıskı motiviasısynyń tömendıgı. Qazaq tılı pänı köbine tek formaldy türde oqytylyp, student tarapynan tek «mındetti» pän retinde qabyldanady. Mündai közqaras tıldıń ömırlık qajetti qural retindegı maңызyn tömendetip jıberedı.

Ekınşı kedergı – köptıldı bılım beru jaғdaiyndaғы qazaq tılıń qoldanylu aiasynyń shektelı. Köptegen tehnikalyq jäne halyqaralyq baғdarlamalarda aғылsyn jäne orys tılderınıń üstemdıgı baıqalady. Mündai ahualda qazaq tılınde söyleuge degen qajettılık azaiyp, student тıldık praktikadan tys qalady.

Üшінсіден, kei jaғdaida qazaq tılı pänın жүргızetin oqytuşılyardyń ädistemelik daiyndyq deңgeiı jetkiliksız boluy мүmkın. Komunikativтік oqytu ädistemesı oqytuşıdan kreativтілік pen zamanai tehnologialardy tiımdı paidalana bılı qabiletın talap etedı. Alaida дәstүrlı gramatikalyq тásılдерge süienetin oqytu modelı studentтің belsendı

qatysuyn tejeidi.

Soñғы мәsele – oqu qūraldary men ādistemelik materialdardyñ sapasyna bailanysty. Qazırgı studenttiñ oilau jüiesine, tıdık deñgeiine jäne qyzyǵuśylyǵyna sai kelmeitin auyr qūrylymdy mätinder men jattyǵular tıdık meñgerudi kürdelendiredi. Bül mäseleni şeśu üşin studenttik auditoriaǵa baǵyttalǵan, ömirmen bailanysty, mazmūny jaǵynan tartymdy, tılı jeñil äri qazırgı komunikativtik jaǵdaiattardy eskeretin materialdar qajet.

Osy atalǵan mümkindikter men kedergilerdi eskere otyryp, qazaq tılıniñ joǵary oqu ornyndaǵy qatysymdyq äleuetin damytudyñ keşendi jüiesi qajet. Bül jüie studenttiñ motivasiyasyn arttyru, oqytuśynyñ käsibi şeberligin jetildiru, oqu materialdaryn jañartu jäne qazaq tılın qoǵamdyq-saiasi, käsibi salalarda belsendi qoldanudy qoldau baǵyttarynda jüzege asuy tiis.

Joǵary oqu ornyndaǵy qazaq tılıniñ komunikativtik äleueti – bilim beru keñistigindegi tıdık saiasat pen naqty täjiribenin tüisken tüsy. Bügingi tañda memlekettik tılın qatysymdyq qyzmetin keñeitu – tek til mamandarynyñ ğana emes, bükil qoǵamnyñ ortaқ mindeti. Qazaq tılın tek gramatikalyq bilim deñgeinde emes, śynaiy qarym-qatynas qūraly retinde meñgeru – studenttiñ tūlǵalyq qalyptasuy men käsibi jetiluinin mañyzdy böligi.

Maqalada qarastyrylǵandai, joǵary oqu oryndarynda qazaq tılıniñ qatysymdyq äleuetin arttyruǵa qūqyqtyq, ādistemelik jäne tehnologialyq mümkindikter jetkilikti. Sifrlıyq qūraldar, mamandyqqa beımdelgen kurstar, şeşendik daǵdylardy damytuǵa arnalǵan alañdar – mūnyñ bāri tılın ömirşeñdigin qamtamasyz ete alady. Alaida osy äleueti tolyq jüzege asyru üşin studentterdin ıśkı uājın arttyru, oqytuśylardyñ ādistemelik daiarlyǵyn jetildiru, tıdık orta qalyptastyru jäne mazmūndyq oqu qūraldaryn jañartu

sekildi mañyzdy мәseleler şeşimin tabuy qajet.

Qazaq tılıniñ joǵary bilim jüiesindegi orny men rōlin naqtylau – bül tek bilim beru мәselesi ğana emes, ülttyq мәdenietti saқтаu men damytu jolyndaǵy strategialyq baǵyt. Sondyqtan bül saladaǵy ärbir bastama – bolaśaqtyñ tıdık beinesin qalyptastyruǵa qosylǵan üles dep baǵalanuy tiis.

Üsynystar

Käsibi baǵdarlanǵan qazaq tılı kurstaryn keñeitu

Joǵary oqu oryndarynyñ oqu baǵdarlamalaryna äri mamandyqqa beımdelgen qazaq tılı pänderin engizu qajet. Mysaly, zañ, medisina, IT, pedagogika salalaryna arnalǵan terminologialyq jäne jaǵdaiattyq söilesimge negizdelgen kurstar studenttiñ bolaśaq qyzmettik qarym-qatynasyna baǵyttaluy tiis.

Komunikativtik ādisterge negizdelgen oqytu jüiesin jetildiru

Oqytuśylar qatysymdyq, interaktivti, jobalyq ādisterdi keñinen qoldanuy qajet. Oqu ürdisinde dialog, debat, pıkırtalas, rödik oiynдар, TED formatyndaǵy baiandamalar siaqty belsendi ādisterdi engizu tıdık daǵdylardy damytuǵa yqpал etedi.

Oqytuśylardyñ käsibi biliktiligin arttyru
Qazaq tılı oqytuśylary üşin seminarlar, şeberlik sabaqtary, treniñter ötkizilip, jañartylǵan ādistemeler men sifrlıyq qūraldardy tiimdi qoldanu joldary üiretilui tiis. Bül oqu sapasyn arttyryp qana qoimai, tılın zamanauı talaptarǵa sai oqytyluyna jol aśady.

Tıdık orta qalyptastyruǵa baǵyttalǵan alañdar aśu

Universitetterde şeşendik öner klubtary, söyleu мәdenietin damytatyn üiirmeler, śyǵarmaśylyq baiqaular, «Orator küni», «Tıl aptalyǵy» siaqty jobalar tūraqty üiymdastyryluy tiis. Bül studentterdin tilge degen qyzyǵuśylyǵyn arttyryp, belsendi qoldanuyna serpın beredi. 5. Qazaq

tılındegı oqu-ädıstemelik materialdardy jañartu Studentterge arnalğan zamanauı, käsibi, ömirmen bailanysty oqu qūraldaryn, podkasttar men beinesabaqtardy köbeitu qajet. Oqu materialdary tartymdy, mazmūndy jäne qatysymdyq jağdaiattarğa negızdelui tiıs. 6. Bılım beru jüiesinde qazaq tılınıñ märtebesin naqtylau Memlekettik tıldıñ joğary oqu ornyndağy qoldanyluyn jüielı monitoriñten ötkızıp, ony naqty ölşemdermen bağalau üsynylady. Universitetterdiñ ıskı tärtıp erejelerinde, ğylymi jümystar men resmi qūjat ainalymynda qazaq tılınıñ basym qoldanysyna bağytalğan şaralar engızılui kerek.

Paidalanylğan ädebietter:

1. Aitpaeva, A. İ., & Syzdyqova, R. (2021). Qazaq tılı jäne söileu mädenietı. Almaty: Qazaq universiteti.
2. Janpeisova, M. M. (2020). İnteraktivtı oqytu ädisteri jäne olardyñ til üiretudegi röli. Qazaq gumanitarlyq bılım jurnaly, 3(45), 25–32.
3. Qaliev, Ğ. (2019). Joğary oqu ornyndağy qazaq tılın oqytudyñ innovasialyq ädisteri. Qazaq tılı men ädebieti, 6(156), 48–

54.

4. Nazarbaeva, D. N. (2018). Qazırgı zamanğy köptıldılık jäne qazaq tılı: Mäseleler men şeşimder. Astana: Ülttyq audarma bürosy.
5. Cummins, J. (2000). Language, Power and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire. Clevedon: Multilingual Matters.
6. Vygotsky, L. S. (1978). Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Cambridge, MA: Harvard University Press.
7. OECD. (2019). The Future of Education and Skills 2030. Retrieved from <https://www.oecd.org/education/2030/>
8. Mūhambetjanova, S. Ä., & Tölegenova, Ş. A. (2022). Sifrlyq bılım beru resurstary arqyly qazaq tılın oqytu. Bılım beru jüiesindegi innovasialar, 2(10), 34–39.
9. Ermekova, A. J. (2023). Qazaq tılınıñ qatysymdyq qyzmetın damytudağy şeşendık önerdiñ röli. QR ŪĞA Habarşysy. Filologia seriesy, 1(399), 15–22.
10. UNESCO. (2018). Global Education Monitoring Report: Migration, Displacement and Education. Paris: UNESCO Publishing.





Жошыбаева Мархабат Жұмабекқызы
Алматы қаласының №148 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-шебер

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫ ОЙЫН ТОЛЫҚ ӘРІ САУАТТЫ ЖЕТКІЗЕ АЛУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деген екен Ғабит Мүсірепов. Ендеше адам баласы кітап оқу арқылы ой-өрісін өсіріп, ақылын толықтырып, оң тәлім-тәрбие алары сөзсіз. Баланың оқитын кітабын бірге таңдасып, сол кітапты баламен бірге оқып, онда жазылған сөздердің мағынасын ашып, түсініп, түйсініп оқуына жол ашып отырған дұрыс. Өзінің оқып отырғаны түсінікті болғанда ғана бала алға қарай жылжып, кітапқа деген қызығушылығын арттыра түседі. Кітапты соңына дейін оқуға асығады. Оқиганың қалай болып аяқталатынына көз жеткізгісі келеді. Кіші жастағы балаға кітап оқуды асықпай үйреткен жөн. Кітап оқу ережесін ептеп бойына сіңірткен дұрыс. Мейлі өз ұстазымен оқысын, мейлі өз ата-анасымен оқысын сол кітаптан не түсінгенін, не үйренгенін, қандай тәрбие алғанын, кімге ұқсағысы келгенін сұрап, баланың ой-арманын оятып отырғанда оның өмірге деген құлшынысы артып, кеуде қуысы арманға толы болады. Армандай білетін бала мақсатқа да қол жеткізе алады. Себебі көз жетпейтін жерге ұшқыр ой жетеді. Әрбір адамның пайым-парасаты, білім, білік деңгейі, адамгершілігі мен кісілігін әрдайым толықтырып отыратын асыл зат – кітап. Осы ойды оқушы бойына кіші жастан сіңірткен де ғана ол өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Ал кіші жастағы, 1-сыныпқа жаңа келген, әлі әріп танымайтын баланы қалай оқуға қызықтырамыз?

Ең алдымен, «Кітап деген не? Ол қалай пайда болды деп ойлайсың?» деген сұрақтарға оқушы өз болжамдары бойынша жауап беріп көргендерін дұрыс деп санадым. Кіші

жастағы балаға «Сенің ойың өте орынды, керемет» деген сөздің өзі оны желпіндіріп, алға жылжуына қанат бітіреді. Осыдан кейін балаларға «Кітап қайдан шықты?» деген тақырыпта бейнематериал көрсетіп, кітаптың қандай қиындықпен келетінін түсіндіруге тырысамын. Бұдан әрі «Кітапты қалай ұстау керек деп ойлайсың? Неге?» деген сұраққа өз шама шарқыларынша дәлелдемелер мен пайымдаулар келтіре отырып ойларын жеткізуге талпынады. Баламен «Кітап» тақырыбында осындай ашық әңгімелер жүргізілгеннен кейін, олар шынымен-ақ кітаптың бетін бүктемейді, кітап бетін сызбайды, жыртпайды. Керісінше өте мұқият күтіп ұстап, өз оқулығында сызылған жер болса, өшіріп тазалауға талпынады. Осы нәтижелерге мен өз тәжірибемде қол жеткізіп келемін. Кітаптың қадірін түсінгеннен кейін бала кітап бетінде берілген әрбір суретке зейін қоя қарайды. Сурет бойынша өз көзқарасын, не көріп тұрғанын, неліктен бұл суреттің берілгенін өзінше сөйлеп жеткізіп көреді. Баланың айтқан ойын қолпаштап, «Міне, сен кітап оқуды үйрене бастадың, суретті сөйлеттің» – деп марапаттай отырып, алдыға жетелеу арқылы 1-сынып оқушысының кітап оқуға деген қызығушылығын оятуға болатынына көз жеткіздім. Әріпті толық танып үлгермеген оқушы болса да, «Суретті сөйлет» әдісі арқылы кітап оқуға баулығанда ол суретте көрсетілген барлық бейнені атап шықпайынша басын кітаптан көтермейтін болады. Бұл дегеніміз баланың кітап оқуға деген қызығушылығымен бірге зейіні де шоғырлана бастады деген сөз. 1-сыныптан зейіні шоғырланған бала алдағы сыныптарда да өзінің күн тәртібіне міндетті түрде кітап оқуды қосып отырады. Кітап оқу оның әдетіне айналады. Өзінің жеке кітапханасын жинақтай бастайды. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін алдымен баланың тілін дамытып, дұрыс оқуға машықтандыру қажет деп ой түйдім.

Өз ойын толық әрі сауатты жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру үшін алдымен балаға әріпті анық дыбыстауға, оны дұрыс танып, оқуға, қатесіз таңбалауға баулу керек. Бүгінгі әріпті өзге әріптерден ажырата алуға жетелеу. Мұғалімдер қауымы өз сабақтарында қолданатын көптеген педагогикалық тәсілдер бар.

Кейбір бала «Осы сөзді оқуға тиіспін» деген міндетті ғана орындайды. Сөзді оқуын оқиды. Бірақ оның не жайлы, не туралы жазылған сөз екенін түсіне бермейді. Сондықтан «Сөзді толық оқу, түсініп оқу» әдісін ұтымды қолдануға тырысып жүрмін. Әріптерді тек жаттанды түрде ғана оқып қоймай, оның мағынасын түсініп оқу маңыздырақ. Сонда ғана оқушының сөздік қоры молая түспек. Оқушының сөзді түсініп оқуы, оның мағынасын өз сөзімен ашып түсіндіріп беруі – ең бірінші мақсатым. Оқушы түсініп оқи алса, сол сөзді күнделікті өмірде тиімді қолдана алады. Осыған жету жолында «Буындардан сөз жаса», «Әріптерді дұрыс орналастыр», «Қандай сөз жасырдым?», «Кім көп сөз ойлайды?», «Мағынасын түсінемін», «Қоржынымды толықтырамын», «Менің жебемде» деген сияқты түрлі ойындарды ойнату арқылы балаға жаңа сөздің мағынасын түсініп, оның мазмұнын өз сөзімен айтып беруге баулып отырамын. Жаңа сөзді бір сабақта ғана айтып қоймай, оны күнделікті қайталатып отырып жадында ұзақ сақтауға көмектесемін.

Оқушыларымның оқу дағдысын қалыптастыру өте күрделі жұмыс екенін түсініп, күн сайын олардың көңіл күйлерін көтеріп, оң психологиялық ахуал туғызуға тырысамын. Оқушыға үлкен сенім артамын. «Сен өте жақсы оқып келе жатырсың?», «Кешегі сабаққа қарағанда бүгін өте кереметсің!», «Ертең тіпті мықты болатынына сенемін!» дегендей қолпаштау сөздерді аямаймын. Соның арқасында оқушыма сенімділік пайда болып,

ол дұрыс оқуға, оқығанын түсінуге тырысады. Яғни оқушының оқу сауаттылығы қалыптаса бастайды. Өзі оқып өзі түсіне алса, онда ол өз бетінше жұмыс істей алуға да машықтанады. Себебі оқушы сөздің мағынасын толық түсініп отырғандықтан тапсырманың да берілгенін толық түсінеді. Ендеше ол жан-жағына жалтақтап ешкімнен көмек сұрамайды, алаңдамайды. Өзіне тиесілі тапсырманы өздігінен соңына дейін дұрыс орындайды. Осылайша менің оқушыма «Мен бұл тапсырманы орындай аламын. Бұл менің қолымнан келеді. Бұл тапсырма маған қиын емес.», – деген ойда болады да оның оқуға қызығушылығы артып, сөйлеу және ойлау дағдысы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушысына оның ішінде 1-сынып оқушысына сөзді ДҰРЫС оқи алу өте маңызды шаруаның бірі болып саналады. Өйткені 1-сынып оқушыларында сөзді дұрыс оқи алудың алғашқы қадамдары бастау алады. Осы сатыда оқушыларымды дұрыс оқуға бейімдеп алсам, онда алдағы сатыларда көп жетістікке қол жеткізе аламын. Оқушыларымның сөздегі әріптердің орнын ауыстырмай, не бір буынды тастап кетпей, толық әрі дұрыс оқуға, оқыған сөздің мағынасын түсініп оқи алуға төселдіріп алғаннан кейін тұтастай мәтінді оқуға жетелеймін. Ең бірінші баланың мәтінді толық оқып шығуын бақылау. Мәтіндегі есте қалған сөздерін, не сөйлемдерін сұрау, не түсінгенін білу. Мәтінді толық оқып шығуға төзімділігі жете ме? Мәтін соңына жеткенше мәтіннің басындағы оқығаны ұмытып қалмай ма? Есте сақтау қабілеті қаншалықты деңгейде? екеніне бақылау жүргізіп, сынып оқушыларымның деңгейін анықтап алғаннан кейін саралау тапсырмаларын қызықты сюжетті суретпен әзірлей отырып, «Сенің ойыңша ...», «Кім жайлы?», «Оның орнында болсаң, ...», «Басты кейіпкердің әрекеті», «Басында не болды?», «Немен аяқталды?», «Неге олай ойлайсың?» сұрақтары арқылы баланың ой-өрісін дамытып, шағын мәтінді толық оқуға ептеп үйретемін. Шағын мәтінді толық оқуға бойы үйренген балаға ақырындап мәтінге байланысты тапсырмалар ұсынамын. Келесі сатыда мен өз оқушыларыма оқуға берілетін мәтіннің көлемін үлкейтіп ұсына беремін. Өйткені мәтінді толық оқып шығуға, оның мазмұнын түсінуге оқушының шыдамдылығы жетеді. Ол негізгі мақсатты түсінеді. Нәтижеге қол жеткізуге тырысады.

Бүгінгі таңда яғни жаңартылған білім берудің басты мақсаты бойынша әрбір мұғалім өзінің алдында отырған оқушының бойында өзін өзі дамыту қабілетінің қалыптасуына баса назар аударуы керек деп ойлаймын. Себебі баланың бойында өзін өзі дамыту қабілеті байқалғанда ол ұлттық, жаһандық мәдениетке дейін жете алады. Қазіргі таңда менің оқушыларым пәндік білім, білік дағдымен ғана шектеліп қалмауы керек. Оқушы дұрыс оқу арқылы оқығанын түсініп, түйсініп, берілген тапсырмадан не ұққанын, ертең не үйренетінін болжай алғанда ғана ол өзін өзі дамытып, жетілдіріп отырады. Міне сондықтан да шағын және көлемді мәтіндерді дұрыс оқыту өте маңызды болып тұр. Кіші жастан бастап алдымда отырған оқушылардың барлығын дерлік түсініп оқуға бейімдей алсам, онда менің оқушыларымның оқу сауаттылығы дұрыс жолға қойылды деп санар едім. Оқушы мәтін құрастыра алса, мәтіндегі сөйлемдерді жүйелі орналастыра алса, онда менің оқушының жоғары ойлау деңгейі қалыптасып келеді деген сөз. Қазіргі таңда талап ететін жаһандық білім оқушының оқу сауаттылығын ең жоғарғы орынға қойып тұр. Ендеше менің оқушыларым қоғамдағы жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны өз ой елегінен өткізіп, оны креативті түрде талқылап, соған қатысты өз пікірі мен пайымдауын ұсына алатын тұлға болуы керек. Менің сабақта дайындап беретін тапсырмаларымды күнделікті өміріне жарайтындай етіп қабылдаса,

оны орынды қолдана білсе, алған ақпаратты тиісті жерде ұсына алып, оған дәлелдемелер келтіре алса, бұл оқушымың оң нәтижеге қол жеткізгені деп түсінемін. Басты назарда ұстанған идеям қазақ тілді баланың қазақша анық әрі дұрыс сөйлеуін қалыптастыру, сөзді дұрыс айту, сөздің мағынасын түсіну, оны өз сөзімен жеткізе алу. Тілі дұрыс жолға қойылған оқушының ойы да, ойлау деңгейі де жоғары болатынын білдім. Оқушыларымның тілдік дағдыларының қалыптасып, сөздік қорларының молайып, өз ойын еркін жеткізе алғанының нәтижесі болу керек деп ойлаймын. Қазіргі талап бойынша оқушының оқу сауаттылығы, математика, жаратылыстану сауаттылықтары жақсы жолға қойылуы шарт болып отыр. Ол үшін біз оқушы бойына оқылым дағдысын жақсылап қалыптастыруымыз керек. Міне, тілі, яғни анық сөйлеуі дұрыс жолға қойылған бала оқылымнан қашпайды. Себебі ол не оқып отырғанын түсінетін деңгейге жетті. Ең бір қуантатын жайт – оқушыларымның кітап оқуға деген құштарлығының оянуы. Оқушыларымның талабын нұрландыра түсу үшін оларды балалар жазушыларымен кездестіріп, есте қаларлықтай кездесу ұйымдастырдым. Өздері оқыған кітаптарының ішіндегі ең бір адамгершілік пен мейірімділікке баулитын «Жеті лақ» ертегісінен театрлық қойылым әзірлеп көрдік. Қойылымды мектеп әкімшілігі мен ата-аналарымызға қойдық. Мектеп-гимназиямыздың директоры берген ұсынысты қабыл алып, аудандық, қалалық байқауға қатысып, еліміздің президенті Қ.Тоқаевтың марапатына ие болдық. Мұны неге ерекше мақтанышпен айтамын? Бұл оқушыларымның жаппай кітап оқуға деген қызығушылығының жоғары екендігін көрсетеді. Оқығанын түсіне алатын, түйсіне алатындығын көрсетеді. Оқылым дағдысы дұрыс жолға қойылғандықтан олар қысылмай кез келген рөлді сомдап бере алды.

Қорыта айтқанда, қызықты әдістермен сабақты түрлендіріп өтсек, баланың оқуға деген құлшынысы оянады. Кітаппен дос болады. Кітаппен дос болса, ой-өрісі өсіп, мақсаты көбейеді. Оқыту мен оқуда шаршамай еңбек етудің арқасында өз ойын еркін жеткізетін сауатты тұлға қалыптастыра аламын деп сенемін.





Байынқол Қалиұлы Қалиев
Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

15 ТОМДЫҚ СӨЗДІКТЕ ЖОҚ СӨЗДЕР

«Латын графикасымен қазақ әдеби тілінің біртүлді түсіндірме сөздігін әзірлеудің лингвистикалық негіздері» деген бағдарлама бойынша мен 15 томдыққа қосымша ретінде «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» екі томын жасаған едім. Қазіргі кезде ол сөздіктің 3-ші томын жасап болдым. Алдыңғы екі томға «Алғы сөздер» жазылып, оларда бұл сөздіктердің негізгі мақсаты мен оларды жасаудың басты-басты ұстанымдары (принциптері) жан-жақты әрі толық айтылған. Бұл сөздікте де сол мақсаттар мен ұстанымдар түгел сақталған.

Кез келген сөздікті жасаудың өз ұстанымдары болады. Бұл үш томдық сөздіктердің де толып жатқан өз ұстанымдары болды. Олардың бастылары: 1) тек 15 томдық сөздікте жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді ғана алу; 2) онда да көркем әдебиеттерден мысалы бар сөздерді ғана алу; 3) сөздікке алынған әр сөзге, әр тұрақты тіркестерге міндетті түрде анықтама беру; 4) әр сөзге алынған мысалдардың санын кейбір жағдайда

ғана болмаса бірден асырмау; 5) сол бір мысалдың өзін кітапта қалай берілгені бойынша емес, оны бас аяғынан аздап қысқартып, ықшамдап алу; 6) көркем әдебиеттерде бар, бірақ 15 томдықта жоқ кез келген сөздерді сөздікке жаппай ала бермей, оларды талғап, таңдап, тек қазақ тілінде пайдасы тиетіндерін ғана алу; 7) Сөз қолданысының растығын дәлелдеу үшін алынған мысалдарды қай кітаптан, оның қай беттен алынғандығын көрсетіп отыру т.б.

Көпшілікке белгілі: Кеңес үкіметі кезінде орыс тілінен қазақ тіліне оларда қалай айтылса, бізде де солай айтылатын, орыс тілінде қалай жазылса, бізде де солай жазылатын жүздеген-мыңдаған орыс сөздері енді. Егемендік алғалы бергі 30-35 жыл ішінде ағылшын және тағы басқа Еуропа тілдерінен дәл солардай айфон, баннер, блогер, букмекер, вайфай, вацап, волонтер, грант, департамент, инстаграм, интернет, инвестиция, инвестор, инклюзив(ті), кибернетика, кибербуллинг, концерцум, креатив(ті), кэшбек, майнинг,

мониторинг, медия, менеджер, модератор, нано, онлайн, офлайн, офис, оффшор, рекетир, сайт, фейсбук, фитнес, флеш-моб, холдинг, ютуб т.б. жүздеген, мыңдаған сөздер еніп үлгерді.

Мұндай сөздерді қазіргі кезде жасалып жатқан сөздіктерге аламыз ба, жоқ па?

Маған салса, ондайларды қазақ сөздіктеріне алмаған жөн. Егер мұндайларды сөздіктерге алатын болсақ, олар тілімізге осы күйінде қалыптасып кетеді де, біраз уақыттан кейін олар қазақ тілінің өз «байлығы» болып шыға келеді. Сөйтеді де, ол сөздер тіліміздің құрылым-құрылысын, тілдік заңдылықтарымызды бұзады.

Алмайық десек, олар оқыған білімділеріміздің, журналшыларымыздың тілдік сауатсыздықтарының кемдігінен мұндай сөздер қазірдің өзінде ауызекі сөйлеу тілінде болсын, жазбаша тілде де болсын қаптап жүр. Тілде бар ондай сөздерді сөздіктерге мүлде алмауға тағы да болмайды.

Амалсыздан тілімізге орыс тілінен болсын, ағылшын тілінен болсын солайымен енген мұндай сөздердің кейбіреулерін өзім жасап жүрген үш томдық сөздігіме де алуыма тура келді.

Бұлай етуіме үш түрлі нәрсе себеп болды. Оның біріншісі, 15 томдық толық сөздікте ондай сөздердің біразы маған дейін де алынған. Екінші себеп – жоғарыда айттым, бұлар тілімізде (кітаптарда, газет-журналдарда, радио мен теледидарда) кеңінен қолданылып жүр. Үшінші себеп – егер шет тілі сөздерін «қазақшалау» немесе «тазалау» керек болып жатса, ондай сөздер белгілі бір жерге тіркеліп, жинақталып, даяр тұрсын дегендік.

Алдыңғы томдарымдағы сияқты бұл соңғы 3-ші томға да мен актриса, комсомолка, студентка, кассирша, мұғалима, профессорша, секретарьша дегендер тәрізді жат жұрттық қосымшалы

сөздерді ендірген жоқпын. Себебі мұндай сөздер – орыс тіліндегі «женский родты» білдіретін сөздер. Қазақ тілінде род категориясы жоқ екендігі әркімге белгілі.

Қазақ тілді бұрынғы-соңғы еңбектерде өте жиі қолданылатын -изм (социализм, коммунизм), -ист (журналист, таксист), -ёр (боксёр, комбайнёр) т.б. осылар сияқты шетелдік қосымшалары бар сөздерді де сөздігіме алмауға тырыстым. Өзіңіз ойлап көріңізші, журналшы немесе боксшы сөздері тұрғанда мен неге журналист, боксёр сөздерін қазақ сөздіктеріне алуға тиістімін?! Сондай-ақ, төзімділік сөзі тұрғанда мен неге толеранттық (толерантность) сөзін қолдануым керек?!

Тек бір-ақ сыңары ғана қолданылуға тиісті мұндай орысша-қазақша жарыспалы сөздер тілімізде көп. Мәселен, анемия, гид, видео, гепатит, дизайн, дистанция, интеллигенция, стипендия дегендер сияқты орысша сөздердің (орналасу ретіне қарай) қаны аздық, жол көрсетуші, бейнебаян, сарауру, безендіру, қашықтық, зиялы, шәкіртақы дегендер сияқты қазақша баламалары бола тұра, біз олардың орысша сыңарларын жиі қолданамыз. Немесе олардың екі сыңарын да сөздіктерімізге жарыстырып ала береміз. Неге?

Біздіңше, мұндайлардың тек қазақша сыңарларын ғана алғанымыз және қолданғанымыз жөн.

Осы жерде тағы бір айта кететін нәрсе бар. Ол – сонау XVI-XVII ғасырлардан бастап біздің тілімізге арап-парсы тілдерінен бейқам, беймәлім, бейшара деген сияқты бір топ сөздер енді. Бұл сөздердегі -бей – арап-парсы тілдері үшін сөз жасайтын жұрнақ (префикс). Оның мағынасы – лексика-грамматикалық мағына туғызатын өзіміздің -сыз/сіз жұрнағымен (суффикс) бірдей.

-Бей тілімізге жұрнақ ретінде енген жоқ. Ол бізге ауысқан түбір сөздермен (бей+бақ,

бей+маза) бірге, бір бүтін тілдік бірлік ретінде келді. Осыны жақсы ажырата білмейтін біздің кейбір тіл мамандарымыз өз жазбаларында оны сөз жасайтын жұрнақ деп ұғып, бейәдеби, бейдерек, беймағына дегендер сияқты туынды (жаңа) сөздер жасап жүр. Әдебиеттерден мысалдары бола тұрса да, мен мұндай жасанды сөздерді де сөздігіме алмадым.

Ескерте кетейін, менің бұл сөздіктерімді өз мәніндегі толық сөздік деп айтуға болмайды. Бұларды бар болғаны көптомды толық түсіндірме сөздік жасау үшін және оларды сөздіктерде жоқ сөздермен толықтыру үшін ауадай қажетті тілдік материалдар ғана деп ұққан дұрыс.

Оның үстіне бұл сөздіктерімнің аты да дәл емес. Мұның атын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» деп емес, «15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жоқ сөздер мен тұрақты тіркестердің сөздігі» деп атаған дәл болатын еді. Басында мен оны солай атағанмын.

Сөздіктің алғашқы томы жасалып бітіп, оны баспаға ұсынған кезде оның аты туралы әртүрлі көзқарастар қақтығысы болып, сөздіктің атын аяқ асты өзгертуге тура келді. Сөйтіп оның 1-ші томы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» деген атпен 2014 жылы басылып шықты. Оның көлемі – 59,1 баспа табақ.

О баста бұл «жоқ сөздердің» сөздігі үш том болады деген ой менде болған жоқ.

«15 томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді мүмкіндігінше іздеп тауып, оларды бір томдық сөздік етіп шығарамын. Сонымен іс бітеді» деп ойлағанмын. Кейіннен 15 томдық ҚӘТС-те жоқ мұндай сөздердің әлі де табылатындығына көзім анық жетті де, оның 2-ші томын жасауға кірісіп кеттім.

Сөздігімнің 2-ші томының компьютерге терілген 514 беттік қолжазбасын баспаға («Керемет медиа» баспасына) өткіздім. Оның аңдатпасында «сөздікте 10.290 сөз бен 2.195 тұрақты тіркес – барлығы 12.485 тілдік бірлік қамтылған» деп жазылған болатын.

Ондағылардың жауапсызды-ғынан жүздеген, мыңдаған кітаптарды, газет-журналдарды оқып жүріп, іздеп тапқан 15 томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестердің 1.803-і сөздігімнен түсіп қалғандығы маған сөздігімнің 3-ші томын жасауыма ең бірінші себеп болды.

Сөздіктің 3-ші томына 15 томдықта жоқ 3.500 сөз, 718 тұрақты тіркес қамтылып, барлығы 4.218 тілдік бірлік енді.

Алдында шыққан екі томдағы 24.017 тілдік бірлікке осы цифрды (4.218-ті) қоссақ, олардың жалпы саны 28.235 тілдік бірлік болып шығады. Бұл, 28.235 деген сан, әрине, аз байлық емес. Бір ғана адам тілдік қорымызға осынша тілдік бірліктерді қосып жатса, ол қайдан аз болсын!

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19677488)





Baiynqol Qaliuly Qaliev

*Qazaqstan Joғary mektebi Ұлттық ғылым akademiasynyñ akademigi,
filologia ғыlymdarynyñ doktory, profesor*

15 TOMDYQ SÖZDIKTE JOQ SÖZDER

«Latyn grafikasy men qazaq әдеби тилинñ birtıldı túsındırme sözdıgın әзірleudıñ lingvistikalıyq negızderı» degen baғdarlama boıynsha men 15 tomdyqqa qosymsha retinde «Qazaq tılınñ túsındırme sözdıgınıñ» ekı tomyн jasaғan edım. Qazırgı kezde ol sözdıktıñ 3-şı tomyн jasıp boldım. Aldıñғы ekı tomға «Alғы sözder» jazılyp, olarda bұл sözdıktıktırdıñ negızgı maqsaty men olardy jasaudyñ bastıy-bastıy üstanımdary (prinsipteri) jan-jaqty әrı tolyq aıtylған. Bұл sözdıkte de sol maqsattar men üstanımdar tıgel saqtalған.

Kez kelgen sözdıktı jasaudyñ öz üstanımdary bolady. Bұл üş tomdyq sözdıktırdıñ de tolyp jatqan öz üstanımdary boldı. Olardyñ bastıyları: 1) tek 15 tomdyq sözdıkte joq sözder men тұraqty tırkesterdı ғана alu; 2) onda da körkem әдебиеттерden mysaly bar sözderdı ғана alu; 3) sözdıkke alyнған әр sözge, әр тұraqty tırkesterge mindetti түрde anyqtama беру; 4) әр sözge alyнған mysaldardyñ sanyn keibir jaғdaida ғана bolmasa bırden asyrmau; 5) sol bır mysaldyñ özın kıtapta qalai berılgenı boıynsha

emes, ony bas aiağynan azdap qysqartyp, yqşamdap alu; 6) körkem әдебиеттерde bar, bıraq 15 tomdyqta joq kez kelgen sözderdı sözdıkke jappai ala bermei, olardy talғap, tañdap, tek qazaq tılınde paidasy tietinderın ғана alu; 7) söz qoldanysynyñ rastyğyn дәleldeu üşın, alyнған mysaldardy qai kıtaptan, onyñ qai betterın alyнғandyğyn көрсетip otyru, t.b.

Kөpşilikke belgili: Keñes үkımeti kezinde orys tılınen qazaq tılıne olarda qalai aıtylsa, bızde de solai aıtylatyn, orys tılınde qalai jazılsa, bızde de solai jazılatyn жүздеgen-myñdağan orys sözderı endı. Egemendik alğaly bergı 30-35 jyl ıshinde aғылşyn және тағы басqa Europa tilderinen дәл solardai aıfon, baner, bloger, bukmeker, vaıfai, vasap, volonter, grant, departament, instagram, internet, investisia, investor, inklüziv(tı), kibernetika, kiberbullıng, konsersum, kreativ(tı), keşbek, mainıng, manıtorıng, media, menejer, moderator, nano, onlain, oflain, ofıs, offşor, reketir, said, feisbuk, fitnes, fleş-mob, holdıñ, iutup, t.b. жүздеgen, myñdağan sözder enıp үlgerdı.

Mündai sözderdi qazırgı kezde jasalyp jatqan sözdikterge alamyz ba, joq pa?

Mağan salsa, ondailardy qazaq sözdikterine almağan jön. Eger mündailardy sözdikterge alatyn bolsaq, olar tılımızge osy küiinde qalyptasyp ketedi de, biraz uaqyttan keiін olar qazaq tılınıñ öz «bailyğy» bolyp syğa keledi. Söitedi de, ol sözder tılımızdın qūrylym-qūrylysyn, tıldık zaңdylyqtarymyzdy bұzady.

Almaıyq desek, olar oqyğan bilimdilerimizdın, jūrnalshylarymyzdyñ tıldık sauatsyzdyqtarynyñ kemdiginen mündai sözder qazırdın özinde auyzekı söileu tılinde bolsyn, jazbaşa tılde de bolsyn qaptap jūr. Tılde bar ondai sözderdi sözdikterge mülde almauğa tağy da bolmaidy.

Amalsyzdan tılımızge orys tılınen bolsyn, aғылшын tılınen bolsyn solamaıymen engen mündai sözderdın keibireulerin özim jasap jūrgen üş tomdyq sözdıgıme de aluyma tura keldi.

Būlai etuime üş түrlı nārse sebep boldy. Onyñ birinshısı, 15 tomdyq tolyq sözdikte ondai sözderdın birazy mağan deiін de alyнған. Ekinshı sebep – joğaryda aıttym, būlar tılımızde (kıtaplarda, gazet-jūrnaldarda, radio men teledidarda) keñinen qoldanylyp jūr. Üшінshı sebep – eger şet tılı sözderin «qazaqşalau» nemese «tazalau» kerek bolyp jatsa, ondai sözder belgili bir jerge tırkelip, jınaqtalyp, daiar tūrsyn degendik.

Aldyñғы tomдарымдағы сияқты бұл соңғы 3-ші томға да мен актриса, кomsomolka, studentka, kasırша, mūğalima, profesorша, sekretārша degender tārızdı jat jūrattyq qosymşaly sözderdi endirgen joqpyn. Sebebi mündai sözder – orys tılindegi «jenski rodty» bildiretin sözder. Qazaq tılinde rod kategoriasy joq ekendigi әrkimge belgili.

Qazaq tıldı bұryнғы-соңғы еңбектерде өте жиі qoldanylatyn -izm (sosializm, komunizm), -ist (jurnalis, taksis), -ör (boksör, kombainör), t.b. osylar сияқты şeteldik qosymşalary bar sözderdi de sözdıgıme almauға tyrystym.

Öziñiz oilap körinіzshı, jūrnalshy nemese boksşy sözderi tūrғanda men nege jurnalıs, boksör sözderin qazaq sözdikterine aluға tiіstimin?! Sondai-aq, tözımdılık sözi tūrғanda men nege toleranttyq (tolerantnost) sözın qoldanuym kerek?!

Tek bir-aq syñary ğana qoldanyluға tiіsti mündai orysşa-qazaqşa jaryspaly sözder tılımızde köp. Mäselen, anemia, gid, video, gepatit, dizain, distansia, inteligensia, stipendia degender сияқты orysşa sözderdın (ornalasu retine qarai) qany azdyq, jol körsetuşı, beinebaian, sarauru, bezendiru, qashyqtyq, zialy, şakırtaqy degender сияқты qazaqşa balamalary bola tūra, bız olardyñ orysşa syñarlaryn жиі qoldanamыз. Nemese olardyñ eki syñaryn da sözdikterimizge jarystyryp ala beremiz. Nege?

Bızdınşe, mündailardyñ tek qazaqşa syñarlaryn ğana alğanyмыз және qoldanğanyмыз jön. Osy jerde tağy bir aita ketetin nārse bar. Ol – sonau XVI-XVII ğasyrlardan bastap bızdın tılımızge arap-parsy tilderinen beiqam, beimälım, beışara degender сияқты bir top sözder endi. Bұл sözderдегі -bei – arap-parsy tilderi üşin söz jasaityn jūrnaq (prefiks). Onyñ mağynasy – leksika-gramatikalyq mağyna tuğyzatyn özimizdın -syz/sız jūrnağymen (sufiks) birdei.

- Bei tılımızge jūrnaq retinde engen joq. Ol bızge auysqan tübir sözdermen (bei+baq, bei+maza) birge, bir бүтін tıldık birlik retinde keldi. Osyny jaqsy ajyrata bilmeitin bızdın keibir tıl mamandaryмыз (attaryn atamai-aq qoiain – B.Q.) öz jazbalarynda ony söz jasaityn jūrnaq dep uğyp, beiädebi, beiderek, beimağyna degender сияқты tuyndy (jaña) sözder jasap jūr. Ädebietterden mysaldary bola tūrса da, men mündai jasandy sözderdi de sözdıgıme almadym.

Eskerte keteim, meniñ bұл sözdikterimdi өз mänindegi tolyq sözdik деп аituға болмаidy. Būlardy bar болғаны көptomdy tolyq түсіндірме sözdik jasau üşin және olardy

sөzdіkterde joq sөzdermen tolyqtyru üşin auadai qajetti tıldık materialdar ğana dep ūqqan dūrys.

Onyñ üstine bұл sөzdіkterimniñ aty da дәl emes. Mūnyñ atyn «Qazaq tılıniñ tūsındırme sөzdıgı» dep emes, «15 tomdyq «Qazaq әdebi tılıniñ sөzdıgınde» joq sөzder men tūraqty tırkesterdiñ sөzdıgı» dep атаған дәl bolatyn edі. Basynda men ony solai атағанмын.

Sөzdіktiñ alġaşqy tomy jasalyp bıtıp, ony baspaġa ūsynġan kezde onyñ aty turaly әrtürlі közqarastar qaqtyġysy bolyp, sөzdіktiñ atyn aiaq asty özgertuge tura keldі. Sөitip onyñ 1-ші tomy «Qazaq tılıniñ tūsındırme sөzdıgı» degen atpen 2014 jyly basylıp шықты. Onyñ kölemi – 59,1 baspa tabaq. O basta bұл «joq sөzderdiñ» sөzdıgı üş tom bolady degen oi mende bolġan joq. «15 tomdyqta joq sөzder men tūraqty tırkesterdi mūmkındıġınşe izdep tauyp, olardy bır tomdyq sөzdіk etip шығарамын. Sonymen is біtedі» dep oilaġanмын. Keiinnen 15 tomdyq QÄTS-te joq mūndai sөzderdiñ әli de tabylatyndıġyna köзім anyq jetti de, onyñ 2-ші tomyн jасауға

kırısıp kettім. Sөzdıgımnıñ 2-ші tomynyñ kömpüterge terілgen 514 bettik qoljazbasyn baspaġa («Keremet media» baspasyna) ötkızdım. Onyñ аңдатпасында «sөzdіkte 10.290 sөz ben 2.195 tūraqty tırkes – barlyġy 12.485 tıldık bırлік qamtylġan» dep jazылġan bolatyn.

Ondaġylardyñ jauapsyzdyġynan köz maiymdy tauysyp, жүздеген, myñdaġan kıtaplardy, gazet-jūrnaldardy oqyp жүріп, izdep tapqan 15 tomdyqta joq sөzder men tūraqty tırkesterdiñ 1.803-ı sөzdıgımnen tūsıp qalġandyġy maġan sөzdıgımnıñ 3-ші tomyн jасауға еñ bırınşı sebep boldy. Sөzdіktiñ 3-ші tomyна 15 tomdyqta joq 3.500 sөz, 718 tūraqty tırkes qamtylyp, barlyġy 4.218 tıldık bırлік endі. Aldynda шыqqan екі tomdaġy 24.017 tıldık bırлікке osy sifrdy (4.218-tı) qossaқ, olardyñ jalpy sany 28.235 tıldık bırлік bolyp шыġady. Bұл, 28.235 degen san, әrine, az bailyq emes. Bır ġana adam tıldık qorymyzġa osynша tıldık bırлікterdi qosyp jatsa, ol qaidan az bolsyn!

Maqala 2023-2025 jyldarġa арналġan ġylymi jāne (nemese) ġylymi-tehnikalыq jobalar boıynша granttyq qarjylandyru aiasynda jazылdy. Zertteudi Qazaqstan Respublikasy Ģylym jāne joġary bilim ministrліginiñ Ģylym komiteti qarjylandырды (AR19677488)





*Ақшолақова Райгүл
Күнболатқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің докторанты*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ «SOFT POWER»

Ана тіліміз бізге керек әрі біз арқылы ғана өмір сүре алады. Яғни оның қарым-қатынас құралы ретіндегі абыройы мен беделі де, қолданылу сипаты да бізге тәуелді. Өзіміздің қоғамдағы орнымыз бен беделіміздің арқасында өз мәдениетімізді,

тілімізді, дәстүрімізді насихаттаймыз. Тіптен, тілдің өмір сүруі үшін жоғарыдан бұйрықтың берілуі, мәжбүрлеу секілді әдістерден гөрі тіл иесінің беделі секілді жұмсақ күштің (soft power) тиімді екенін дәлелдеп көрейік.



Мысалы, бір кезде (XVIII ғасырда) Еуропада Франция мәдениеті мен өнері қанат жайды, француз жазушыларының шығармалары жоғары бағаланды. Оларды түпнұсқада оқу мен француз тілінде әңгіме жүргізе білу «сәнді» болды. Француз халқының мәдениетті әрі білімді бейнесі француз тілінің әлемге кең жайылуына әкелді. Оның салдарын өзімізге таныс орыс халқындағы жағдайға қарап біле аламыз. Орыс аристократтары балаларына күтуші ретінде француздарды алдырып, француз тілінде білім беруге және оны күнделікті өмірде де қолдануға мәжбүрлеген. Балалары француз тілінде ойланатын деңгейге жеткен. Аристократтар мен қарапайым халық арасында бір-бірін түсінбеу фактілері болған. Сол кездегі орыс классиктерінің шығармаларында да күнделікті қарым-қатынас, тұлғалардың диалогі француз тілінде жазылған. Өйткені сол кездегі тілдік жағдай сондай еді. Аталмыш тілдік басымдық 1812 жылы Наполеонмен болған Отан соғысынан кейін ғана орыс тілінің пайдасына өзгере бастаған. Өйткені орыстардың алдында француз халқының мәдениетті, өнерлі бейнесі өзгере бастады.

Кейін ағылшын тілі тарих сахнасына келді. Ол тілдің ыңғайлы, жеңіл болуымен ғана емес, әлемдегі тарихи маңызды оқиғалардың ағылшын тілді тұлғалардың қатысуымен жасалуы тұрғысынан түсіндіріледі. «Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде: бүгін ағылшын тіліне кім ие?» мақаласының авторлары ағылшын тілінің таралуына әсер еткен төмендегі оқиғаларды көрсетеді: Капитан Кук пен Ванкувердің экспедициялары, Британияның Африкамен, Шығыс елдерімен сауда қарым-қатынастарын орнатуы, Солтүстік Американы колониалды басып алу, алғашқы өндірістік табыстар және т.б. Ағылшын тілі әлемдегі

беделді, білімді, жаңалықтар ашушы тұлғалардың тіліне айналды. Кейін Британиямен қатар Америка Құрама Штаттары да әлемдік алпауытқа айналды. Оның киноиндустриясы, музыкалық олимпі әлемді жаулады. Ағылшын тілді актерлер мен әртістер әлемнің ең танымал тұлғаларына айналды. Бұл тілдің өзге халықтар алдындағы тартымдылығын арттырды.

Сонда тілдің экспансияға ұшырауы үшін геосаяси, әкімшілік себептермен қатар екі негізгі мәселе бар: 1) тіл иесінің қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында өз тілінде сөйлеуі; 2) тіл иесінің қоғам алдында беделді болуы. Беделді болу дегенді материалдық игіліктерге ұмтылған, рухани тірегі айқын, этикалық нормаларды меңгерген, зияткерлік деңгейі жоғары, ғылыми және технологиялық дамудың жаңалықтарын білетін тұлға деңгейіне көтерілу деп түсінеміз.

Мысалы, қазақ тілді отбасы бар дейік. Ата-анасы білімді, мәдениетті, көршілерімен, таныстарымен кездескенде жылы жүзбен амандасып, жағдай сұрасады. Отбасы ешкіммен және өз ішінде жанжалдаспайды. Демалыстарда мәдени орындарға барады, шетелге де шығып тұрады. Әлеуметтік жағдайлары жақсы. Балалары жан-жақты дамуға ұмтылып жүреді. Қарапайым әрі мәдениетті, өзгелерге жанашыр. Үнемі бір-бірімен таза, әдемі (өзге тілдегі сөздерді араластырмай) қазақ тілінде сөйлейді. Осындай отбасыны көрген көршілері мен таныстарының санасында тату отбасымен байланысты қазақ тіліне қатысты жағымды көзқарас қалыптастады. Бұл жұмсақ күш арқылы тілді насихаттау деп аталады. Ол отбасы «қазақ тілінде сөйлеңдер» деп ешкімді мазаламайды, ренжімейді. Тілді өздері толық қолданады. Беделді тұлғаның «моделі» болады. Тілге қатысты

эмоционалды ассоциациялар тіл иелеріне қатысты қалыптасады десек, аталмыш отбасы қоғамның өзге мүшелерінің қазақ тіліне қатысты жағымды ассоциацияларының пайда болуына үлес қосады. Осылайша, қазақтілді тұлғаның «қызығарлық» болуы маңызды.

Көп жерде әнші Димаш Құдайбергенді мысалға келтіреміз. Талантының арқасында әлемнің әр елінен фанаттар базасын қалыптастырып, қанша адамның сүйікті әншісіне айналды. Қазақ тілінде таза, жетік сөйлейді әрі әлемдік сахналарда қазақ тілінде ән шырқайды. Оның бірнеше тілді білетін полиглот болғанына қарамастан, өз халқына, тіліне деген сүйіспеншілігі көрініп тұрады әрі көпшілікті баурайды. Өзі мәдениетті, сыпайы, тәрбиелі тұлға ретінде белгілі. Бұл оның табынушылары мен тыңдаушылары арасында қазақ тіліне құштарлықты оятты. Оның орындауында қазақ тілі поэтикалық, әуезді, әдемі образға ие болды. Димаштың шығармашылығы негізінде қазақ тілін үйренуге, тіптен, қазақ классикалық әдеби шығармаларын түпнұсқада оқуға талпынып жүрген шетелдіктер туралы БАҚ-та жарияланды. Қазақ тілін білмейтін қазақтардың да Димаштың концертінде тебіреніп, мақтанып, тіліне, ұлтына, төл өнеріне деген сүйіспеншілігі артқаны туралы айтылды. Димаш қазақ тілін білу және қазақша ән шырқау арқылы да әлемдік деңгейдегі тұлға болуға болатынын қазақтарға дәлелдеп берді. Халықтың санасындағы «тарихи жараны», өз тілі мен мәдениеті аясында өзін өзгелерден кем сезіну «дертін» емдеп бергендей болды. Димаштың жүрекке жететін әндерінің сөздерін түсіну үшін, қосылып шырқау үшін қазақ тілін үйренгендер қаншама? Димаштың «Тау ішінде» әні (100 жылдан астам тарихы бар, С.Сейфуллиннің әні) YouTube

платформасындағы әншінің каналында бір айдан астам уақытта 3,3 миллион қаралым жинаған және 11 мыңнан астам пікір жазылған. Жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі ретінде @Evgen1a. никнеймі бар желі қолданушысының мына пікірін келтіргенді жөн көрдік: «Димаш, сен бізді қазақ әндерімен, музыкалық аспаптармен, музыканттарымен таныстырдың, енді Қазақстанның таңғажайып актерлерімен таныстырасың. Олар керемет ойнайды! Олар бізге ерекше әсер етті және олардың қатысуымен көбірек фильмдер көргіміз келеді. Біз сіз арқылы қаншама кереметпен таныстық, тамаша! Әлі де танысамыз, соны тағатсыздана күтемін. Біз үшін жасаған барлық істеріңіз үшін көп рақмет! Осы керемет үшін көп рақмет!». Ал @proteoproterino есімді қолданушының «Көбісі біле бермейді! Бұл ән өте ұзақ уақыт бойы жазылған. Бірақ Димаш бұл әнге екінші өмір сыйлады және оған кішкене әзіл де қосты. Димаш әлемді қазақ тарихы мен мәдениетімен таныстыру және ілгерілету миссиясын керемет атқарады» деген пікіріне жауап ретінде @sandrabarahona8471 есімді қолданушы: «Міне, біз неге Димашты жақсы көреміз – өйткені оның жасындағы балалар қазіргі заманда тек поп әндерін айтатын еді. Ал ол болса, ұзақ жолды таңдады – өз өнерін тамырынан бастау алып көрсетуде. Бұл оны нағыз алып етеді. Оның адалдығын мақтан етемін. Димаш – ғаламдағы ең керемет әнші. Аргентинадан шын жүректен тілектерімді жолдаймын.» депті.

Геосаяси және колониалды тарихи оқиғалардың әсерінен емес, мәдениетке, тұлғаларға, өнерге ынтызарлық себебімен танымалдылығы артқан тіл ретінде кәріс тілін мысалға келтіруге болады. Duolingo тіл үйрену платформасында 2023 жылы кәріс тілі танымал тілдердің қатарында 7-орынға шығып, ең тез танымалдылығы

артып жатқан 10 тілдің қатарына енген. 8 миллиондай белсенді үйренушісі бар екен. АҚШ колледждері мен университеттерінде 2009 жылы 8 449 студент кәріс тілін оқып жүрген болса, 2021 жылы 20 000 студентке жетіпті. Кәріс тілінің осылай тез таралуы өнермен, технологиялармен, beauty саласымен, осы бағыттардағы жеке тұлғалардың бейнелерімен тікелей байланысты. Кәріс әншілері мен дорама актерлерін біздің жастар да жақсы таниды. Олардың блогерлері мен вайнерлерінің миллиондаған аудиториясы бар. Кәріс тілін «жастар мен трендтер» тілі деп бағалайды. Кәріс тілін үйренушілердің 60-70 пайызы жасөспірімдер мен студенттер (жастар) болса, оның 50-60 пайызы К-поп (BTS, BLACKPINK, ITZY) пен дорамалардың жанкүйерлері екен. Яғни тіл үйренушілердің 50-60 пайызы кәріс тілін өздерінің ішкі қалаулары мен сүйіспеншіліктеріне сүйеніп таңдаған. Кәсіби өсім, қаржылық тәуелсіздік, беделді қызмет секілді факторлардан

мәдениетті, мәдени тұлғаларды ұнату, еліктеу факторы басым тұр. Корея мемлекеті саяси тетіктер арқылы кәріс тілінің экспансиясын жүргізген жоқ, әлемді басып алуға ұмтылған жоқ. Өз ісін жақсы көретін, кәсіби, өнерлі тұлғалар кәріс тілінде сөйледі, технологияны дамытты. Әлем оны көрді, қызықты, сүйсінді, олардың мәдениетін (соның ішінде тілін) тануға ұмтылды. Netflix платформасында 2021 жылы жарық көрген «Игра в кальмара» дорамасы алғашқы 28 күнде 111 миллион қаралым жинап, сол кезде платформа тарихында ең көп қаралым жинаған сериал болыпты. 2024 жылы желтоқсанда шыққан дораманың екінші маусымы 18 күнде 152,5 миллион қаралым жинаған. Үшінші маусым 2025 жылдың 27 маусымында жарық көрді. Әзір статистикалық деректерін таба алмадық. Айтпағымыз, кәріс мәдениеті мен өнері кәсібилік, жаңашылдық, мәденилік тұрғысынан жоғары бағаланып, әлемнің жіті бақылауында тұр.



Қорыта айтсақ, тілді насихаттауда, оның иелерінің санын арттыру мен таралу аймағын кеңейтуде мемлекеттік басқару тетіктері, білім беру (оқыту) механизмдері мен әдіснамасы әсер ететіні

сөзсіз, бірақ сол тілді иеленуші халықтың әлеуметтік мәртебесі жоғары болған жағдайда аталмыш үдерістердің жүзеге асу қарқыны артады. Қысқаша айтсақ, қазақ тілін өзге тілділер (оның ішінде

орыстілді қазақтар мен өзге ұлт өкілдері бар) меңгерсін десек, тіл саясатынан нәтиже күтпей, оқулықтардан мін іздемей, қазақтілділер өздерінің беделін арттыруы және қоғамның барлық саласында тілді қолдануға тырысуы керек. Қазақтілді тұлға өз тілін күнделікті өмірінде қолданып, өзін қоғамның зияткер әрі мәдени, бай мүшесі ретінде көрсетсе, қазақ тілінің қолданылу кеңістігі артады. Яғни қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне толық көтерілуіне жұмсақ күштің әсері

басымырақ. Бұл жерде тілдік снобизмнен, тіл үйренушілердің акценттеріне назар аударудан аулақ болуымыз керек. Soft power тілді оқуға ешкімді мәжбүрлемейді, адамдар мәдениеттің бөлшегі болғысы келіп, құндылықтарды ұнатып, тіл иесінің беделі мен абыройына қызығып, тілге назар аударады. Технологияның қазіргі даму сатысында жұмсақ күш тілді тарату мен әсерін күшейтудің негізгі жолы ретінде бағаланады.



Мемлекеттік тілде сөйлеуді ۇлттық бірлестікке айналдыру

Елизар Рустембеков,
Қырғыз Республикасы, Шығыс ақпарат
№127 Ш. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік-қолжазбалық
Қазақ тілі мен әдебиеті Ұлттық орталығы,
Беларусь Республикасының Мемлекеттік

Ақпарат

Мақалда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің қолданыс аясы саралануы, тіл саясатының қазіргі жағдайы сұз етілді. Сонмен қатар мемлекеттік тілдердің қазақ қоғамында қызмет етуі қаншалықты деңгейде жүзеге асып жатыр, бұлақтанғы жағдайы қалай болмақ деген сұалдар талданды. Бүгінгі қоғам Ұлттық қорының қорықпалық ақпараттары мемлекеттік тілдің жұмысқа ерекшелігіне қатысты пікірлер жан-жақты сараланды. Қазақстанда тіл мәселесінің ықпалы шешілуі мемлекетке деінігі мемлекеттер мен жалпы орта білім беретін мемлекеттердегі жане жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесінде де текелі байланысты. Осы арада Қазақстан Республикасында тіл саясатын бікәсірудің 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қорықпалық мақсатқа назар аударылды. Қазақстанда тұратын кіші етніктердің топтарының тілдерінен бікәсі, тіл саясаты тұрғынан қорықпалыққа ые ұш тілдің (қазақ, орыс жане ағылшын тілдерінің) қазіргі тағдайы ақпалы тұрғысында зерттеулер жүргізілді. Ұлттық сөздер: мемлекеттік тіл, тіл саясаты, тіл қолданысы, тілдік орта, бұқаралық ақпарат құралдары, қорықпалық, қорықпалық.

Тіл - мемлекеттің табан тереітін темерқазығы, ۇлттың тереігі, халқымыздың рухани байлығы. Қарап отырсақ, тілсіз Ұлттық мүмкін емес. Тілдің түегі - халық болса, халықтың басты байлығы тіл. Бабаларымыз осы қасиетті, кіелі қазынамызды қастерлеп, есірден есірға, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізген. Сол аманатқа бүгінгі тағда қианат жасалып жүрген жоқ па деген сұрақ мені қатты мазалайды.

– 78 –

«Ар Ұлт Өз Өтілінің оркәндөүін, кәкә таралұн куздөйді. Сол Ұлттық Өтіл мөмлөкәттәк Өтіл болып саналатн Һл Өтіл саياسатн Өз жүртнннң тәлдәк мүддөсін, оннң бүгүнн мән болашағын жан-жақты виләстәра өтәріп бөлгәлөйді» - дөп қазак төрминөлугиәсннң майталманн ш. құрманбайұлы бөкә айтпаса кәрәк. қай қоғамдн алағыз да мөмлөкәттәк Өтілн бар Ұлт - Ұлт, мөмлөкәттәк Өтілн бар ұрық - болашағы бар халық. бұл түжәрімдн Һшкәм жоққа шәғара алайдн. жылдар бойы адамзат тарихнан кәлө жатқан «Өтіл Өшн куәс» Өтілднң қай айна қарым-қатынас құралы мөстәгн ағартадн. Өтіл - Һк Ұлы қару болып Һсәптәлөдн. заман жағарып, тәлдөрднң қолданысы кәкә тарай бастауы салдарнан бүгүндө қазакстандағы тәлдәк саياسатннң даму жағдайы қазак-орыс қостәлдәлгәнә бағт алаң жайы бар. соған сәйкәс Өтілм бөру мән әлім салаларнда, өзгә Ұлт өкәлдөрмән ардағы қарым-қатынас барысында, Өтүрлі рәсми Һс шаралар мән жиналестарда, басқосуларда, рәсми Һс-қағаздарда жанә т.б. орндарда қазак-орыс қостәлдәлгәннң бөлсәндн қолданылып жатқандығын байқауға боладн. өснннң салдарнан мөмлөкәттәк Өтілмзднң қолданысына қатысты даулы масәләләр түндәйдн.

Һлімздө жүргізіліп өтәған Өтіл саياسатннң кәйінгн жылдардағы ағуәлна куз жүгәртсәк, Ұақт талабы мән дүниәжүзіләк өркәниәттнң сұранысына сәйкәс куәтәлдәләк тә бөлсәндәләкә йә болып кәлөдн. қазаргн жаһандану өдәрісіндәгн Ұақт талабыннң жаға дөгәгәгә куәтәрілуы куәтәлдәләкәттнң бөләкә Һуәнәгәргн сәбәп болып өтә.

қазакстан рәсмиәләкәсіндағы Өтіл саياسатннң Һскә әсрүднң 2020 - 2025 жылдарға арналған мөмлөкәттәк бағдарламасында «қазак Өтілнннң мөмлөкәттәк Өтіл рәтәндәгн төлсәққандн қызмәтн қамтамасыз Һтә өтәріп, ләтн графикалы Өліппннәгәзіндө қазак Өтілн жағәртәуға, Өтіл мадәниәтн өдан Өрн әртәртәуға жанә тәлдәк капитәлдн дамытуға бағтәталған Ұйләсәмдн Өтіл саياسатннң жүргәзу» дөгән мақсат куәсәткән. ләтн графикасын Һнгәзу масәләсн дө қозғалғалы Өбәршамә Ұақт Өтәтн. Өсөз айтәлдн, нәтижә жоқ. Өбәз қазак Өтілнннң мәртәбәсін әсәріп, мөмлөкәттәк тәлдө сөйләудн Ұлттық брәндәк айналырәүмәз қажәт. ол Өшн куәндәләктн қарым-қатынас барысында, Ұйдө дө, куәшәдө дө, жүмәстә да қазак тәлнндө сөйләудн дағдә айналырәу кәрәк. өзгә Өтілдн өртада жүргәндө Өз тәлмәздө сөйләсәудн әдәткә айналырәғанмәз Өжөн. сонмән қатар, қазак Өтілдн бағдарламаларднң саннн әртәртәріп, сонннң шшнндө Өтілмзднң қуәндәләгән насихаттайтнн тәләбағдарламалардн куәрәмәнгә Ұснну қажәт. Өбәз байқағанмә, адамға мөтиәәсия кәрәк Һкән. балкәм

мемлекеттік қызметкерлер арасында қазак ٴтілін жетік меңгеріп، тәстілеуден жоғары балл жинап، өііп анық жеткізіп، мемлекеттік тілде еркін сөйлеіі алатын азаматтарға басшылық тарапынан сөйлік беріліп، кешігерім саяіс فورматі жүзеге асеріلسа، ٴлкі нاتیже болар ма еді?

«Өііз де ٴтіліміз бұзілмай сақталуын тілесеек، وزгелерше аۋелі ٴوز тілімізбен өқітіп، ٴнан сөлкі басқаша өқітۋі ٴтііс» – деген екен а.байтұрсін ٴлі. ٴیا، ٴсі қаейдані ٴстана өтеріп، ана ٴтіліміздің وزге тілден жоғары сатта тұруна аркеіт жасағанмен бірдеі боламыз. іағні، аһмет байтұрсін ٴлі ٴзінің заманында бүгінгі күнгі ұрыақа зор насііхат қалдырып кеткен деۋге болadı. себепі қазіргі тагда шетелдік ٴбілім жүіесіне еліктеудің салдарынан меітеп өқۋшілары ٴбіріңші сінсіптан бастап өрс، аелішін тілдерін меңгерۋге міндеттеліп өтір. бала ٴوز ٴтілін ٴлі толлік меңгерер амай өтеріп، ٴған қоса وزге тілдерді қатар ٴіренۋі қажет. ٴсідан келіп шала қазактар пада болadı. мемлекеттік ٴтіліміздің деңгееін көтереміз десеек، аۋелі меітеп өқۋшіларынан бастауымыз қажет деп өіілімің.

сөлкі ٴақітта мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік ٴтілді меңгерۋ маселесі ٴжіі талқыға түсۋде. ٴбір баықааным، қазак ٴтілін меңгерер амаған мемлекеттік қызметкерлердің шет тілдерін жедел ٴіреніп алатын тағдалдырadı. аріне، қанша ٴтіл ٴіренсе де қарсыласмыз жоқ، алада мемлекеттік қызметте، қызмет көрсетۋ өріндарында жұмыс сітеі ٴжүріп мемлекеттік тілде қызмет көрсетۋге тірсіпаۋ дүрс емес. мемлекеттік қызметте ٴжүргендердің басым болігі – қазак. сонда ٴлар ٴлі күнге дейін ана ٴтілін неге ٴіренер амаіді?

қазіргі тагда бүкіл қазакстана танмал «лінгۋа тен» ٴтіл өрталенің бас дірекеторі ٴладіслаۋ тен қазакстана екі міншісі жілдарі көшіп келген. бірқ қазак ٴтілін ٴіренۋге 2017 жілі аана ден қоыadı. ٴсі елге деген құрметін мемлекеттік ٴтілді меңгерۋ арқılı білдіргісі келген. ٴл қазак ٴтілін ٴіреніп қоымай، ٴіретенін деңгееіге жетіп өтірған көрінеді.

Bilim Innovations Group üjymy Qazaqstan Respublikasy Ğylym jäne joğary bilim ministrılgı Ğylym komitetiniñ jobasy aiasynda Memlekettik tıldı damytu institutynyñ lingvistikalyq qoldauymen qazaq sözderindegi dybys tirkесiminiñ bұzyluiyn avtomatty түrde anyqtaityn IT Qazemle bağdarlamasyn qūrastyrdy.

Qazemle bağdarlamasy – qazaq dybystarynyñ (dauysty, dauyssyz) qalyptasqan bұлjymas tırkesu zaңdylyqtaryn anyqtaityn, orys grafikasyмен hatqa түse bastağannan bergı ündestik zaңynyñ bұzyluiyn körsetetin, мәтіндегі qate dybys tirkесimderin avtomatty түрde түзеп отыратын IT bağdarlama.

Qazaq tılıniñ emlesı HH ğasyrdan bastap birneşe ret өзgeriske ұшырады. Qazaq jazuy 1929 jylğa deim arab әліpbіімен jazylıp keldi, 1929 jyly Keñes үкіметiniñ шешімimen latyn qarpına auysty. Al 1940 jyldan bastap tolyqtai kiril әліpbііне көшti. Osy kezde tildegi jazuy zaңdylyğynyñ birazyna өзgeris endi және qazaq tiline orys tılıniñ yqpalyмен jat v, f, h, ch, s, ş, , , e, ö, u, i, iu, ia dybystary endi. Bұл әріpterdiñ enui qazaq tılıniñ jüiesin bұzyp, jasandy tırkesterdiñ paida boluyna әkeldi. Qos dybystyñ tırkesi ūu, üu, yi, ii, ia formasy bir dauysty әrip i, u, ia түрінде, üş dybys tırkesi iūu, iūu bir әrip iu түрінде jazyla bastady. Būlai jazuy qazaq tılıniñ buyn jıgın, dybys tirkесimin öreskel bұzyp, qazaq jazuyına aitarlyqtai nūqsan keltirdi.

Jasandy intellekte süiengen Qazemle bağdarlamasy – jazuy tarihynda ketken kemshilikterdi joiuğa baғыttalğan, qazaq tilindegi tabiği dybys tirkесimin qalpına keltiretin joba. Joba negızinde jeke sait әзіrlengen. Saittyñ bastapqy betinde мәтін түрlendirіс orналасqan. Kez kelgen qoldanuşy öзіне kerekti sözdі jazyp, i, u, ia, iu әріpteriniñ qalai түрленetindіgін көre alady. Qazırgı qoldanystaғы emle boiynşa jazylğan sözdіñ nege qate ekenin түsındiretin ereje audio nūsqasyмен birge berilgen (1-suret):



1-suret. Qazemle бағдарламасы

Qazemle бағдарламасы Sonymen qatar saittyñ tömengi böliminde daiyn mätin ülgileri bar, qoldanuşy sol mätin ülgilerin paidalanyp, söylem içindegi sözderdiñ qalai türletinün köre alady.

Negizgi qūrylym Laravel 12 және Vue 3 (TypeScript) negızinde qūrastyrylǵanymen, aldın ala erjelerdi júieleu kezeñinde Jı dybystyq taldaу jasaуǵa, fonetikalыq erejelerdi júieleude, sözderdiñ morfologialыq qūrylymyn aiqyndauda, kontekstualdy dybys özgeristerin tüsinu üşin, saitqa kerekti erejeler qūrastyru üşin paidalanylǵan. Jı arqyly 50 000+ söz taldanyp, statistikalyq zañdylyqtar anyqtalǵan. Jı arqyly qūrylyp jatqan erejeler júiesı dästürlı algoritmderdıñ negızı bolyp, senımdı және тұraqty jūmys isteitin qūral jasaуǵa baǵyt bergen. Qūrastyruşylar әri qarai baǵdarlamany jetildirude jasandy intelekt kömegine jūǵınıp otyrady.

Osy joba aiasynda 2025 jyldyñ 29 mamrynda Astana qalasynda «Qazaq sözderindegi dybys tırkesiminiñ bұzyluyn avtomatty tüde anyqtaıtyn Qazemle IT baǵdarlamasynyñ» tanystyrylymy ötti. Jiynda birinşı kezeñde atqarylǵan jūmystar tanystyryldy. Qazemle jobasyn jüzege asyru üş kezeñnen tūrady және onyñ jūmysy әri qarai jalǵasady.

I. Qazaq sözderindegi kezdesetin i, u, iu, ia tañbalaryn qazaq tilindegi dybys tırkesimderindegi zañdylyqtaryna sai jazu. Jūmysy aiaqtaldy.

II. Barlyq qazaq sözderin tek qazaq tılı dybystardyñ tırkesim, ündesim zañdylyqtaryna baǵyndyryp jazu.

III. Şetten sol eldiñ orfografiasymen kırgen sözderdi (termin sözderdi) qazaq tılıniñ emle erejelerine baǵyndyru. Jyldyñ soñyna dein aiaqtaluy tis.

Tanystyrylymǵa QR ŪǴA akademigi Qūrmanäliev Kärimbek Arystanbekūly, memleket және qoǵam qairatkerı Bäkır Äbdijälel Qoşqarūly, senat deputaty Jüsip Nürtöre Baitilesūly, QR Ğylym және joǵary bılıм ministrлігі Tıl saiasaty komitetiniñ tōraǵasy Tilešov Erbol Erdembekūly, qoǵam qairatkerı, jurnalıs Serik Erǵali Äbdireşūly, Nazarbaev universitetiniñ profesory, filologia ğylymdarynyñ doktory İulai Şamilöǵlu және joǵary oqu oryndarynyñ profesorlary men oqytuşylary, mektep mūǵalımdery, ğylymi-zertteu instituttarynyñ qyzmetkerlerı, ädisker ğalymdar, doktoranttar men magistranttar, BAQ ökilderı, barlyǵy 100-ge juyq adam qatysty. Taqyryp öte özekti, jazu мәselesine, emlege qatysty bolǵandyqtan Qazaqstannyñ tüpkir-tüpkirinen 200-den asa mamam ZOOM arqyly qaşyqtan qatysyp otyrды



3-сурет. Qazemle baғdarlamasynyñ tanystyrylymy

Qazemle baғdarlamasyna aldaǵy uaqytta qaǵazǵa jazylǵan mätinderdi, qūjattardy skaner arqyly ötkizip, redaktor baғdarlamasyna salu arqyly qate jazylǵan dybys tırkesin taba aluy, әr түrlı qarıpterdı, түrlı tılderdiñ alfavitterin, sonдай-aq grafikalyq simvoldardy paidalanu, punktuasialyq qatelerdi anyqtau, stildik qatelerdi qarastyru sekildi qosymşa funksialar qosylady dep josparlanuda. Baғdarlamanyñ jümysymen <https://qazaq.almatytıl.kz/text-transformer> siltemesine kırıp, tanysa alasyzdar.

Maqala 2024-2026 jyldarǵa arnalǵan ǵylymi jáne (nemese) ǵylymi-tehnikalıq jobalar boıynsha granttyq qarjylandyru aiasynda jazylady. Zertteudi Qazaqstan Respublikasy Ǵylym jáne joǵary bilim ministrlyǵynyñ Ǵylym komiteti qarjylandyrdy (AR23489392)





Мейрамбекқызы Динара
Филология ғылымдарының магистрі

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН ҚАУІПТЕР

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл адам санасына тән интеллектуалдық қабілеттерді: ойлау, талдау, үйрену, қорытынды шығару және шешім қабылдау секілді үдерістерді компьютерлік жүйелер арқылы жүзеге асыратын технологиялар жиынтығы. Ол адам сияқты ақпаратты өңдеп, үйреніп, жаңа жағдайларға бейімделе алады. ЖИ көмегімен машиналар тек бағдарламаланған әрекеттерді ғана емес, күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай береді. Мысалы, ЖИ мәтін жазады, мәтінді таниды, сұрақтарға жауап береді, сурет салады, музыкалық шығармалар құрастырады және тіпті ғылыми зерттеулерде де қолданылып жүр.

Ол үлкен көлемдегі деректерді түсініп, сұрыптай алады, күрделі мәселелерді шеше алады және түрлі тапсырмаларды бір мезгілде автоматты түрде тез орындай алады. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, адамның назарынан тыс қалып қоятын олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ЖИ – компьютерлік оқыту

жүйелерінің негізі әрі барлық дерлік салада қолданыс тауып үлгерген әмбебап технологияға айналып отыр. Денсаулық сақтау, қаржы, өнеркәсіп және білім беру сияқты маңызды салаларда ол дерекке негізделген шешімдер қабылдауға және үнемі қайталанатын немесе есептеуге қиын тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Мұндай кең ауқымды қолданыс ЖИ-дің қоғамдағы маңызын арттыра түсуде.

Жасанды интеллект ұғымы алғаш рет 1956 жылы америкалық ғалымдар Джон Маккарти, Марвин Минский және олардың әріптестері ұйымдастырған Дартмут конференциясында ресми түрде ғылыми термин ретінде енгізілді. Алғашында ЖИ жүйелері тек қарапайым логикалық тапсырмаларды шешуге бағытталған болса, уақыт өте келе олар күрделене түсті. 1980-жылдары expertтік жүйелер (мамандардың білімін қолдана отырып шешім қабылдайтын жүйелер) дами бастады. Ал ХХІ ғасырда интернеттің, үлкен деректердің (Big Data) және

жоғары есептеу қуатының дамуы ЖИ технологияларын қарқынды түрде алға жылжытты. Бүгінгі таңда ЖИ медицинада диагноз қоюдан бастап, өнеркәсіпте роботтарды басқаруға дейінгі сан алуан салада қолданыс тауып отыр.

Қазіргі замандағы көптеген технологиялар өз мүмкіндіктерін кеңейту үшін жасанды интеллектке сүйенеді. Мысалы, смартфондардағы виртуалды көмекшілер, онлайн сауда платформаларындағы тауар ұсыну жүйелері мен автономды басқарылатын көліктер – барлығы да ЖИ-дің жетістігінің нақты көрінісі. Бұдан бөлек, ЖИ адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында да үлкен рөл атқаруда: ол алаяқтықты анықтау жүйелерін басқарады, қауіпті жұмыстарда қолданылатын роботтарды пилоттайды және медицина мен климат өзгерісі сынды күрделі бағыттарда ғылыми зерттеулерге

жетекшілік етеді.

Білім беру саласында ЖИ-дің рөлі күн сайын артып келеді. Бұл салада ЖИ оқыту процесін оңтайландыруға, мұғалімдердің жүктемесін азайтуға және оқушылардың оқу тәжірибесін арттыруға көмектеседі. Мысалы, интеллектуалды оқу платформалары оқушының білім деңгейін автоматты түрде бағалап, оның қажеттілігіне сай тапсырмалар ұсынады. Тіл үйрету бағдарламалары, математикалық шешімдер, жазу мен мәтіндік тапсырмаларды тексеру жүйелері – бәрі де ЖИ негізінде жұмыс істейді. Сонымен қатар ЖИ арқылы білім беру материалдарын әртүрлі тілге аударуға, сурдотілге бейімдеуге немесе көру қабілеті шектеулі оқушыларға арналған арнайы мазмұн жасауға болады. Бұл инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді.



Мұғалімдер үшін ЖИ-дің басты артықшылықтарының бірі – сабаққа дайындалуға кететін уақытты қысқарту. ЖИ сабақ жоспарларын, презентациялар мен тестілерді автоматты түрде құра алады. Сондай-ақ ол оқушылардың үлгерімін бақылап, статистика мен талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл

мұғалімге қай оқушының қай пәннен артта қалғанын анықтап, жекелей жұмыс істеуге көмектеседі.

Оқушылар үшін ЖИ – өз бетімен оқуға, жеке қарқынмен білім алуға мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар мұғалімнен ұялып сұрай алмайтын сұрақтарын ЖИ-ге қойып, түсінбеген тұстарын бірнеше рет қайталап

түсіндіруді сұрай алады. Бұл өздігінен білім алуға деген ынтаны арттырады. Сонымен қатар геймификацияланған (ойын түрінде ұсынылған) оқу құралдары арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артады.

Алайда ЖИ-ді білім беру процесіне енгізудің кейбір кемшіліктері де бар. Ең алдымен, техникалық құралдардың жетіспеушілігі немесе интернетке қолжетімділіктің болмауы кейбір өңірлерде ЖИ-ді толыққанды қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар оқушылардың технологияға тым тәуелді болып қалу қаупі де бар. ЖИ тапсырмаларды орындап беретіндіктен, оқушы өздігінен ойлау мен шешім қабылдау қабілетін дамытпай қалуы ықтимал. Мұғалім үшін де ЖИ-ге арқа сүйей отырып, шығармашылық ізденістің төмендеуі орын алуы мүмкін.

Жасанды интеллект жүйелеріндегі ақпараттың нақтылығына әрқашан толық сенім арту мүмкін емес. Кей жағдайда қате

деректердің берілуі немесе контекстің бұрмалануы оқушының білімді дұрыс меңгеруіне кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар ЖИ-дің моральдық, құқықтық және этикалық аспектілері де әлі толық реттелмеген. Атап айтқанда, оқушылардың жеке мәліметтерін қорғау және оларды бөгде тұлғалардың пайдалануынан сақтау сияқты мәселелер өзекті күйінде қалып отыр.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқан қуатты құрал. Ол мұғалімдерге – көмекші, оқушыларға – бағыттаушы бола отырып, оқыту мен оқуды мейлінше қолжетімді әрі тиімді ете алады. Бірақ ЖИ-ді толыққанды енгізу үшін оның мүмкіндіктері мен шектеулерін дұрыс түсініп, теңгерімді тәсіл қолдану қажет. Жасанды интеллект – мұғалімді алмастыратын емес, оған серік болатын, уақыт үнемдейтін көмекші құрал екенін ұмытпауымыз керек.





Meirambekqyzy Dinara
Filologia ғылымдарының магистрі

QAZIRGI BILIM BERU JÜIESINDEGI JASANDY INTELEKT: ARTYQŞYLYQTAR MEN QAUPTER

Jasandy intellekt (Jİ) – bұл adam sanasyna tән intelektualdyq qabileterdi: oilau, tal dau, üirenu, qorytyndy şyğaru jäne şeşim qabyldau sekıldı üderisterdi kömpüterlik jüieler arqyly jüzege asyratyn tehnologialar jiyntyğy. Ol adam siaqty aqparatty öñdep, üirenip, jaña jağdailarğa beıımdale alady. Jİ kömegimen maşınalar tek bağdarlamalanğan äreketterdi ğana emes, kürdeli tapsyrmalardy öz betınşe oryndai beredi. Mysaly, Jİ mätın jazady, mätındı tanidy, sūraqtarğa jauap beredi, suret saladı, muzykalyq şyğarmalar qūrastyradı jäne tıptı ğylymi zertteulerde de qoldanylyp jür. Ol ülken kölemdegi derekterdi tüsinip, sūryptai alady, kürdeli мәselelerdi şeşe alady jäne түrlı tapsyrmalardy bır mezgilde avtomatty түrde tez oryndai alady. Bұл – uaqytty ünemdep qana qoimai, adamnyñ nazarynan tys qalyp qoiatyn olqylyqtardy joiuğa мүmkındık beredi.

Bügingi күni Jİ – kömpüterlik oqytu jüieleriniñ negızı äri барlyq derlik salada qoldanys tauyp ülgergen ämbebap tehnologiäğa ainalyp otyr. Densaulıq saqtau,

qarjy, önerkäsıp jäne bilim beru siaqty mañyzdy salalarda ol derekke negızdelgen şeşimder qabyldauğa jäne ünemi qaitalanatyn nemese esep teuge qıyn tapsyrmalardy oryndauğa kömektesedi. Mündai keñ auqymdy qoldanys Jİ-dıñ qoğamdağy mañyzyn arttyra түsude.

Jasandy intellekt üğymy alğаш ret 1956 jyly amerikalyq ğalymdar Jon Makkarti, Marvin Minski jäne olardyñ äriptesteri üiymdastyrğan Dartmut konferensiasynda resmi түrde ğylymi termin retinde engizildi. Alğашыnda Jİ jüieleri tek qarapaiym logikalyq tapsyrmalardy şeşuge bağyttalğan bolsa, uaqyt öte kele olar kürdelene tüsti. 1980-jyldary eksperttik jüieler (mamandardyñ bilim qoldana otyryp şeşim qabyldaityn jüieler) dami bastady. Al XXI ğasyrda internettiñ, ülken derekterdiñ (Big Data) jäne joğary esep teu quatynyñ damuy Jİ tehnologialaryn qarqyndy түrde alğa jyljytty. Bügingi tañda Jİ medisina da diagnoz qoiudan bastap, önerkäsıpte robottardy basqaruğa deiingi san aluan salada qoldanys tauyp otyr.

Qazırgı zamandağy köptegen tehnologialar

өз мүмкіндіктерін кеңейту үшін жасанды интелекте сүйенеді. Мысалы, смартфондардағы virtualdy көмекшілер, онлайн сауда platformalaryндағы тауар ұсыну жүйелері мен автономды басқарылатын көліктер – барлығы да ЖІ-дің жетістігінің нақты көрінісі. Бұдан бөлек, ЖІ адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында да үлкен рөл атқарады: ол алаяқтықты анықтау жүйелерін басқарады, қауіпті жүйестерде қолданылатын роботтарды пилоттады және медицина мен климат өзгерісі сынды күрделі бағыттарда ғылыми зерттеулерге жетекшілік етеді.

Білім беру саласында ЖІ-дің рөлі күн сайын артып келеді. Бұл салада ЖІ оқыту

процесін оңтайландыруға, мұғалімдердің жүктемесін азайтуға және оқушылардың оқу тәжірибесін аттыруға көмектеседі. Мысалы, интеллектуалды оқу platformalary оқушының білім деңгейін автоматты түрде бағалап, оның қажеттілігіне сәйкес тапсырмалар ұсынатын. Тіл үйрету бағдарламалары, математикалық шеңберлер, жазу мен мәтіндік тапсырмаларды тексеру жүйелері – бәрі де ЖІ негізінде жұмыс істейді. Сонымен қатар, ЖІ арқылы білім беру материалдарын әртүрлі тілге аударуға, сурдотілге бейімдеуге немесе көру қабілеті шектеулі оқушыларға арналған арнайы мазмұн жасауға болады.



Бұл инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мұғалімдер үшін ЖІ-дің басты артықшылықтарының бірі – сабаққа дайындалуға кететін уақытты қысқарту. ЖІ сабақ жоспарларын, презентациялар мен тестілерді автоматты түрде құра алады. Сондай-ақ, ол оқушылардың үлгерімін бақылап, статистика мен талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге қай оқушының қай пәннен артта қалғанын анықтап, жеке-жеке жұмыс істеуге көмектеседі.

Оқушылар үшін ЖІ – өз бетімен оқуға, жеке-кейіннен білім алуға мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар мұғалімнен үйілеп сұрай алмайтын сұрақтарын ЖІ-ге қойып, түсінбеген

түсініктерін бірнеше рет қайталап түсіндіруді сұрай алады. Бұл өздігінен білім алуға деген ынтаны арттырады. Сонымен қатар, геймификацияланған (ойын түрінде ұсынылған) оқу құралдары арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артады.

Алайда ЖІ-ді білім беру процесіне енгізудің кейбір кемшіліктері де бар. Ең алдымен, техникалық құралдардың жетіспеушілігі немесе интернетке қолжетімділіктің болмауы кейбір өңірлерде ЖІ-ді толыққанды қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың технологияға тым тәуелді болып қалу қаупі де бар. ЖІ тапсырмаларды орындап беретіндіктен,

оқушы өздiгiнен ойлau мен шешiм қабылдау қабiлетiн дамытпай қалуы yқтiмал. Мұғалым үшiн де ЖI-ге арқа сүйеi отырып, шығармашылық ізденiстiң төмендеуi орын алуы мүмкiн.

Жасанды интелект жүйелерiндегi ақпараттың нақтылығына әрқашан толық сенiм арту мүмкiн емес. Кеi жағдайда қате деректердiң берiлуi немесе контекстiң бұрмалануы оқушының бiлiмдi дүрыс меңгеруiне керi әсер етуi мүмкiн. Сонымен қатар, ЖI-дiң морәлдық, құқықтық және этикалық аспектілерi де әлi толық реттелмеген. Атап айтқанда, оқушылардың жеке мәліметтерiн қорғау және оларды бөгде тұлғалардың пайдалануынан сақтау сияқты

мәселелер өзектi күйiнде қалып отыр.

Қорытындылай келе, жасанды интелект – қазiргi бiлiм беру жүйесiнiң ажырамас бөлігіне айналып келе жатқан қуатты құрал. Ол мұғалымдерге – көмекші, оқушыларға – бағыттаушы бола отырып, оқыту мен оқуды меiлiнше қолжетiмдi әрi тиiмдi ете алады. Бірақ ЖI-дi толыққанды енгiзу үшiн оның мүмкiндiктерi мен шектеулерiн дүрыс түсiнiп, теңгерiмдi тәсiл қолдану қажет. Жасанды интелект – мұғалымдi алмастыратын емес, оған серiк болатын, уақыт үнемдеiтiн көмекші құрал екенiн ұмытпауымыз керек.





Мұхтархан Оразбай – тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик. Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының Түркиядағы белсенді мүшесі.

1980-1985-жылдары Қытай Халық Республикасының Пекин Университеті Шетел тілдері институтында Түрік тілі мамандығын бітірген. 1986 жылы Түркияның Селжүк Университетінде, 1989–1991 жылдары Анкара университетінде түрік тіл мамандығын тәмамдаған. Түркі әлемі бойынша ғылыми зерттеулермен айналысып, Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, діні, тілі бойынша 20-дан астам ғылыми еңбектің, бірнеше монографияның авторы.

Көп болды жыр жазбадым (толғау)

Көп болды жыр жазбадым,сағындың ба?
Арпалыстар,салды өмірдің ағынына.
Шағын шар,көк мұхиттар кешкен сапар,
Қол жетпей құлаш ұрдым сағымына.

Көп болды жыр жазбадым,аңғардың ба?
Неге көндік қу тағдырдың салғанына?
Аңсаған алыс шыңдар жақындады,
Қол бұлғап кетіп барам жалғанында.

Көп болды жыр жазбадым,ұға алдың ба?
Жүре алмадым,мен өмірдің шуағында.
Санасыз надан торлаған тозық дәуір,
Сұмдар күліп,сұрқиялар қуандыма?

Көп болды жыр жазбадым,таң қалдың ба?
Қақалдық па бұл заманның шаңдарында?
Өңешсіз бітеу жұтқан жемқор өрді,
Жем болдық қисық күннің аңдарына.

Көп болды жыр жазбадым, түсіндің бе?
Бұл да бір қыңыр шақтың үсігі ме?
Қаламым қан құсып тұр, ішімде өрт,
Құл болдық орыстардың күшігіне.

Көп болды жыр жазбадым, алаңдадың,
Пида еді ұлт рухына қалған жаным.
Замана күзендері шәңкілдеп тұр,
Ұлт жүгіне дайын тұр талған белім.

Көп болды жыр жазбадым, өкіндің бе?
Кеткендей жаман қатын төркініне.
Алаштың ақ жалауы кеудемде тұр,
Сатқын тыңшы мінбеден көккіді ме?

Көп болды жыр жазбадым, ойға қалдың,
Қайдағы мылжыңдармен тойға бардың.
Ұйықтап жатқан ұлы Алаш оянбады-ау,
Қашан көрем сатқынның ойрандарын?

Көп болды жыр жазбадым, оқымадың,
Сендер ғана, өртті ойыма жақын едің.
Алаштың атпай қалған таңын аңсап,
Тағы да мұхит болып толқындадым.

Көп болды жыр жазбадым, мұны түсін,
Көрсетіп тұр қорқаулар қанды күшін.
Билік шіріп, ел азды, сатқын төрде,
Көрсетер ме қара қауым соңғы күшін?

Көп болды жыр жазбадым, ұқшы ерім,
Жемқор жосып, жат таптап тозды жерім.
Алаш туы жығылды, қорқақтар көп,
Кең даламда сумаңдап өрді өлім.

Көп болды жыр жазбадым, тоңды жаның,
Алдап отыр қу билік, жасады бар амалын.
Асығындай үйіріп алып, сатып алдады,
Жоқшылықтың сарнаттың соңғы зарын.

Көп болды жыр жазбадым, мұңға баттың,
Елдік ырыс қор болып құмға ақтың.
Түпсіз көлдей оппалар жаудай тиді,
Қолында қор болдық қой сұғанақтың.

Көп болды жыр жазбадым, күтіп жүрсін,
Жырым бал, адал сөлін жұтып көрсін.
Қарғысым қанжар болып төнсін сұмға,
Сатқындар қанды ірің жұтып өлсін!

Көп болды жыр жазбадым, түсін жаным,
Кезбе өмір, қу тірлікпен осындамын.
Алаштың таңы атқанда, мен келермін,
Мұхитқа арна болып қосылғанмын.

Көп болды жыр жазбадым, өзің кешір,
От ойнап, кеуде толқыр, көзімде мір.
Алаштың алтын таңын ұрпақ құшсын,
Салмасын енді құдай төзімге сыр!

Көп болды жыр жазбадым, кешір мені,
“Қаңтар қырғын” қайталап келмес енді.
Жанға батар сатқындардың есіргені,
Батырмасын егемендіктей алтын кемеңі...

Отаныма айтарым

Отан! Отан!
Сенімен шыққан тілім,
Қасиетіңмен көкейге жұққан білім.
Ақын туды, ғасырлық ой суарған,
Ұсынып тұр өзіңе жырдан гүлін.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Құшағыңда ән шырқап, көгінде ұштым,
Бал тердім, ащтыңды да жұтып өстім.
Аққан қанын жүректің саған төгіп,
Сарқып кетсем Отаным, өкінбеспін
Жұлып алып жүдлғынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Жырларым төсінде өсіп, тауға қонсын,
Өлеңіме шабыт құшқан ауыл толсын.
Соңғы тамшы қаным қалар топырағыңда,
Шыбын жан, Отан саған сауға болсын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Жақсы күндер көбейіп, өшкен жансын,
Асқақ әнің шарықтап көкте жансын.
Терімнің тамшысынан гүлің өнсе,
Рухым түлеп, Отан сенде шешек атсын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Кең далаң, тауларыңда әнім қалсын,
Ордаңда мәңгі лапыл отың жансын.
Ойымның заңғарынан ұшқан құсым,
Қонақтап құшағыңда дамылдасын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Күлімдеп шығысыңнан күнің атсын,
Ұрпағың бал өмірдің дәмін татсын.
Жырымның бұлағынан өзен тулап,
Отаным өз арнаңда ағып жатсын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Жау төнсе, қырғын шептен табылайын,
Мен өлсем, топырағыңды жамылайын.
Кеткен кек, аталы өштік азабымен,
Жауымның жағасынан табылайын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Шырқып кетіп, жау бұзбасын ел іргесін,
Ұл, қызың жат есікте телмірмесін.
Жан сырым туларыңда өрнектеліп,
Отаным асқарыңда желбіресін.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Сен үшін дауыл кешер төзім тусын,
Басатын бауырыңа қозың тұрсын.
Толғаныс, түйіндерім талқы тауып,
Ортаңда өз кеңесін өзі құрсын.
Жұлып алып жұлқынған жүрегімді,
Отан, саған ұсынсам разымын.

Сенерім, қазағым

Құрыштан құйылар,
Наркескен қылыштар.
Бір батыр ту алар,
Жиналшы туыстар!

Дүлдүлдер жарысса,
Жақын ба алыстар?
Бір биік табылса,
Ер бар ма ту ұстар?

Ар тозса, жан шығар,
Еркектік оянар.
Намыстан тамшылар,
Қызыл қан бояу бар.

Нар қазақ ашулан,
Нарқыңды тоздырды.
Құралдың асылдан,
Теңсіздік қор қылды.

Қалмашы тапталып,
Өткірдің жүзі едің.
Жатпасын қатталып,
Күркіреп түзелгін.

Жалынды от едің,
Дауылдан сілкінші.
Бұл сенің отаның,
Намыспен сілтенші.

Қан ойнап тамырда,
Күркіре дауыстап.
Ұраның жаңғырса,
Ереді ұл ту ұстап.

Сенерім, қазағым,
Өрт алмас орманым.
Ерлікті жазатын,
Ұлы елім қорғаным



Mұhtarhan Orazbai – tarih ғылымдарының докторы, професор, академик. Halyqaralyq “Qazaq tılı” qoғamynyñ Türkiadaғы belsendi мүшесi.

1980-1985-jyldary Qytai Halyq Respublikasynyñ Pekin universiteti Şetel tilderi Institutynda Türk tılı mamandyғыn bitirgen. 1986 jyly Türkianyñ Seljük Universitetinde, 1989–1991 jyldary Ankara universitetinde türk tıl mamandyғыn tāmamdaған. Türkı älemi boynşa ғылыми zertteulermen ainalysyp, Türkı halyqtarynyñ tarihy men мәdenieti, dını, tılı boynşa 20-dan astam ғылыми еңбектің, birneşe monografiyanıñ avtory.

Köp boldy jyr jazbadym (tolǵau)

Köp boldy jyr jazbadym,saǵyndyñ ba?
Arpalystar,saldy ömirdiñ aǵynyna.
Şaǵyn şar,kök mūhittar keşken sapar,
Qol jetpei qūlaş ūrdym saǵymyna.

Köp boldy jyr jazbadym,añǵardyñ ba?
Nege köndik qu taǵdyrdyñ salǵanyna?
Añsaǵan alys şyñdar jaqyndady,
Qol bұлǵap ketip baram jalǵanynda.

Köp boldy jyr jazbadym,ūǵa aldyñ ba?
Jüre almadym,men ömirdiñ şuaǵynda.
Sanasyz nadan torlaǵan tozyq дәuir,
Sūmdar külip,sūrqialar quandyma?

Köp boldy jyr jazbadym,tañ qaldyñ ba?
Qaqaldyq pa bұл zamannyñ şañdarynda?
Öñeşsiz biteu jūtqan jemqor ördi,
Jem boldyq qisyq künniñ ańdaryna.

Köp boldy jyr jazbadym,tüsındıñ be?
Bül da bır qyñyr şaqtyñ üsıgı me?
Qalamym qan qūsyp tūr,ıśımde ört,
Qül boldyq orystardyñ küşıgıne.

Köp boldy jyr jazbadym,alañdadyñ,
Pida edı ūlt ruhyna qalğan janym.
Zamana küzenderı şāñkıldep tūr,
Ūlt jügıne daiyn tūr talğan belım.

Köp boldy jyr jazbadym,ökındıñ be?
Ketskendei jaman qatyn törkınıne.
Alaştyñ aq jalauy keudemde tūr,
Satqyn tyñşy mınbeden kökkıdı me?

Köp boldy jyr jazbadym,oiğa qaldyñ,
Qaidağy myljyñdarmen toiğa bardyñ.
Ūiyqtap jatqan ūly Alaş oianbady-au,
Qaşan körem satqynnyñ oirandaryn?

Köp boldy jyr jazbadym,oqymadyñ,
Sender ğana,örttı oiyma jaqyn ediñ.
Alaştyñ atpai qalğan tañyn añsap,
Tağy da mūhit bolyp tolqyndadym.

Köp boldy jyr jazbadym,mūny tūsın,
Körsetıp tūr qorqaular qandy küşın.
Bilik şırıp,el azdy,satqyn törde,
Körseter me qara qauym soñğy küşın?

Köp boldy jyr jazbadym,ūqşy erım,
Jemqor josyp,jat taptap tozdy jerım.
Alaş tuy jyğyldy,qorqaqtar köp,
Keñ dalamda sumañdap ördı ölım.

Köp boldy jyr jazbadym,toñdy janyñ,
Aldap otyr qu bilik,jasady bar amalyn.
Asyğyndai ūıırıp alyp,satyp aldady,
Joqşylyqtyñ sarnattyñ soñğy zaryn.

Köp boldy jyr jazbadym,mūñğa battyñ,
Eldik yrys qor bolyp qūmğa aqtyñ.
Tüpsız köldei oppalar jaudai tidı,
Qolynda qor boldyq qoi sūğanaqtyñ.

Köp boldy jyr jazbadym,kütıp jürsін,
Jyrym bal,adal sölin jütүp көrsін.
Qarğysym qanjar bolyp tönsін sümға,
Satqyndar qandy ırın jütүp ölsін!

Köp boldy jyr jazbadym,tüsін janym,
Kezbe ömır,qu tırlıkpen osyndamyn.
Alaştyn tañy atqanda,men kelermın,
Mühitqa arna bolyp qosylғанmym.

Köp boldy jyr jazbadym,өзің keşір,
Ot oınap,keude tolqыр,közімde mır.
Alaştyn altyn tañyn ұрпаq qұssyn,
Salmasyn endі qūdai töзімge syr!

Köp boldy jyr jazbadym,keşір мені,
“Qañtar qырғын” qaitalap kelmes endі.
Janға batar satqyndardyñ esirgenі,
Batyrmasyn egemendіktei altyn kemenі...

Otanyma aitarым

Otan! Otan!
Senimen şyqqan tılım,
Qasietіñmen kökeige jūqqan bılım.
Aqyn tudy, ğasyrlyq oi suarған,
Ūsynyp tūr öзіñe jyrdan gülін.
Jūlyp alyp jūlqynған jüregімді,
Otan, saған ūsynsam razymyn.

Qұsağynda än şырқap, köginde ūştym,
Bal terdім, aştıqty da jütүp östім.
Aqqan qanyn jürektіñ saған tögıp,
Sarqyp ketsem Otanym, ökınbespін
Jūlyp alyp jūlqynған jüregімді,
Otan, saған ūsynsam razymyn.

Jyrlarym töсіңde ösıp, tauға qonsyn,
Öleñime şabyt qūşqan auyl tolsyn.
Soñğy tamşy qanym qalar topyrağynda,
Şybyn jan, Otan saған sauға bolsyn.
Jūlyp alyp jūlqynған jüregімді,
Otan, saған ūsynsam razymyn.

Jaqsy künder köbeip, öşken jansyn,
Asqaq äniñ şaryqtap kökte jansyn.
Terimniñ tamşysynan gülın össe,
Ruhym tülep, Otan sende şeşek atsyn.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Keñ dalan, taularyñda änim qalsyn,
Ordanda mäñgi lapyl otyñ jansyn.
Oiymnyñ zañğarynan ūşqan qūsym,
Qonaqtap qūşağynda damyldasyn.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Külimdep şyğysyñnan küniñ atsyn,
Ūrpağyñ bal ömirdiñ dämın tatsyn.
Jyrymnyñ būlağynan özen tulap,
Otanyñ öz arnañda ağıp jatsyn.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Jau tönse, qyrğyn şetten tabylaiyn,
Men ölsem, topyrağyñdy jamlaiyn.
Ketken kek, ataly öştik azabym,
Jauymnyñ jağasynan tabylaiyn.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Şyrqyp ketip, jau būzbasyn el irgesin,
Ūl, qyzyñ jat esikte telmirmesin.
Jan syrym tularyñda örnektelip,
Otanyñ asqaryñda jelbiresin.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Sen ūşın dauyl keşer tözım tusyn,
Basatyn bauyryña qozyñ tūrsyn.
Tolğanys, tüiinderim talqy tauyp,
Ortañda öz keñesin özi qūrsyn.
Jūlyp alyp jūlqynğan jüregimdi,
Otan, sağan ūsymsam razymyn.

Senerim, qazağym

Qūrystan qūiylar,
Narkesken qylystar.
Bır batyr tu alar,
Jinalyñşy tuystar!

Düldülder jaryssa,
Jaqyn ba alystar?
Bır biik tabylsa,
Er bar ma tu ūstar?

Ar tozsa, jan şyğar,
Erkektık oianar.
Namystan tamşylar,
Qyzyl qan boiau bar.

Nar qazaq aşulan,
Narqyñdy tozdyrды.
Qūraldyñ asyldan,
Teñsizdik qor qyldy.

Qalmasyn taptalyp,
Ötkirdiñ jüzі ediñ.
Jatpasyn qattalyp,
Kürkirep түzelgін.

Jalyndy ot ediñ,
Dauyldan silkinşı.
Bül seniñ otanyñ,
Namyspen sıltenşı.

Qan oinap tamyрda,
Kürkire dauystap.
Ūranyñ jañğyrsa,
Eredі ūl tu ūstap.

Senerim, qazağym,
Ört almas ormanym.
Erlikti jazatyn,
Ūly elim qorğanym



Құрманбек Қасымқанұлы – еліміздің діни-ағартушылық саласына өзіндік үлесін қосып келе жатқан исламтанушы, дінтанушы, араб, парсы, түркі тілдерінің маманы, тарихи қолжазба зерттеушісі. Ол 1984 жылы ҚХР Шыңжаң өлкесі, Санжы облысы, Манас ауданында дүниеге келді. Қазіргі таңда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қайназар ауылында тұрады.

Судан Республикасының халықаралық университеттері мен Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде білім алып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде PhD докторантурада оқыды. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының мешіттерінде бас имам қызметін атқарып, қоғамда қайырымдылық және діни-ағартушылық жұмыстарымен айналысып келеді.

Құрманбек Қасымқанұлы – бірнеше ғылыми еңбектер мен діни-танымдық кітаптардың авторы. Оның шығармашылығы Жаратушыны тану, имандылық, адамгершілік пен ізгілік сынды тақырыптарды арқау етеді. Сонымен қатар, махаббат, туған жер, өмір мәні жайлы өлеңдері арқылы оқырманмен сырласуға ұмтылады.

Дін мен ғылымды, дәстүр мен құндылықтарды үндестіре білген қаламгердің еңбектері ел руханиятын нығайтуға қызмет етеді.

ДІНІМ МЕН ДӘСТҮР

Дінім дәстүр, дәстүрім дін талассыз,
Дін-дәстүрден ақиқатты табарсыз.
Дәстүрімді тәрік қылар шалалар,
Дәстүрлі дін қасиетінен хабарсыз.

Неге сонша салт-дәстүрім өміршең.
Деп ойланып тарихына көз тіксем,
Астарында жатыр екен Хақ дінім,
Бастау алған адам ата кезінен.

Бастау алып адам ата кезінен,
Өткен талай сынақтардың тезінен.
Дәстүрім дін, Дінім дәстүр - қос ұғым,
Ата-баба аманаты сезінем..

Салтым сүннет пайғамбарым сөздері,
Ғұрпым Құран қағидаттың көздері.
“Жаман болад”, “обал-сауап” білгенге,
Исламдағы шарифаттың іздері.

Мақал-мәтел діннің терең тамыры,
Пайғамбардай ізгілерге тән үлгі.
Қырық үйден қызын тыйған салт-дәстүр,
Кімде бар еді баба жолы кәдімгі.

Менің бабам Адам Ата-Хауа Ана,
Нұқ Пайғамбар, Яфас, Түрік - ер дана...
Асылдардың арқауымыз үзілмес,
Осылай деп үйрет қазақ балаңа.

Қазақ болып сол түріктен жеткенбіз,
Хақ құлымыз - Тәңір деумен өскенбіз.
Асыл заттар - Хан, Патшалар тараған,
Хақтың заңын дәстүр еткен текті елміз.

Оғұз баба,
Мұғыл хан мен Қарахан,
Шәкәрімше сол ерлерді таратам.
Аттила боп атқа қонған баһадүр,
Біле білсең барлығы да Жан Атам.

Соның бәрі басын иіп дәстүрге,
Елге, жерге еңбек еткен жас күнде.
Достарына күн шуақтай төгіліп
Хақ жауына қатал болған қас мүлде.

Егіз ұғым шариғатпен үндес тым,
Сірә жоққа шығара алмас мұны ешкім,
Ата-баба дәстүріне бас иіп,
Жалғыз Хаққа жалбарындым, тілдестім.

Ұлылардан даңғыл болып қалған жол,
Сахабалар сара қылып салған жол.
Есімханнан ескі болып қалған жол,
Қасымханнан қасқа болып қалған жол.

Олар бәлкім бал жалады, у ішті,
Доспен тату, жаумен қату ұрысты.
Бір дәстүрмен, бір сеніммен қауышқан,
Бөле алмаймыз Араб-Түрік туысты.

Әл-Фараби, Әл-Бұхари, Бейбарыс,
Алтын көпір жалғап тұрды елді алыс.
Асыл дінің - Алла берген арқаның,
Дәстүр деген - балалардан қалған іс.

Ескірмейтін егіз ұғым жадында
Қайнайды олар қасиет боп қаныңда.
Илана біл Илаһи сөз айтқанға,
Ойланда біл оралыңның барында.

Сол үшінде дәстүр-салт құрметің бар,
Ұрпақтар құрметтейтін міндетің бар.
Өйткені әр ғұрпымда Құран-Хадис,
Ал, салтымда Пайғамбар сүннеті бар.

ТУҒАН ЖЕР, МАҒАН ҚЫМБАТСЫҢ!

Тарих тұнған сан ғасыр,
Таңбалы тастар шертіп сыр.
Төбеңде бұлттар көшкенмен,
Топырағыңда қанша мұң жатыр?

Аруақты бейіт, асқар тау,
Бабамның рухын аңсат-ау.
Құмында қалған кіндігім,
Жібермейді мені алшақтау.

Туған жер, маған қымбатсың,
Жұмағым, жайлы шын бақсың.
Жусанның иісін жұпардай,
Таппаспын елден, бұл – нақ шын.

Қиырда қалған кең далам,
Құшағың ыстық, кең маған.
Жырақта жүріп ұқтым мен,
Жаным жалғасын бір саған.

Құба бел, ерен тауым-ай,
Туғанжер, тұғырлы елім-ай.
Төсінде өскен боз балаң,
Жырақта жүр, жаны таппай жай.

Жайлауда, көктеу, күзеуде,
Қыстауда шығып құз-белге.
Тәңіртаудан ұшқан арманым,
Өзіңнен тұғыр іздеуде.

Қарт баба сөзі – қазынам,
Таңбалы тасқа жазылған.
Кіндігімнен байлап алған соң,
Туған жерім деп шарқ ұрам.

Туған жер, маған қымбатсың,
Сол үшін жүрмін аңсап тым.
Өзіңді ғана ойлаумен,
Сағынады жүрек ән сап шын.

ЖАН МЕН ТӘН

Жан мен тән жаратылған бір Алладан
Жан – рух, тән топырақ құралды адам.
Топырақ қасиеті көпке көнгіш
Тәнге ерсең сау қалмайсың көп күнәдан.

Өйткені тән ауызы нәпсі болған,

Жан ауызы ізгілік жақсы болған.
Тәніңіз талғамы жоқ жер секілді,
Қойнына кіре берер жақсы-жаман.
Нәпсіге жеңілмейді асыл адам,
Рухына көңіл бөліп асыраған.
Оған куә Алланың елшілері
Үлгі болған ғаламға ғасырлардан.

ЖАРТЫ АДАМ

Жарты адам – жарым жан, толыспаған,
Өмірде құдайсыздық жол ұстанған.
Шырмауында жарты ойдың дүние қуып,
Қадам баспай, Хақ жолдан алыс қалған.

Жарты адам Елшімен таныспаған,
Құран-сүннет дәстүрден қалыс қалған.
Дін білмеген дым білмей тамыр тартпай,
Құдаймен алтын рух табыспаған.

Ақиқаттан алыстап, жалғанға ерген,
Бейбақ жүрек дүниені арман көрген.
Ар-иманнан ажырап, Хақтан безіп,
Өзәзіл пасыққа еріп аттай желген.

Толық адам – тән менен жаннан болған,
Сезім, сана жүрегін нұрға малған.
Жарты адам – нәпсіменен тәнін бағып,
Өмірінде өткінші жол таңдап алған.

Жарты адам – рухынан айырылған жан,
Тіршілікте иманнан таппай қорған.
Мал баққан, мансап қуған, атақ іздеп,
Сонымен көңілі тоқ, өзіне таң.



ТӘҢІРТАУҒА САҒЫНЫШ

Ой-санам орағытып ұлы тауға,
Тұлпардай аласұрып ширығады.
Туған жер, топырағынан алыстауға,
О, Тәңір-әй, айтшы өзің, кім кінәлі?!

Тәңіртау, Ерентауым, ерен шоқы,
Ерлікке бағалаушы ем құздарыңды.
Құлпырған гүл бәйшешек бауырың тоты,
Бейішке балаушы едім гүлзарыңды.

Тәңіртау, мақтанушы ем биігіңмен,
Айбарлы асқар шыңын үлгі тұтып.
Зәмзәмдай бал бұлағың шырын кілең,
Ашатын жан сарайын ішсең жұтып.



Юсуф Пилтан 1968 жылы 25 мамырда Иранның Горгон қаласында дүниеге келді. Әкесі Маңғыстау өлкесі Бейнеу қаласының төңірегінен 1932 жылы ашаршылық заманында Иранға бас сауғалап көшуге мәжбүр болды.

7 жасында Иранның бастауыш мектебіне аяқ басып, 12 жылдық орта мектепті Иран әдебиеті саласында тамамдады.

1990 жылы Қазақстанға келіп Дүние жүзі қазақтар қауымдастығының арқасында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне журналистика факультетінің халықаралық қатынастар бөліміне түсіп, оны 1966 жылы бітірді. 1906 жылдан бастап Иран елшілігінде аудармашы болып қызмет атқарды. Онда 7 жыл қызмет етіп, Иранның Алматыдағы мәдени орталығында кітапханашы болып жұмыс істеді.

Айна

Айна
Айнадағы бұл өзім,
Көзім бе, әлде сөзім.
Елеймін келбетіңді,
Туылды әсем жүзің.
Сол айна – бір сурет,
Өзіңді де жөндет.
Айна сындыру кәсібің,
Айна сындырма,
Өзіңді сындыру міндет.

Жапырақ

Мен бір жапырақ,
Оралып болдым бір уыс топырақ.
Жапырақтар өссін,
Қайталмаймын бұл жерге бірақ.
Әрбір дәптер – бір жапырақ
Өспі Қазақ,
Өспі жапырақ.

Көйлек

Сенің көзінде жүрегім туылды,
Өзгенің құшағында дауысым буынды.
Көлеңкем сарғайды сенен алшақтап,
Жас бұлағымның ауласы кеңейді.
Терезе қолы, аяғы байлаулы,
Көзім кірпіктің артында қамаулы.
Барлық айналар мұң қайғылы бүгін,
Жүрек түрлі бояулардан тоңулы.
Сен қай өлеңненсің, қай тайпадан,
Бір аспан менен алшақтаған.
Жоқтаймын еске алып сол кездерді,
Бірақ аспан киді көлеңкенің көйлегін.

Терезе

Терезенің көзі көшеде,
Ойым соған көшеді.
Қорғайсың сол көзді,
Сағынышым артып өседі.
Әрбір терезе – бір есік,
Кейде ашық, кейде жабық.
Көшсемде ол көшеден,
Көзім сол көшеде.
Теңізші жүрек батты мұң қайғыға,
Елдің қамы қатты батты жаныма.
Кеме батып жатыр ғой бұл теңізге,
Жүрек тиіп соғады ой жағаға.
Толқындап жүрек жатады ойға,
Ой барады судың астындағы жанға.
Мен бүгін көлсізбін көліңсіз,
Кеменің жандары батады суға.
Жанымды аман сақтап барайын жаныңа,
Кеме жоқ не айтайын ел-жаранға.
Әрбір адам теңізші ғой әлемде,
Теңіз толқындап маза жоқ ойға.
Мен қалдым мұңмен осы арада,
Сынды ғой кеме алыс шөл далада.

Керуен 21.08.2007

Керуен кетіп барады,
Жай жүрші...
Жаным бұл тәнімнен,
Көшіп барады.
Ауылын тастап,
Өзге жерге барады.
Жай жүрші керуен,
Жаным денемнен қауышып барады...
Күйші, шертші соңғы күйінді,
Күйіп, жаным, қонаққа барады.
Бұл жаным неге,
Денемнен қашып барады?
Қонақ пен қонақ үйдей,

Неге бір-бірінен қоштасып барады?
Бүгін бұл керуеннен неліктен,
Біреулер адасып барады?
Жай жүрші,
Жаным керуеннен артта қалып барады...
Неге жан денеден шығып барады?
Құдайым, өзің бір жолын тапшы,
Жаным денемнен азып барады...
Мен шошып барамын,
Жалғыз жолда,
Қалай керуенге жетіп барамын?





İusuf Piltan 1968 jyly 25 мамыrda İrannyň Gorgan qalasynda düniece keldi. Äkesi Maňgystau ölkesi Beineu qalasyňyň töňireginen 1932 jyly aşarşylyq zamanynda İraňa bas sauğalap keşuge мәjbür boldy.

7 jasynda İrannyň bastauyş mektebine aiaq basyp, 12 jyldyq orta mektepti İran ädebietі salasynda tamamdady.

1990 jyly Qazaqstanğa kelip Dünice жүзі qazaqtar qauymdastyğynyň arqasynda әl-Farabi atyndaғы Qazaq Ūlttyq universitetine jurnalistika fakültetiniň halyqaralyq qatynastar bölimіne түsip, ony 1996 jyly bitirdi. 1996 jyldan bastap İran elşiliginde audarmaşy bolyp qyzmet atqardy. Onda 7 jyl qyzmet etip İrannyň Almatydaғы мәdeni ortalyğynda kitaphanaşy bolyp jūmys istedi.

Aina

Aina
Ainadaғы bұл özım,
Közım be, әlde sözım.
Eleimın kelbetiñdı,
Tuyldy äsem jüzıñ.
Sol aina – bır suret,
Öziñdı de jöndet.
Aina syndyru käsıbıñ,
Aina syndyrma,
Öziñdı syndyru mındet.

Japyraq

Men bır japyraq,
Oralyp boldym bır uys topyraq.
Japyraqtar össın,
Qaitalmaimyn bұл jerge bıraq.
Ärbır дәpter – bır japyraq
Össı Qazaq,
Össı japyraq.

Köilek

Seniñ köziñde jüregım tuyldy,
Özgeniñ qūşaғында dauysym buyndy.
Köleñkem sargaidy senen alshaqtaп,
Jas būlağymnyñ aulasy keñeidı.
Tereze qoly, aiaғы bailauly,
Közım kırpıktıñ artyнда qamauly.
Barlyq ainalar mūñ qaiғыly бүгın,
Jürek түrlı boiaulardan toңyuly.
Sen qai öleñnensiñ, qai taipadan,
Bır aspan menen alshaqtaған.
Joqtaimyn eske alyp sol kezderdı,
Bıraq aspan kидı köleñkeniñ köileгін.

Tereze

Terezeniñ köзі köşede,
Oiym soған köşedı.
Qorğaisyñ sol közdı,
Sağynyşym artyp ösedı.
Ärbır tereze – bır esık,
Keide aşyq, keide jabyq.
Kössemde ol köşeden,
Közım sol köşede.

Teñizşı

Teñizşı jürek batty mūñ qaiğyğa,
 Eldiñ qamy qatty batty janyma.
 Keme batyp jatyr ğoi bül teñizge,
 Jürek tiip soğady oi jağağa.
 Tolqyndap jürek jatady oiğa,
 Oi barady sudyñ astyndağy janğa.
 Men bügin kölsızbın köliñsiz,
 Kemeniñ jandary batady suğa.
 Janymdy aman saqtap baraiyn janyña,
 Keme joq ne aitariyn el-jaraңa.
 Ärbir adam teñizşı ğoi älemde,
 Teñiz tolqyndap maza joq oiğa.
 Men qaldym mūñmen osy arada,
 Syndy ğoi keme alys şöl dalada.

Keruen 21.08.2007

Keruen ketip barady,
 Jai жүрші...
 Janym bül tänimnen,
 Köшип barady.
 Auylyn tastap,
 Özge jerge barady.
 Jai жүрші keruen,
 Janym denemnen qauysyp barady...
 Küişi, şertşi soңğy küiñdi,
 Küiip, janym, qonaqqa barady.
 Bül janym nege,
 Denemnen qaşyp barady?
 Qonaq pen qonaq üidei,
 Nege bir-birinen qoştasyp barady?
 Bügin bül keruennen nelikten,
 Bireuler adasyp barady?
 Jai жүрші,
 Janym keruennen artta qalyp barady...
 Nege jan deneden şyğyp barady?
 Qūdaiym, öziñ bir jolyn tapşy,
 Janym denemnen azyp barady...
 Men şoşyp baramyn,
 Jalğyz jolda,
 Qalai keruenge jetip baramyn?

ТУҒАН ТІЛ

Bilim Innovations Group компьютер бөлімінде теріліп, беттелді

КОРРЕКТОРЫ:

Аида Мұхаметқали

Динара Мейрамбекқызы

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

Диана Тұрсынбек

Теруге жіберілген күні 1.08.2025

Басуға қойылған күн 15.09.2025

Шартты баспа табағы

Пішімі 60x90 1/8

Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

«Bilim Innovations Group» ЖШС
Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 36